

М.С. ЖОЛШАЕВА

**ҚАЗАҚ ТІЛІ:
ФУНКЦИОНАЛДЫ
ГРАММАТИКА**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЬ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ

Жолшаева Майра Сатыбалдықызы

ҚАЗАҚ ТІЛІ: ФУНКЦИОНАЛДЫ ГРАММАТИКА

Оқу құралы

*(5B011700 - қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы
студенттеріне арналған)*

Алматы, 2016

ӘОЖ 811.512.122 (075.8)

КБЖ 81.2 Қаз - 923

Ж69

*Оқу құралы баспаға Абай атындағы ҚазҰПУ
жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру РОӘК-тің
«Білім» тобы мамандықтары бойынша оқу-әдістемелік бірлестігі
(Хаттама №2, 20 мамыр 2016 жыл) және Сулейман Демирель атындағы
университеттің Ғылыми кеңесімен ұсынылған
(Хаттама № 8 , 31 наурыз 2016 ж.).*

Пікір жазғандар:

Ахметжанова З.К. – филология ғылымдарының докторы, профессор;
Рысалды Қ.Т. – филология ғылымдарының докторы, профессор;
Жаңабекова А.Ә. – филология ғылымдарының докторы.

Жолшаева М.С.

Ж 69 Қазақ тілі: функционалды грамматика Оқу құралы. / М.С. Жолшаева. – Алматы:
«Print Word» баспасы, 2016. – 137 бет.

ISBN 978-601-7537-12-8

Оқу құралында функционалды грамматиканың грамматиканың зерттеу нысаны, әдіс-тәсілдері және негізгі ұғымдарына түсінік беріліп, қажет тұсында дәстүрлі грамматикамен салыстырыла қарастырылған. Жекелеген семантикалық категориялардың сипаттамасы жасалған. Еңбек студенттерге арналған.

ӘОЖ 811.512.122 (075.8)

КБЖ 81.2 Қаз - 923

ISBN 978-601-7537-12-8

©Жолшаева М.С., 2016

Мазмұны

Алғы сөз	4
Кіріспе	6
1 Грамматика теориясы мен грамматиканың жалпы мәселелері	
1.1 Грамматика теориясы және грамматика түрлері	8
1.2 Грамматиканы зерттеудің негізгі ұстанымдары	14
1.3 Функционалды грамматиканың ғылыми сипаттамасы.....	20
1.4 Лингвистикадағы өріс теориясы және өрістің түрлері.....	26
2 Функционалды грамматиканың негізгі ұғымдары	
2.1 Қазақ тіл білімінде функционалды грамматиканың зерттелуі.....	33
2.2 Лингвистикадағы функция ұғымы.....	40
2.3 Ұғымдық категория – функционалды грамматика нысаны.....	47
2.4 Категориялық жағдаят ұғымы.....	55
2.5 ФСӨ-нің құрылымы, белгілері және топтамасы	61
2 Функционалды-семантикалық категориялар сипаттамасы	
3.1 Предикативтілік негіздегі ФСӨ-лердің сипаттамасы.....	70
3.2 Сандық-сапалық негіздегі ФСӨ-лердің сипаттамасы	77
3.3 Сын-сапа – функционалды-семантикалық категория.....	84
4 Аспектуалдық – семантикалық категория	
4.1 Аспектуалдық категориясының жалпы мәселелері.....	90
4.2 Аспектуалды семантика және аспектуалдық категориясы.....	100
4.3 Аспектуалдықтың функционалды-семантикалық өрісі	106
Семинар сабақтарының тапсырмалары	116
Қажетті әдебиеттер тізімі	122
Тест тапсырмалары	126
Глоссарий	132

АЛҒЫ СӨЗ

Ғылымда үнемі даму, жетілу, тың пайымдаулармен толығу үдерісі үздіксіз жүріп отырады. Тіпті бұрынғы зерттеу нысандары, қалыптасқан қағидалар мен тұжырымдар уақыт өте қайта назарға алынып, жаңа пайымдаулармен толығады, алмастырылады. Бұл үдерістен тіл ғылымы да сырт қалмайды. Тілтанымдағы зерттеудің жаңа қырлары құрылымдық грамматиканы тірек етеді және соның негізінде соны бағыттар сараланып, қалыптасады. Бүгінгі лингвистика тілдің функционалды жағын зерттеуге басымдық береді. Өйткені тілдік бірліктердің семантикалық қырлары олардың қолданысынан көрінеді. Бұл құрылымдық-семантикалық аспектінің ары қарай тіл функциясын зерттеуге барып ұласатындығын көрсетеді.

Қазақ тіл білімінде функционалды грамматика мақсатты түрде өткен ғасырдың соңғы жылдары зерттеле бастағанмен, осы грамматиканың шеңберінде қарастырылатын мәселелер ХХ ғасырдың басында-ақ айтыла бастаған болатын. Оған А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектерінде кездесетін грамматикалық тұлғалардың семантикасы, қызметі туралы айтылған ғылыми пайымдаулар дәлел бола алады. Сонымен қатар, өткен ғасырдың соңынан бастап қазақ тілтанымында грамматика функционалды аспектіден мақсатты түрде қарастырылып, бірнеше ғылыми монографиялар жарық көрді. Оқу құралында қазақ тілтанымындағы функционалды грамматиканың зерттелу жайына арнайы орын берілді.

Қазақ тілінің функционалды грамматикасы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында іргелі зерттеу ретінде өткен ғасырдың соңында мақсатты түрде зерттеле бастады. Сөйтіп, функционалды грамматиканың жалпы мәселелері мен жекелеген семантикалық категориялары нақты зерттеу нысанына айналды. Бұл орайда З.К.Ахметжанова, С.С.Құнанбаева, Қ.Рысалды, Е.Жанпейісов, Т.Әбдіғалиева, Б.Шалабай, З.Базарбаева, Н.Сәрсембаева, А.Салқынбай, Б.Қапалбеков, М.Жолшаева, А.Жаңабекова, О.Жұбаева, С.Құлманов, А.Солтанбекова, Е.Маралбек және т.б. еңбектерін атап өтуге болады. 2010-2011 жылдары А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты 2 томдық үлкен ғылыми монографияны дайындап, баспадан шығарды. Сонымен қатар, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен 2013 жылы функционалды грамматиканың әр түрлі мәселелерін қамтылған екі еңбек жарық көрді. Осы аталған еңбектердің нәтижесінде республикамыздың көптеген жоғары оқу орындарында «Қазақ тілінің функционалды грамматикасы» пәні арнаулы курс ретінде жүргізіліп келеді.

Сулейман Демирель атындағы университетте 5В011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 5В020500 – Филология мамандықтарына 2007 жылдан бері «Қазақ тілінің функционалды грамматика» элективті курсы жүргізіліп келеді.

Дегенмен оқу үдерісіне кредиттік оқыту технологиясының талаптарына негізделген оқу құралын қажет етіп отыр. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында қолдарыңыздағы дәрістер мен семинар, студенттің өзіндік жұмыстарын қамтитын осы оқу құралы қазақ тілінің функционалды грамматикасына қатысты жоғарыда көрсетілген автолардың еңбектерінің негізінде және А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Грамматика бөлімінде 2001-2006 жылдары аға ғылыми қызметкер бола жүріп іргелі зерттеу тақырыбы бойынша орындаған зерттеу нәтижелері (мақалалар, ғылыми жинақ) және 2011 жылы жарық көрген «Қазақ тіліндегі етістіктер және аспектуалды семантика» (М.С.Жолшаева) ғылыми монография материалдары бойынша қорытылып, жүйеленіп жазылды.

Білім алушылар оқу құралынан функционалды грамматиканың негізгі ұғымдары, грамматиканы функционалды аспектіден зерттеудің әдістері, функционалды грамматиканың өзіндік ерекшеліктері мен зерттеу нысаны болатын семантикалық категориялар туралы мағлұмат ала отырып, қазақ тілінің бай сөздік қорын, тіл бірліктерінің семантикалық әлеуеті мен функционалды сипатын тани алады.

Оқу құралының құрылымы дәріс мәтіндерінен, дәріс мазмұны бойынша құрастырылған пысықтау сұрақтары, дәріс тақырыбымен өзара байланысты болып келетін студенттің өзіндік жұмыстарының (СӨЖ) тақырыптары және СӨЖ тапсырмаларын орындауға қажетті әдебиеттер тізімі мен семинар сабақтарының тапсырмаларынан тұрады. Семинар сабақтарының құрылымы арнайы сұрақтар және топ болып талқылауға арналған ғылыми тұжырымдар мен ғалымдардың ой-пікірлері, сондай-ақ, лабораториялық тапсырмалар, жаттығу жұмыстарын қамтиды. Лабораториялық жұмыстар өтілген теориялық сабақтарды негіздеу мақсатында көркем әдебиеттерден, атап айтқанда, классикалық қазақ жазушылары және жаңа толқын жас қылқалам шеберлерінің туындыларынан, БАҚ беттерінен, ауызекі сөйлеу тілі деректерінен мысалдар бере отырып, олардағы *біріншіден*, мағынаның берілу жолдары, *екіншіден*, оған тілдік құралдармен қатар, тілдік емес факторлардың әсерін айқындау; *үшіншіден*, мазмұндық типтер; *төртіншіден*, ойды жарыққа шығаруда тілдік бірліктердің өзара ықпалдаса әрекет етуінің ішкі механизмдерін көрсете білу жағы көзделді.

Оқу құралының соңында білім алушылардың игерген білімдерінің деңгейін анықтау мақсатында құрастырылған тест тапсырмалары берілді.

КІРІСПЕ

Қазақ лингвистикасының ғылым ретінде қалыптасуы мен дамуының ғасырлық тарихы бар. Осы уақыт аралығында қазақ тілтанымда тіл ғылымының өзегі саналатын грамматиканы зерттеудің бірнеше бағыты қалыптасты. Әсіресе, құрылымдық грамматика мәселелері қарқынды зерттеліп, нәтижесін берді. Бұл бағыттағы зерттеулерде басты назарда тілдік жүйені құрайтын тіл деңгейлері, әр деңгейдің тіл бірліктері тұлғалық және қызметі жағынан терең зерделеніп, нәтижесінде тілдің фонологиялық қабаты, лексика-фразеологиялық құрамы, морфология және синтаксистік құрылымдары өз алдына жеке-дара арнайы жан-жақты талдауға түсті. Атап айтқанда, сөздердің түрлену заңдылықтары, олардың лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне сай сөз таптарына топтасуы, әр сөз табына тән грамматикалық, лексика-грамматикалық категориялар морфология деңгейінде қаралып, сөздердің бір-бірімен семантика-синтаксистік жағынан тіркесе алу мүмкіндіктері, өзара тіркестен туындайтын синтаксистік қатынастың түрлері, сөз бен сөз тіркестерінің сөйлем құрау заңдылықтары, сөйлемнің құрылымдық, семантикалық, коммуникативтік жағынан түрлерге жіктелуі сынды мәселелер грамматиканың синтаксис бөлімінде зерттелді.

Қазіргі лингвистикада грамматикалық құбылыстар табиғатын түсіндіруде оларды оқшау алып, жеке дара тұйықталған шеңбер аясында емес, басқа тіл деңгейлері элементтерімен өзара байланыста болатын кешенді тұтастық ретінде интеграциялық тұрғыдан қарастыруға ерекше мән беріліп отыр. Мұндай зерттеулер тілдік құбылыстың табиғатын толық әрі терең түсінуге жол ашады. Сондықтан грамматикалық және лексика-грамматикалық категорияларды функционалды-семантикалық өріс теориясы тұрғысынан қарастыра отырып, олардың тұрпат межесін барлық тіл деңгейлері бірліктерінің парадигмасы мен синтагмалық қатынасын тұрғысынан көрсету және олардың семантикалық құрылымын ашу арқылы аталған сол категорияның табиғатын толық тануға болады. Сөйтіп, нысанға алынған семантикалық категорияның тұрпат межесін құрайтын тілдік бірліктер парадигмасы бір ізге түсіп, сараланады.

Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалым А.Байтұрсынұлының «біз қазақ тіліндегі сөздің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдану болып табылмайды. Тілді қолдана білу деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді айтамыз» деген тұжырымы бүгінгі таңда прагматика термині аясына енетін түсінікті, сондай-ақ, коммуникативтік талап пен тілдің функционалды сипаты мәселесін меңзеп отыр. Адам тілдік құралдарды пайдасына жаратпас бұрын, өз мақсатын айқындап, соған сәйкес келетін тіл бірліктерін өзара ұйымдастыра отырып, сөйлеу бірлігін тудырады. Ендеше, тілдің табиғатын толық және дұрыс тану үшін оны статикалық қалыпта ғана

емес, оның «жанды қалпын» – сөйлеу үдерісін, сөйлеушінің прагматикасын және коммуникативтік талаптарды ескере отырып қарастыру қажет. Бұл – тілдің, тіл бірліктерінің қолданыстық сипатын, функционалды жағын зерттеу деген сөз. Тіл бірліктерінің сөйлеудегі жұмсалымын қарастыру тілдің коммуникативтік мәнімен байланысты және тіл бірліктерінің семантикалық жақтан қолданыс аясы шеңберінің анықталуы олардың мағыналық жүкті көтеру әлеуетін тануға мүмкіндік береді. Бұл орайда коммуникацияны іске асыратын тіл бірліктері ортақ семантикалық қызметі жағынан өзара ықпалдастықта келіп, функционалды-семантикалық өріс түзеді. Сөйтіп, функционалды-семантикалық өрістерді нысан ететін грамматика «мазмұннан тұлғаға қарайғы» бағытты басшылыққа алып, функционалды деген атауға ие болады.

Болмыстың тілдік көрінісі тілде белгілі бір грамматикалық жүйеге түсуі не жалпытілдік категория деңгейінде болуы мүмкін. Жалпытілдік категорияларды зерттеу әлемнің тілдік бейнесін жасайтын тіл деңгейі элементтерінің белгілі бір мақсатты жүзеге асыру үшін мағыналық «жүкті» жұмыла көтеріп, өзара тығыз қарым-қатынасқа түсу мүмкіндіктері мен заңдылықтарын тереңірек қарастыруға жол ашады; сондай-ақ, тілде грамматикалық категорияларды бір ғана бағытта, тұлғадан мазмұнға қарай зерттеумен қанағаттануға болмайды. Өйткені оның лексикамен де, сөзжасаммен де, грамматикамен де тығыз байланысты “семантикалық шеңберін” жекелеген грамматикалық көрсеткіштер аясында тану жеткіліксіз. Тіл өзінің барлық құралдарының жиынтығы арқылы ғана адам таныған әлем бейнесін бере алады.

Тіл табиғатын тереңірек тану, оның күрделі болмысын жан-жақты қарастыру, қолданыстағы ерекшеліктерді көрсету мақсатынан туындаған құрылымдық, функционалды грамматикаға қатысты жалпы тіл білімі, қазақ тіл білімі мен түркітанымдағы теориялық еңбектермен студенттер тереңірек танысады.

1 ФУНКЦИОНАЛДЫ ГРАММАТИКАНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Грамматика теориясы және грамматика түрлері

Грамматика – көне грек сөзі, *gramma* – «әріп, жазу» дегенді білдіріп, өзара байланысты бірнеше мағынада қолданылады: 1) тілдің құрылысы – тілдік қарым-қатынастың негізін жасайтын тілдік тұлғалардың, сөз тудыру тәсілдерінің, синтаксистік құрылымдардың жүйесі; 2) тілдің құрылысы мен оның заңдылықтарын зерттейтін тіл білімінің саласы, сөзжасам, морфология мен синтаксисті біріктіреді; 3) жоғарыда аталған тілдің осы құрылымдық жүйесін зерттейтін саланың жалпы атауы, тілдің грамматикалық құрылысын қарастыратын ғылым; 4) жеке категориялардың грамматикасы.

Грамматика – тіл білімінің негізгі әрі күрделі саласы. Өйткені тіл бірліктерінің қызметі мен семантикалық әлеуетін анықтау, тіл үйрету мен сауат ашу, ойды сауатты жеткізуді грамматикасыз іске асыру мүмкін емес. Тілдің грамматикалық құрылымы мен оның грамматикалық заңдылықтарын дұрыс әрі терең түсіну үшін оған тән басты грамматикалық ұғымдарды ажыратып, олардың ерекшеліктерін білу қажет. Ең алдымен, «грамматика» терминінің тілтанымдағы тар әрі кең мағынада қолданылуына тоқталайық. Грамматика тар мағынада, морфология мен синтаксис ұғымын қамтыса, кейінірек олардың қатарына сөзжасам саласы қосылды, кең мағынада бүтін тілдік жүйе, тұтастай алғандағы тілдің фонология, лексика, сөзжасам, морфология, синтаксис салалары дегенді білдіреді. Осы түсінікте алып қарағанда, грамматика ілімі сөздердің тұлғалық жақтан өзгеріске түсу заңдылықтарын, сөз жасаудың амал-тәсілдерін, сөздердің өзара бір-бірімен синтаксистік жақтан байланысқа түсуін, тіркесімділік қасиеттерін, сөйлемнің жасалу жолдары мен заңдылықтарын, сөйлемнің мақсатын, қолданылу ерекшеліктері мен құрылымын қарастырады. Зерттеу мақсаты мен нысанына сай грамматиканың іштей тіл деңгейлеріне саралануына байланысты тілді бұл тұрғыдан зерттейтін грамматиканы *деңгейлік грамматика* деп атайды. Сонымен қатар, тілдік жүйе иерархиялы сипаттағы түрлі қабаттардан құралатындықтан, басқаша оны *құрылымдық грамматика* деп атау дәстүрі де жоқ емес. Тілдік жүйені құрылымдық немесе деңгей бойынша зерттеуде негізінен басшылыққа алынатын ұстаным тұлға (форма) және осы тұлғаның қызметі болғандықтан, аталған грамматиканың келесі бір атауы *тұлғалық грамматика* болып табылады. Осылайша, мұндай бірнеше атауға ие болған грамматика тілдің грамматикалық құрылымын зерттеуде «тұлғадан мағынаға қарайғы» ұстанымды басшылыққа алады және қайсы бір тілдің грамматикалық құрылымын дұрыс тану үшін аталған ұстанымды негізге алудың мәні зор. Өйткені грамматика заңдылықтарын түсіну мен түсіндіруде тілдің өзіне ғана тән ішкі табиғатын тірек ететін ұстанымдар үлкен маңызға ие болып келеді. Мәселен, қазақ тілі грамматикасында морфологиялық

заңдылықтарды түсінуде тілдің жалғамалы тілдер тобына жататындығын ескеру – басты фактор, бұл қазақ тілінің морфологиялық табиғатын тануда түбір мен қосымша шекарасының айқындығы, қосымша қосылғанда түбір тұлғаның сақталатындығы, грамматикалық мағынаның грамматикалық формамен берілетіндігі, грамматикалық формалардың сөзге жалғану тәртібі және тағы да басқа мәселелерді ескеру дегенге саяды.

Кез келген ғылым саласының дүниеге келу, қалыптасу және даму тарихы болады. Тілдің грамматикалық құрылысына қатысты зерттеулер тарихы ерте заманнан басталады. Антик дәуірінен бастау алатын болмыс, ойлау және мағына (сөз) үштігіне қатысты мәселенің бірі – аталым теориясы, затқа атау беру және зат пен атау арасындағы байланыс қандай? деген сауалға жауап іздеуге бағытталса, екіншісі – грамматикаға қатысты. Ғалымдар Т.Қордабаев пен Ғ.Қалиев тіл тарихында бастапқыда грамматика теориясының тілді дұрыс қолдану ережесін белгілеуді мақсат ететін, грамматикалық өнер мәселесі ретінде қарастырылғандығын айтады. Олардың «Жалпы тіл білімі» еңбегінде грамматикалық теорияның жазба ескерткіштер тілдерін зерттеуден басталатындығы айтылып, мынадай тұжырым келтірілген: «грамматикалық өнер тілдің құрылысын түсіндіруді мақсат етпеген, тілді дұрыс қолданудың, дұрыс сөйлеудің ережелерін жасауды, жазу тілі мен сөйлеу тілі арасындағы қарым-қатынасты түсіндіруді көздеген. Сондықтан грамматикалық өнер пікірді дұрыс, әдеби етіп бере білуге үйрететін тәжірибелік білім деп саналады» [1, 128].

Грамматика саласы бойынша алғашқы пайымдаулар Платон мен Аристотельдің еңбектерінде көрініс тапқан. Мәселен, Платон сөздерді екіге, есім мен етістікке топтаса, Аристотель жалғауышты қосады. Аристотельдің түсіндіруінде есім мен етістік өзара байланысты, етістік шақты білдіріп, предикаттық қызмет атқарса, есім сөздер септеліп, субъектілік қызмет атқарады. Сөз табы сөйлем құраушы элементтер болып табылады да, сөйлем есім сөз бен етістіктің байланысы болып шығады. Сондай-ақ, Аристотель грамматикада есімдерге қатысты тектілік (род) ұғымына, сөздердің құрылымына (жай/күрделі) тоқталған. Грамматика мәселелерін ары қарай дамытқан стоиктер (б.з.д. 4 ғ. аяғында Афинада пайда болған мектеп) сөз табының бес түрін көрсетеді және олардың басты ерекшеліктері – сөз бен сөйлемді ажыратып қарауы. Бұл орайда оларды ажыратуда сөздің мәнді әрі мәнсіз де болатындығын, ал сөйлемнің үнемі белгілі бір мәнді білдіретіндігі негізге алынған.

Ежелгі дәуір Тіл білімі тарихында грамматика мәселелерін көбірек қарастырған – үнділер. Тілдік зерттеулердің құрылымы бірнеше жырдан тұратын «Веда» жазба ескерткіші тілін қарастырумен тығыз байланысты болып, оның бір бағытын грамматика құрады. Бұл кезеңдегі грамматика мәселелері туралы сөз қозғағанда бірінші ауызға ілінетін есім – үнділердің алғашқы нормативті грамматикасының жасаған Панини. Ол морфологиялық құбылыстарды түсіндіріп, түбір мен қосымша ұғымдарын талдауда сөздің парадигмасын негізге алды. Сонымен қатар, Үнді Тіл білімі тарихында тұңғыш рет санскрит тілі мен веда тілін фонетика, морфология, сөзжасам

және ішінара синтаксистік тұрғыдан қатар алынып, салыстырмалы әдіс пайдаланылды [2, 6]. Ғалымдардың Панинидің грамматикасына, жалпы үнді лингвистикасы туралы айтқан пікірлеріне қарап, оның тіл ғылым дамуында маңызды рөл атқарғандығын байқауға болады. Атап айтқанда: үнді грамматистерінің тілдік талдауларды салыстырмалы сипатта жүргізуі; сөзді оны құранды бөлшектерден тұратын жиынтық ретінде қарастыруы.

Тіл тарихындағы Орта ғасыр Тіл білімі деп аталған кезеңде канондық тілге басымдық берілді. Бұл кезеңде грамматикамен шұғылданушылардың басты назар аударған мәселесі – тілдік норма. Оның көрінісі көне канондық жазбалар тілі нормасын сақтау және кейінгі заман жазба тілін осы тілмен үйлестіру, олардың арасындағы айырмашылықтарды біріздендіру сияқты нормалаушылық жұмыстар сипатында болды [1]. Сонымен қатар, осы кезеңде канондық жазбалармен бірге, жекелеген тілдердің грамматикасына да көңіл аударыла бастады. Мәселен, XI ғасырға тиесілі М.Қашқаридың «Түрік сөздігі» (Диуани лұғат ит-түрік). Бұл еңбектің ерекшеліктері ретінде мыналарды атап көрсетуге болады: 1) сол дәуірдегі түркі сөздері мағыналық жақтан түсіндірілуі; 2) кейбір түркі сөздерінің тұлғалық-мағыналық жақтан оғыз, араб тілдерімен салыстыра талдануы; 3) тіл дыбыстарының үндесім заңдылығы; 4) сөздің морфемдік құрамының көрсетілуі, атап айтқанда есімдердің екі түрлі болатындығы: бірі түбір есім, екіншісі жасанды есім. Автордың жасанды есім деп отырғаны етістікке қосымша қосылу арқылы пайда болған туынды есім сөздер, мысалы, *кес – кесме (кекіл)*; 5) грамматикалық тұлғалар білдіретін мағыналар (-рақ/-ырақ салыстырмалы реңкті білдіретін қосымша; етістік құрамындағы *р, т, л, н* дыбыстарының қосымша қызметін атқарып, түбірге түрлі мағыналық реңк қосатындығы; -ла/-ле, -лық/-лұғ қосымшаларының сөзжасамдық сипаты, мысалы: *азұқлұқ – азықты, ошақлық – ошақты* [3]. XI ғасырда жазылған М.Қашқаридың бұл еңбегін ғалым А.Егеубаев «бүкіл түркі тілдеріне ортақ Тілтану энциклопедиясы» деп атаса, проф. Н.Уәли «түркі компаративистикасындағы теңдесі жоқ зерттеу» деп бағалайды.

Компаративистикалық зерттеулер нәтижесінде тілге ұқсастықтар мен ерекшеліктердің тәндігі анықталып, ұқсастықтар негізінде «тілдік әмбебап» сипаттарды қарастыруға жол ашылды. Нәтижесінде логикалық категориялар жалпыадамзатқа ортақ болғандықтан, олардың тілдегі көрінісі де (тілдік категориялар) да ортақ болуы керек деген көзқарас пайда болды. Сөйтіп, грамматикада басшылыққа алынған басты ұстаным грамматикалық ережелердің жалпытілдік болуы және ол ережелердің логикаға негізделуі. (бұл туралы СӨЖ тапсырмасын орындауға қажетті деп көрсетілген әдебиеттерден қараңыз). Тілдерді өзара салыстыра қарастыру мәселесі олардың туыстығы және бастапқы қалпын тану мақсатын көздей отырып, келесі кезекте тарихи-салыстырмалы бағытқа бет бұрды, тіл білімінің бұл даму кезеңі XIX ғасырға сәйкес келеді. Сонымен қатар, осы ғасырда грамматика теориясының дамуына әр тараптан үлес қосқан тіл білімі тарихында бірнеше бағыттар мен лингвистикалық мектептер пайда болды: логикалық бағыт – тілдік категориялардың логикалық сипатын айқындауды

мақсат етті; психологиялық бағыт – тіл мәселелерін шешуде психологиялық қағидаларды басшылыққа алуды көздеді; натуралистік бағыт – қоғамдық құбылыстарды зерттеуде жаратылыс заңдылықтарын негізге алып, тілді табиғи организм ретінде қарады; жас грамматизм бағыты – тілді зерттеуде тарихи және психологизм ұстанымдарын басшылыққа қатар алып, компаративистиканы дамытты; құрылымдық бағыт – нормативті грамматиканы бірінші орынға қойды. Грамматика теорияларының дамуында структуралық лингвистиканың орны ерекше және бұған Ф.Соссюрдің постулаттары негіз болды. Тіл таңбалар жүйесі ретінде танылды, оның құрылымдық элементтерінің болатыны, оның өзі ары қарай бөлшектеуге келмейтін ең кіші бірлік пен ең көлемді бірліктерден тұратыны; олардың өзара иерархиялық қатынаста болатындығы. Сөйтіп, XX ғасырдағы басым бағыттардың бірі болған бұл бағыттың ұстанымдары тілді бір тұтас жүйе ретінде алып, оны құрайтын ішкі тілдік элементтерді мағынасы, қызметі мен құрылымы жағынан қарастыру. Структуралық бағыттың үш үлкен мектебі қалыптасты: Прага лингвистикалық мектебі, Копенгаген мектебі және Америкада пайда болған дескриптивтік мектеп. Олардың ортақ ұстанымдарымен қатар, жеке қарастырған мәселелері де болды. Грамматика теориясының даму тарихында 1926 жылы В.Матезиус негізін қалаған Прага лингвистикалық мектебінің алатын орны ерекше. Бұл мектеп өкілдері тіл бірліктерінің дыбыстық және грамматикалық жақтан өзгеріске түсуін олардың қолданыстағы қызметімен байланысты қарады. Сөйтіп, тілді белгілі бір мақсатта қолданылатын тілдік таңбалардың жүйесі деп танып, тілдің қолданымдық (функционалдық) жағына баса назар аударды. Бұл бағыттағы зерттеулерде тіл «адамнан» тыс қарастырылды. Грамматиканы құрылымдық аспектіден қарау тіл білімінде өткен ғасырда қарқынды дамып, тіл ғылымының өркендеуіне үлкен үлес қосты. Дегенмен тілдің табиғатын толық тану үшін тілді құрылымдық жағынан, дыбыстан күрделі синтаксистік құрылымға дейін, сипаттау жеткіліксіз. Өйткені тілде кез келген тілдік бірліктің семантикалық–функционалдық әлеуеті болады және ол қолданыстан, сөйлеуде көрінеді. Келесі кезекте тілтанымда структуралық сипаттағы зерттеулерді когнитивтік зерттеулер алмастырды. Когнитивтік лингвистикада тіл мен адам бірлікте қаралып, адам миының әрекеттері сөйлеу (речь) арқылы объективтенеді деген ұстаным басшылыққа алынды. Сөйтіп, тілдік жүйенің құрылымдық элементтерін оның жұмсалыу механизмімен бірге алып қарауды мақсат ететін функционалды бағытқа басымдық берілді.

Тілдің грамматикалық құрылымының өзгеріске түсуі – баяу жүретін құбылыс. Тіл бірліктерінің семантикасы, атқаратын қызметі және қолданыс заңдылықтарын зерттеуде басшылыққа алынатын негізгі ұстанымдардың сипатына қарай тілтанымда грамматикалық құрыбылыстарды зерттеудің бірнеше бағыты айқындалған. Солардың бірі «тұлғадан мағынаға қарай» ұстанымды басшылыққа алатын тілдік бірліктердің тұлғалық жағын талдау және ұзақ уақыт үстемдік етіп келді. Бұл зерттеу бағытында тілдік жүйедегі ең кіші дыбыстан бастап, күрделі мәтінге дейінгі тіл бірліктері тұлғалық

жағынан сипатталады. Тілдің құдіретін толық түсіну және сезіну үшін осы тіл бірліктерінің қызметін, қолданыстағы ерекшеліктерін, жұмсалып тұрған тетіктерін білу қажет. Бұл тілді, тіл бірліктерін функционалды бағытта зерттеу дегенге саяды. Тіл білімінде осы екі бағыттың ұстанатын ұстанымдары түптеп келгенде, бір түсінікке саятын түрлі терминдермен аталады. Оны мына төмендегі кестеден көруге болады:

Кесте 1 – Грамматиканы зерттеудің ұстанымдары

Дәстүрлі грамматика	Функционалды грамматика
«тұлғадан → мағынаға» қарай	«мағынадан → тұлғаға» қарай
«тұлғадан → қызметке» қарай	«қызметтен → тұлғаға» қарай
«құралдық көрсеткіштен мағынаға» қарай	«мағынадан құралдық көрсеткішке» қарай
семасиологиялық бағыт	ономасиологиялық бағыт

Дәстүрлі грамматикада тілдік бірліктердің қызметі міндетті түрде айтылады. Осы тұста егер дәстүрлі грамматикада тілдік бірліктердің қызметі қарастырылатын болса, онда грамматиканы функционалды аспекіден қарастыратын бағыттың ерекшелігі неде? деген заңды сауал туындайды. Дәстүрлі грамматикада тіл бірліктерінің негізгі қызметі, кей жағдайларда қосымша бір-екі қызметі ғана көрсетіледі және көбінесе, тілдік жүйеде тұйықталған қалпында ғана алынады. Яғни тілдік емес жағдаяттарды ескере отырып жұмсалыуы, сол қолданыстағы қызметтері мен ондағы ерекшеліктері туралы айтыла бермейді. Басқаша айтқанда, тіл бірліктерінің қызметі тілдік жүйенің шеңберінде ғана қаралады. Сөйтіп, «тұлғадан оның қызметіне қарай» жүру басты зерттеу ұстанымы ретінде алынады. Дегенмен грамматиканы зерттеудің құрылымдық аспектісі мен функционалды аспект бір-біріне қарсы қойылатын бағыттар емес, олар керісінше, бірін-бірі толықтырады. А.В.Бондарко көрсеткендей, функционалды грамматиканың өзіндік ерекшелігі грамматиканы жүйелі-құрылымдық және функционалды аспекіден тұтастықта алып қарастырғанда айқындала түседі. Бұл тілдік таңбаның екі жақты (билатералды), тұрпаты мен мазмұны жағынан сипатталатындығымен байланысты түсіндіріледі. Функционалды грамматика «қызметтен оның көрінісі болатын тұлғаға қарайғы» ұстанымды негізге алады және тіл бірліктерінің қызметі сөйлеушінің прагматикасы, тіл бірлігінің семантикалық жүкті арқалау мүмкіндігімен бірлікте қаралады. Сөйтіп, тіл бірлігінің құрал ретіндегі барлық мүмкіндіктері сипатталып, көрсетіледі. Тілді зерттеудің функционалды бағыты тілдік жүйені құрайтын тіл бірліктерінің негізгі қызметтерінен басқа, оның мағыналық әлеуеттерінің қолданыстағы көріністерін, яғни жұмсалыу әрекетін қолданылу ортасымен,

сөйлеу жағдаяттарымен байланыста қарайды. Грамматиканы зерттеудің аталған екі бағыты тілде екі түрлі грамматиканың пайда болуына әкелді: *құрылымдық (дәстүрлі) грамматика және функционалды грамматика.*

Дәстүрлі грамматиканың негізгі зерттеу нысаны – тіл (сөз). Сөз барлық тіл деңгейіне нысан болып табылады. Сөздер лексика-семантикалық парадигма бойынша іштей бірнеше топқа сараланса, грамматикалық семантика парадигмасына сәйкес сөз таптары, грамматикалық категориялар қатарына еніп, өзара топтасады. Осымен байланысты грамматиканың негізгі салаларының бірі морфологияда сөздер олардың тұлғалану ерекшеліктерін және грамматикалық байланысқа түсу кезіндегі тұлғаның қызметтерін жеке дара қарастыратын болса, синтаксисте сөз тұлғасының екінші сөзбен байланысқа түсіп, белгілі бір ойды жеткізу үшін сөйлем ішінде жұмсалып ерекшеліктерін қарастырады. Мұнда да «мағынадан тұлғаға қарай» жүру ұстанымы басшылыққа алынады. Құрылымдық грамматиканың да, функционалды грамматиканың да зерттеу нысаны тіл болғанмен, айырмашылығы зерттеу мақсаттары мен зерттеу ұстанымдарында. Құрылымдық грамматикада тіл статикалық қалыпта, ортамен байланыссыз қарастырылады. Мұндағы орта деп отырғанымыз тілден тыс, сөйлеу ортасы. Грамматикалық мағынаға жасалған сипаттама парадигмалық (тілдік) ортамен байланысты түсіндіріледі. Мысалы, етістіктің шақ категориясы іс-әрекеттің сөйлеу сәтімен байланысты өту мерзімін білдірсе, өткен шақтың грамматикалық мағынасы (көрсеткіші –ды/-ді, -ты/-ті) шақтық мәнді білдіретін парадигмалық ортада (осы шақ, келер шақ) алып қарастырылғанда айқындалады. Сондай-ақ, сөйлеу сәтіне дейін болып өткен мағынаны беретін -ды/-ді формасын осы мәндес басқа өткен шақ (-ған/-ген, -атын/-етін) формаларымен бір парадигмалық ортада алып, өзіндік ерекшеліктерін анықтауға болады. Ал функционалды грамматикада тіл сөйлеу деңгейінде (речь), динамикалық тұрғыда қарастырылады да, тілдің қолданыс нәтижесі болып табылатын сөйлеуді, нақтырақ айтқанда сөйлеу бірлігі сөйленімді (выражение) нысан етіп алады. Мұнда тілдік бірліктер мен тіл жүйесінің сөйлеудегі қызметі, жұмсалымы сөйлеу жағдаятымен, контекспен бірлікте зерттеледі. Сөйлеу жағдаяты тілден тыс, контекстік орта тілдік болып табылады. Бұдан біріншіден, ортаның екі түрлі – тілдік (парадигмалық) орта және сөйлеу ортасы (тілдік емес) болатындығы, соңғысының күрделі екендігі көрінеді. Екіншіден, тілдік бірліктер қызметі үшін міндетті түрде ортаның қажет екендігі. Басқалай айтқанда, тілдік бірліктердің жұмсалымы белгілі бір ортада жүзеге асады.

Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Тілтанымдағы «грамматика» терминіне түсінік беріңіз.
2. Грамматика мәселелерінің Тіл білімі тарихының әр кезеңіндегі көрінісін туралы айтыңыз.
3. Тілді «тұлғадан мағынаға қарай» зерттеу ұстанымы дегенді қалай түсінесіз?
4. Тілді зерттеудің функционалды бағытының ерекшеліктерін атаңыз.

5. Функционалды грамматика мен құрылымдық грамматиканың өзіндік ерекшеліктеріне тоқталыңыз.

Әдебиеттер:

1. Қордабаев Т., Қалиев Ғ. Жалпы тіл білімі: Оқулық. – Алматы: Дәуір, 2014. – 240 б.
2. Березин Ф.М. История лингвистических учений. – Москва: Высшая школа, 1975. -304 с.
3. Қашқари М. Түрік сөздігі. Үш томдық. 1 том. –Алматы: Хант, 2009. -592 б.
4. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. – Алматы: Дайк-пресс, 2011. 2 – кітап. -7-41 бб;
5. Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. –Алматы: Кие, 2007. -74-98 бб.;
6. Теория функциональной грамматики: Введение. Аспектуальность. Временная локализованность. Таксис. – Л.: Наука, 1987. – 352 с.

СӨЖ тақырыбы:

Грамматика теориясының қалыптасу және даму тарихы (Ежелгі Қытай тіл білімі; Ежелгі Үнді тіл білімі; Орта ғасырлардағы тіл білімі; Қайта өрлеу дәуіріндегі көрінісі; ХІХ ғ. тіл білімі; ХХ ғ. тіл білімі; ХХІ ғ. тіл білімі).

СӨЖ тапсырмасын орындауға қажетті әдебиеттер:


1. Қордабаев Т., Қалиев Ғ.: «Жалпы тіл білімі». –А.: Дәуір, 2004, -141-145 бб.;
2. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. –А.: Дайк-Пресс, 2011. -41-68 бб.;
3. Березин Ф.М. История лингвистических учений. –М.: Высшая школа, 1975. -16-24 сс.
4. Фердинанд де Соссюр. Жалпы лингвистика курсы // Тіл және мәдениет. 6 том. – Алматы: Жазушы, 2005. – 16-21 бб.

1.2 Грамматиканы зерттеудің негізгі ұстанымдары

Адамзат қоғамында тілдің атқаратын қызметі бірнеше: коммуникативтік; когнитивтік; кумулятивтік және тағы да басқа қызметтер. Осымен байланысты тілтанымда қалыптасқан зерттеу бағыттары тілді әр қырынан қарастырады. Тілдің міндеті жайында қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалым А.Байтұрсынұлының: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәрін жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды» [1, 141 б.] деген тұжырымы тіл мен оның қолданыстық жағын айқын сипаттап тұр. Мұнда ғалымның тілдің атқаратын міндеті ретінде көрсеткен «ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін

меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау» деп отырғаны – адамның ойын сыртқа шығаратын құрал ретіндегі тілдің ішкі мүмкіндігі турасында болса керек. «Жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды» дегені – тілді адам факторымен тығыз байланыста қарастыру дегенге саяды. Адам тілдік құралдарды қолданған кезде қажетіне, коммуникативтік мақсатына сай таңдап, икемдеп пайдаға жаратады. Бастысы – жұмсай білетін адамы табылса, тіл міндетін толыққанды атқаруға жарайды. Бұл бүгінгі лингвистикалық зерттеулерде басымдыққа ие болып отырған тілдің қызметін, сөйлеуді ғылыми парадигма бойынша антропоцентристік бағыттың тіл мен адамды бөліп жармай, өзара тығыз бірлікте алып қарауға негізделген басты ұстанымына толықтай сай келеді. Осы тұрғыдан алғанда, тіл мен сөйлеу мәселесі, тілдің функционалды сипаты қазақ тілтанымында өткен ғасырдың басында-ақ ғалымдар назарынан тыс қалмаған деп нық сеніммен айтуға болады.

Тілдік жүйе және оның элементтері, тіл бірліктері, тіл категорияларын зерттеуде тіл тарихында екі бағдар қалыптасқан: семасиологиялық және ономасиологиялық. Кез келген тілдік бірлікке тұрпат (тұлға) пен мазмұн (қызмет) тән десек, грамматиканы зерттеудегі екі бағдар осы тұлға мен қызметтің қайсысының негізге алынуымен байланысты ерекшеленеді. Бірақ тілтанымда грамматика қай кезеңде де функционалды болған. Бұл тілдік бірліктің екі жақты – тұлғалық және мазмұндық жақтан сипатталуымен, тұлға мен мазмұн бірлігінен тұратын тіл элементтері белгілі бір қызметті атқаруымен байланысты түсіндіріледі. В.П.Даниленконың түсіндіруінде грамматика семасиологиялық және ономасиологиялық деп ажыратылады, зерттеудің құрылымдық аспектісі мен функционалды аспектісінің екеуі де аталған грамматика түрлеріне тән болып келеді [3]. Ғалым грамматиканың методологиялық құрылымын сызба түрінде төмендегіше өрнектейді.




Сурет 1 – Грамматиканың екі түрі

Осылайша, семасиологиялық грамматика да, ономасиологиялық грамматика да екі аспектіден қарастырылады. Тілді семасиологиялық және ономасиологиялық аспектіден зерттеудің өзіндік айырмашылықтарын О.Есперсен былайша түсіндіреді: «Кез келген тілдік құбылысты іштей не сырттай, басқаша айтқанда сыртқы тұрпаты немесе оның ішкі мазмұны жағынан қарастыруға болады. Бірінші жағдайда біз сөздің айтылуынан немесе тілдік сөйленімнің басқа бөлшегінен бастап, содан кейін онымен байланысты мағынаға ауысамыз. Екінші жағдайда, біз мағынадан бастап, ол мағынаның тұлғалық жағынан сол тілде нақты қалай көрініс табады деген

сауалға жауап іздейміз» [4]. Алғашқыда функционалды грамматика мәселелері басқа лингвистикалық концепциялар негізінде дамып, бірте-бірте жүйелі сипат алу арқылы бағыт болып қалыптасты, кейін бұл бағыт негізінде функционалды грамматика өзіндік зерттеу нысаны және зерттеу әдістері, категориялары бар тілтанымда жеке сала ретінде орнықты. А.Салқынбай айтқандай, тілдің функционалдық сипатын зерттеу оның терең ішкі семантикалық құрылымы мен қызметтік қатпарларын зерделеуге мүмкіндік береді.

Функционалды грамматика өзіндік зерттеу нысаны мен әдіс-тәсілдері бар бағыт бола тұра, теориялық және әдістанымдық жағынан дәстүрлі зерттеудің нәтижелеріне табан тірейді. Осы тұрғыда функционалды грамматика мен құрылымдық грамматиканың өзіндік ерекшеліктерімен қабат, ұқсас жақтары да көп. Тілдік функционалды қырын зерттеу барысында бірде оның таза функционалдық жағы басым сипатта болса, енді бірде құрылымдық сипаты басымдыққа ие болып жатады. Бұл функционалды грамматиканың әдістанымдық жағынан өзара ерекшеленетін бірнеше бағытта дамуына алып келді. Оларды жинақтап, сызба түрінде былай көрсетуге болады.



Сурет 2 – Функционалды бағыттағы зерттеулердің сипаты

Семасиологиялық немесе *формацентристік* деп аталатын бағыт зерттеуді «тұлғадан → оның қызметіне» қарай жүргізеді. Сөйтіп, тұлғаның мағынасы мен атқаратын қызметінің заңдылықтарына назар аударылады. Грамматикалық сипаттау әрқашанда тұлғадан шығып, оның қызметін ашуға бағытталады. Бұл бағыттағы зерттеулерді функционалды деуге болады, өйткені онда тілдік тұлға қызметінің парадигмасы түгелдей көрсетіледі және дәстүрлі грамматикалық зерттеулерге ұқсас келеді. Дәстүрлі грамматикада тіл бірліктерінің функциясы қаралғанымен, олардың потенциалды қызметтері толықтай ашылмайды. Бұл «тұлғадан → оның қызметіне» қарайғы бағыттағы зерттеулердің қажеттілігін М.Шелякин біріншіден, дәстүрлі грамматикалық зерттеулер толықтай әлі де болса қарастырылып бітпеуімен, екіншіден, «тұлғадан → қызметке» қарайғы бағыт «қызметтен → тұлғаға» қарай бағытталған таза функционалды зерттеулерге өтудің алғашқы сатысы болып табылатындығымен байланыстырады. Тілдік бірліктердің сөйлеудегі қызметін қарастырмас бұрын әр тілдік бірліктің тілдік жүйедегі қызметін толықтай саралап алу керек, ал олардың сөйлеуде қайсысының актуалдануы сөйлеу мақсатына сай туындайды. Мысалы, қазақ тіліндегі көмектес септігінің тұлғалық жағынан өзіндік ерекшелігі бар: **-мен, -бен, -пен** бір ғана фонетикалық нұсқада кездеседі, жуан нұсқасы жоқ; қосымшалар үндестік заңына бағынбайды. **-мен, -бен, -пен** қосымшаларының семантикалық-функционалды әлеуетін мына кестеден көруге болады.

Кесте 1 – Көмектес септік жалғауының семантикалық әлеуеті

<i>Тілдік тұлға</i>	<i>Семантикалық әлеуеті</i>	<i>Жұмсалым ауқымы (қызметі)</i>	<i>Мысалы:</i>
- мен	құралдық мағына	толықтауыш	қарындашпен жазу
	қимылға ортақтықты білдіру		ұлымен кездесу
- бен	істің орындалу амалын көрсету	пысықтауыш	құрметпен қарсы алу
	әрекеттің өту орнын		соқпақ жолымен жүру
- пен	қимылдың мезгілін	баяндауыш	түнімен жол жүру
	қарсылықты мәнді білдіруге қатысы		Біз күткенмен, олар келмеді.

Сөйтіп, семасиологиялық бағыттағы зерттеулер үшін тұлға бірінші орында тұрғанмен, олардың мағынасы мен қызметін қарастыруды назардан тыс қалдырмайды. Сондықтан А.В.Бондарко дәстүрлі грамматиканы оның жүйелі-құрылымдық және функционалды аспектіде қарастырылатындығын негізге алғанда формальды деп атаудың дұрыс болмайтындығын айтады, дегенмен бұл грамматика үшін тұлғаның маңызды рөл атқаратындығын жоққа шығармайды.

Функционалды бағыттағы келесі зерттеулерде «тұлғадан → қызметке (мазмұнға)» және «қызметтен (мазмұннан) → тұлғаға» қарайғы бағыттың екеуі де негізге алынады. Тілдік фактілерді сипаттауда «мазмұннан → тұлғаға қарайғы» бағыт негізгі болып табылады да, грамматика құрылымын айқындайтын «тұлғадан → мазмұнға қарайғы» бағытпен бірлікте қаралады. Осы сипатына орай бұл зерттеулерді *құрылымдық-функционалды грамматика* терминімен атау қалыптасқан, сондай-ақ, тәжірибеде *ономасиологиялық грамматика* деп те атайды. Грамматиканы деңгейаралық құбылыс ретінде қарастыратын ономасиологиялық грамматиканың бұл бағыты тіл бірліктерін функционалды-семантикалық өріс теориясы тұрғысынан қарастырады. Ю.С.Масловтың аспектологиялық зерттеулерінен бастау алатын, кейін А.В.Бондарко және оның шәкірттері жалғастырып, негізін қалған Санкт-Петербург мектебіне тән ФСӨ-ге негізделетін функционалды бағыттағы зерттеулердің қорытындылары ретінде аспектуалдылық, темпоралдылық, модалдылық, таксис, белгілік / белгісіздік, персоналдық, етіс, субъектілік / объектілік, сандық, сапалық семантикалық категориялары бойынша ғылыми монографиялар жарық көрді.

Өріс теориясына бағытталған ономасиологиялық грамматиканың теориялық негізін А.В.Бондарко «ұғымдық мазмұнды» (семантикалық категориялар) жеткізу үшін нақты сөйлеу жағдаяттарында сөйлеушінің тілдің әр түрлі деңгейіне жататын тіл бірліктерін пайдаға жарататындығымен түсіндіреді, түрлі тіл деңгейі, морфология, синтаксис, сөзжасам және лексикалық бірліктердің нақты сөйлеу жағдаятында сөйленімнің мазмұнын жеткізу үшін өзара әрекеттестікте келетінін айтады [5, 3]. Тілдің мазмұндық жағын қарастыратын ономасиологиялық грамматика сөйлеушінің сөйлеу әрекетімен тығыз байланысты болғандықтан оның негізінде сөйлеу әктісі жатады. Сөйлеуші ойын жеткізу үшін барлық тіл деңгейінен өзара әрекеттес құралдардың қажеттісін таңдап алып, оларды белгілі бір тәсілмен ұйымдастырады, яғни «мазмұннан → тұлғаға қарай» жүреді. Сөйлеуші жеткізген хабарды түсіну үшін тыңдаушы ақпарат берушінің тілдік құралдарды қандай заңдылықтар бойынша таңдап алғанын «тұлғадан → мазмұнға қарай» жүріп айқындайды. В.П.Даниленко тілдік құбылыстарды ономасиологиялық тұрғыдан сөйлеуші тарапынан түсіндірудің формуласын былайша береді: «*тілден тыс мазмұн – тілдік тұлға/тілдік жүйе – сөйлеу*» [3]. Бұл үш таған теориясы тұрғысынан, яғни *семантикалық категория – функционалды-семантикалық өріс – категориялық жағдаят* шеңберінде былайша түсіндіріледі және В.П.Даниленконың формуласымен төмендегіше сәйкестенеді: мазмұн – семантикалық категория; тілдік тұлға –

функционалды-семантикалық өріс; сөйлеу – категориялық жағдаят. Ал бұл, екінші жағынан, функционалды грамматиканың негізгі ұстанымы да болып табылады. Өйткені функционалды грамматика адам санасында қалыптасқан объективті шындық туралы пайымдаулардың тілдегі көрінісін беруде (жасауда) грамматикалық бірліктердің барлық тіл деңгейі бірліктерімен өзара семантикалық қызметі жағынан байланысу заңдылықтарын қарастырады. Өйткені адам таныған ғаламның тілдік бейнесі барлық тілдік құралдарының жиынтығы арқылы жасалатындықтан, оның лексикамен, сөзжасаммен, грамматикамен тығыз байланысты семантикалық шеңберін жекелеген грамматикалық көрсеткіштер аясында тану жеткіліксіз. Сондықтан грамматика саласын морфология мен синтаксис шеңберінде шектемей, оның аясын лексикология және сөзжасам деңгейлерімен, мәтін лингвистикасымен кеңейту арқылы кең түсініктегі грамматиканы, сондай-ақ жеке деңгейлік категориялардан гөрі ауқымды және белгілі бір семантикалық ұғымды жүйелі бере алатын жалпытілдік категорияны қарастыру маңызды. Жалпытілдік категорияларды зерттеу ғаламның тілдік бейнесін жасайтын тіл деңгейі элементтерінің белгілі бір мақсатты жүзеге асыру үшін мағыналық «жүкті» жұмыла көтеріп, өзара тығыз қарым-қатынасқа түсу мүмкіндіктері мен заңдылықтарын тереңірек қарастыруға жол ашады. Бұл – қазіргі тілтанымдағы басым бағыттардың бірі.

Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Тілдің «динамикалық» сипатта қарастыру дегенді қалай түсінесіз?
1. Грамматиканы семасиологиялық бағытта зерттеу дегенге түсінік беріңіз.
2. Тілдегі ономасиологиялық бағдардың ерекшеліктеріне тоқталыңыз.
3. Грамматикадағы «үш таған» теориясы туралы айтып беріңіз.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
2. Шелякин М.А. Функциональная грамматика русского языка. – М.: Русский язык, 2001. – 237 с.
3. Даниленко В.П. Ономасиологическое направление в истории грамматики. Вопросы языкознания, 1988, №3. С.-108-131.
4. Есперсен О. Философия грамматики. М., 1958, с. 32-33.
5. Теория функциональной грамматики. Введение. Аспектуальность. Временная локализованность. Таксис. – Л.: Наука, 1987. .
2. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. – Алматы: Дайк-пресс, 2011. 2 – кітап. -85-116 бб.;
3. Жаңабекова А. Функционалды грамматиканың метатілі. – Алматы: Елтаным, 2012. -15-27 бб.

СӨЖ тақырыбы:

Функционалды грамматика ұстанымдарының қалыптасуына ықпал еткен ғылыми тұжырымдар (В.Гумбольдт, О.Есперсен, И.А.Бодуэн де Куртенэ, А.А.Потебня, В.Матезиус, И.И.Мещанинов, Е.И.Шендельс, Е.В.Гулыга, Бондарко А.В. және т.б. еңбектері бойынша).

СӨЖ тапсырмасын орындауға қажетті әдебиеттер:

1. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 1984.
2. Есперсен О. Философия грамматики. - М.: Изд-во инстранный литературы, 1958., -15-60 С.
3. Гулыга Е.В., Шендельс Е.И. Грамматико-лексические поля в современном немецком языке. – М.: Просвещение, 1969.
4. Бодуэн де Куртенэ И.А. Избранные труды по общему языкознанию. –М., 1963.
5. Мещанинов И.И. Понятийные категории в языке // Труды ВИИЯ. 1945. –№1.– С. 5-15.
6. Бондарко А.В. Теория значения в системе функциональной грамматики: на материале русского языка // РАН Институт лингвистических исследований. – М.: Языки славянской культуры, 2002. – 17-87 сс.

1.3 Функционалды грамматиканың ғылыми сипаттамасы

Тіл функционалды сипатқа ие болғандықтан, «функционалды» деген термин қай кезде өзінің өзектілігін жойған емес және «тұлғадан қызметке қарай» бағытындағы зерттеулерде аталған термин тіл бірлігінің атқаратын қызметін сипаттауда қолданылды. Басты назарда тілдік бірліктің тұлғасы болғандықтан тұлғалық грамматика (ары қарай ТГ) аталса, осы тілдің тұлғалардың қызметін (мағынасын) бірінші кезекке қойып қарайтын грамматика функционалды (ары қарай ФГ) деп аталады. ФГ тілдің қолданыстық сипатына көңіл бөледі, яғни сөйлеуді қарастырып, сөйлеу бірлігі сөйленімді (высказывание) басты нысан етіп алады. Сөйтіп, тілдік бірліктердің сөйлеудегі жұмсалу қызметі мен сол қызмет нәтижесі болып табылатын сөйленімді (высказывание) қарастырады. Әрине, тіл бірліктерінің қызметі дәстүрлі грамматикада зерттеуге нысан болды, бірақ бұл жағдайда тұлғаның біріншіден, негізгі басты қызметтері ғана айтылады да, оның сөйлеуде актуалданған потенциалды қызметтері ескеріле бермейді; осымен байланысты екіншіден, тұлғаның қызметі оқшау немесе тілдік ортада ғана алынып талданады. Бұл тұлғаның барлық функционалды-семантикалық әлеуетін көрсете алмайды. Сондай-ақ, кейде тілдік бірліктердің қызметін, кейбір оларға қатысты тілдік құбылыстарды дәстүрлі грамматика заңдылықтары тұрғысынан түсіндіру мүмкін болмай жатады. Мәселен, дәстүрлі грамматиканың синтаксис саласының басты нысанының бірі – сөйлем. Синтаксисте сөйлем айтылу мақсаты, түзілу құрылымы, ойға қатысты мүшелердің қатысу/қатыспауы, жасалу үлгілері және тағы да басқа

қырлары жағынан статикалық қалыпта қарастырылады. Мысалы: *Күн ұясына кіріп барады. Көктемнің кешкі салқыны дөң басында ызғырықтау жел болып, беймазалау білінеді. Бірақ қызық роман тыңдаған топ Баймағамбеттің аузына түгел аңыра қарауда еді. Бұлар байқамай қапты. Қатарына бір салт атты тастақ төбені дүбірлете басып, қатты аяңмен жетіп келгенде ғана жиын елең етіп көңіл бөлісті* (М.Әуезов. *Абай жолы. 2-кітап.* – Алматы: Жазушы, 2013. (Асуда, 291- бет).

Ал ономазиологиялық бағдарды ұстанатын ФГ сөйлеу бірліктеріне

- біріншіден, тіл бірліктерінің қолданыс қызметінің нәтижесі ретінде қарайды;

- екіншіден, сөйлеу бірліктерінің коммуникативтік талаптарды қанағаттандыру қызметін сөйлеу жағдаятымен, сөйлеу ортасымен және сөйлеушімен бірлікте алып қарастырады;

- үшіншіден, бұл тіл бірліктерінің қолданыста қандай семантикалық мүмкіндіктерді атқара алуын айқындауға жол ашады. Басқаша айтқанда, тіл бірліктерінің (грамматикалық тұлға да қамтылады) функционалды-семантикалық потенциалын толықтай ашып, тұтастай алғанда тілдің байлығын танып білуге мүмкіндік береді. Мәселен, сөйлемнің ФГ тұрғысынан қарастырылуына тоқталайық. Бұл жағдайда сөйлемнің сөйлеу (речь) кезі нысанада болады, ал бұл – сөйленім. ФГ-де дәстүрлі грамматикада қаралған сөйлемнің динамикалық сипаты, атап айтқанда нақты сөйлеу жағдаятындағы жайт, оқиға және соған қатысты сөйлеу бірлігі арқылы берілген грамматикалық мағыналардан тұратын сөйленім зерттеледі. Сөйленім құрылымдық жағынан бірнеше сөйлемнен, жеке сөзден немесе сөздерден, сондай-ақ аяқталмаған сөйлемнен тұруы мүмкін. Бұл тұстағы басты айтылар ой сөйлеу жағдаятымен толығыды да, коммуникация мақсатына жетеді. Мысалы: - *Ана, ш ұ л ғ а у!* – деп жұлығы сөгіліп кеткен етігін сыпыра бастады (Ғ.Мүсірепов) деген сөйленімде бұйыру, әрекетке барғызу нақтылы сөйлеу жағдаяты арқылы айқындалған.

Сонымен, жинақтап айтқанда, тұлғалық грамматика мен функционалды грамматиканың өзіндік ерекшеліктерін кестеге төмендегіше жинақтап беруге болады:

Кесте 1 – Грамматика түрлерінің ерекшеліктері

№	Грамматика түрлері және оларға тән ерекшеліктер	Тұлғалық грамматика	Функционалды грамматика
1	Зерттеу нысаны	Тіл	Сөйлеу

2	Бірліктері	Тіл бірліктері, сөйлем	Актуданған сөйлем, сөйленім
3	Бірліктердің сипаты	Статикалық қалыпы	Динамикалық көрінісі
4	Зерттеу ұстанымы	«Тұлғадан қызметке қарай»	«Қызметтен тұлғаға қарай»
5	Зерттеу бағыты	Семасиологиялық	Ономасиологиялық

Құрылымдық грамматиканың да, функционалды грамматиканың да зерттеу нысаны тіл болғанымен, айырмашылығы зерттеу мақсаттары мен принциптерінде. Функционалды зерттеулердің қажеттілігін М.М.Гухман тілдік бірліктің екіжақты сипатымен байланыстырады. Функционалды-семантикалық аспект грамматикалық тұлғалар мен категориялардың мағыналық құрылымын тілдік жүйеде ғана емес, олардың жұмсалым ортасы сөйлеумен бірге алып қарайды. Осы орайда тіл мен сөйлеудің сипаттамасы туралы айтып өтейік. Кез келген лингвистикалық зерттеу нысан ретінде тіл немесе сөйлеудің бірін негізге алуы керек, сонда зерттеу айқын және жүйелі болады. Мысалы: - *Бұдан бір жыл бұрын шыққан. Япыр-ау, сіздің ол жөнінде білмегеніңіз қызық екен. Маған қарағанда сіз жақын тұрасыз ғой.*

- *Кемпірге ме?*

- *Жоқ, Мәрияға.*

- *Мәрияға?!*

- *Иә* (Д.Исабеков Мазасыз күндер). Құрылымдық аспектіден алып қарар болсақ, біріншіден, *Мәрияға* барыс жалғаулы сөз; екіншіден, барыс жалғаулы тұлғалы бұл сөз бағытты білдіреді; үшіншіден, септік жалғаулы сөз (атау септіктен басқа) сөйлемді аяқтап тұра алмайды. Ал *Мәриямға* сөйлеу нәтижесі деп және сөйлеу жағдаятымен бірліктер алып қарағанда онда – сөйлем. Сондай-ақ, барыс жалғаулы сөйлеу бірлігі сөйлеу жағдаятында нысандық мағынаны беру қызметін атқарып тұр. Сонда тілдік тұрғыдан алып қарағанда, *Мәриямға* – барыс жалғаулы сөз болса, сөйлеу тұрғысынан *Мәриямға* белгілі бір ойды жеткізіп тұрған (сөйлеу жағдаятымен қоса алғанда) сөйленім болып табылады. Мұндай сөйленімдерді В.А.Звегинцев «сөйлеу қалдықтары» деп атайды [1, 15-16 бб.]. Бұлай атау себебі грамматикалық ережелер тұрғысынан келгенде бұл іспеттес сөйленімдер нормаға, ережеге сай келмейді немесе грамматикалық ереже талаптарына сай келмейді. Алайда мұндай құрылымдар арқылы коммуникативтік актінің жүзеге асып тұрғандығын жоққа шығаруға болмайды. Сонымен, тіл мен сөйлеуді саралап қарар болсақ:

1) **тіл** – таңбалардан тұратын жүйе; тілдік жүйе тіл деңгейлерінен тұрады. Тіл деңгейі бірліктері өзара иерархиялық қатынас құрайды.

Кесте 2 – Тілдік жүйе құрылымы және тіл деңгейі бірліктері

Тіл деңгейлері	Тілдік бірліктері	Зерттейтін пәні
Фонетикалық деңгей	фонема	фонология
Лексикология деңгейі	сөз	лексикология
Сөзжасамдық деңгей	түбір, сөзжасамдық қосымша	сөзжасам
Морфологиялық деңгей	морфема	морфология
Синтаксистік деңгей	сөз тіркесі, сөйлем	синтаксис

Тіл бірліктері өзара семантика-тұлғалық жақтан байланысқа түсе отырып, адамның ойын сыртқа шығару қызметін жүзеге асырады. Ал **сөйлеу** - жүзеге асқан қарым-қатынас.

2) **Тіл** – тұрақты, статикалық сипатқа ие потенциалды таңбалар жүйесі. Оны қозғалысқа түсіретін – адам. Осы тұрғыдан алғанда, **сөйлеу** – динамикалық сипатқа ие. Адам тұрақты таңбалар жүйесінің өзінің мақсаты мен ойына сай қажетті тіл бірліктерін таңдап, оларды өзара байланыстыра отырып, пікірін сыртқа шығарады. Сөйтіп, сөйлеу әрекет болып табылады.

3) **Тіл** нормаға бағынады, тілдік норманың сақталу / сақталмауы тілдік құралдардың фонетика, грамматика, стилистика талаптарына сай қолданылу сипатына қарай анықталады. Тіл дамиды, оны дамытатын жеке адам. Адам тілдік жүйедегі тіл бірліктерін мақсатына сай икемдеп, тың мағыналар үстеп, жаңа тіркестер жасап қолданады. Б.Қапалбеков мұндай әрекетті екі жақты бағалайды: «бұның өзі кейде кемшілік, кейде артықшылық болып шығады. Кемшілік болатыны – кейбір жеке қолданыстар көпшіліктен қолдау таппай, заңдылыққа айнала алмай, тіл жүйесіне ене алмай, сол қолданылған жерде қалады. Артықшылық болатыны – тілдің жеке адамдардың шығармашылығы арқылы дамуы» [2, 22 б.]. **Сөйлеу** – тілдік нормаға бағынып, сол норма негізінде сөйлеу туындыларын «өмірге әкеледі». Сөйте тұра, тілдік норма осы сөйлеуде бұзылады. Өйткені тіл жалпыға ортақ болса, сөйлеу – жеке адамға тән әрекет. Сөйлеу кезінде сөйлеу жағдаяты мен сөйлеушінің мақсатына орай тілдік норма бұзылады. Кез келген сөйлеу туындысы сөйленім сөйлеу актісі болып табылады. Сөйлеу түсінікті де айқын болу үшін тіл заңдылықтарына бағынады. Сонымен, тіл мен сөйлеудің ерекшеліктерін мынадай кестеге жинақтап беруге болады:

Кесте 3 – Тіл мен сөйлеудің салыстырмалы сипаты

№	Тіл	Сөйлеу
---	-----	--------

1	Жалпы	Жеке
2	Абстрактілі	Нақты
3	Мән (сущность)	Құбылыс
4	Тұлға	Субстанция
5	Психикалық	Физикалық
6	Мүмкіндік	Оның көріну актісі
7	Құрылым	Бақыланатын нысан
8	Жүйе	Мәтін
9	Түпнұсқа	Телнұсқа
10	Тұрақты	Өзгермелі
11	Бүтін	Бөлшек
12	Әлеуметтік	Жекелік
13	Жүйе	Оның жұмсалымы
14	Код	Хабарлама және т.б. [1, 10 б.].

Грамматиканың дәстүрлі және функционалды деп аталатын екі типі талдау әдістері жағынан да ерекшеленеді. Жүйе теориясында талдаудың екі түрі көрсетіледі: біржүйелік талдау және көпжүйелік талдау. Дәстүрлі грамматика тілдік зерттеуді құрылымдық жақтан сипаттау, жүйелеу ретімен жүзеге асырады. Яғни тіл деңгейлерінің қай деңгейдегі бірлігін алып талдайтын болса да, тіл бірліктері құрылымдық жағынан сипаттаудан тұрады. Сонымен қатар, әр деңгей бірлігі жеке алынып, басқа деңгеймен байланыссыз талданады. Мысалы, сөз – тілдік бірлік. Дәстүрлі грамматикада түрлі тіл деңгейіне жататын бірліктер өзара байланыссыз талданып, сипатталады. Соның негізінде тілдің әрбір деңгейі жүйелі түрде сараланып зерттеледі. Мысалы, морфологияда сөз таптары, сөз формалары, морфемалар; синтаксисте сөз тіркестері, сөйлем; лексикологияда сөз т.б. Бұл іспеттес талдаулар жеке форма мен оның мағыналық ерекшелігін жете, терең тануға мүмкіндік береді. Яғни әр деңгей өз нысанын жеке алып, құрылымдық жақтан талдайды. Осымен байланысты дәстүрлі грамматикадағы талдау *біржүйелік талдау* деп аталады және жүйелі әрі даралаушы сипатта болады. Әрине мұндай талдаулар барлық жағдайда тілдік құбылыстардың табиғатын түсіндіріп беруде жеткілікті деп санауға болмайды.

Тілдің құбылыстардың табиғатын терең тану үшін және толық ашу мақсатында тіл бірліктерін жеке дара сипаттап, жүйелеу ғана емес, оларды әрекет ету ортасы, яғни сөйлеу ортасымен, сөйлеу жағдаятымен бірге алып қарастыру қажеттігі туындайды. Сонымен қатар, әр деңгейдің тілдік

бірліктерін жеке дара алмай, оларды ортақ мазмұнды жеткізуге қызмет ететін жұмсалымдық-мағыналық өрісін және осы мағыналық жұмсалудың механизмдерін тұтастықта алып қарастыратын **көпжүйелі талдау** әдісі функционалды грамматикаға тән болып табылады. Функционалды грамматикада тіл деңгейі бірліктеріне талдау кешенді түрде жүргізіледі. Мұнда тіл деңгейлері арасындағы байланыс ортақ семантика арқылы жүзеге асады. Мазмұнды беруге қатысатын әр деңгей элементтері жеке дара емес, мағыналық тұтастықта алып талданатындықтан, бұл функционалды грамматиканың, бір жағынан, деңгейлі (дәстүрлі) грамматикадан ерекшелігін көрсетсе, екінші жағынан, құрылымдық сипаты бойынша «түрлі деңгейлі» («разноуревневая»), басым сипатына қарай «жүйелі-үйлестіруші» («системно-интегрирующая») грамматика деп аталуына негіз болады. Дәстүрлі грамматикада әр тіл деңгейі - фонетика, лексикология, морфология, сөзжасам, синтаксис жеке-жеке алынып, ондағы тілдік бірліктердің өзіндік ерекшеліктері жете ашып көрсетілетіндіктен тілде ол «жүйелі-саралаушы» («системно-дифференцирующая») деген сипатқа ие болып келеді.

Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Грамматиканың дәстүрлі және функционалды түрлерінің зерттеу нысандары туралы баяндаңыз.
2. Тіл мен сөйлеудің өзіндік ерекшеліктеріне тоқталыңыз.
3. Тіл бірліктерін функционалды аспектіден қарастыру қажеттігі неде?
4. Тіл бірліктерінің жұмсалымы дегенді қалай түсінесіз?
5. Біржүйелі талдаудың сипаттамасын беріңіз?
6. Көпжүйелік талдау дегеніміз не және сипаттамасы қандай?

Әдебиеттер:

1. Звегинцев В.А. Предложение и его отношение к языку и речи. – Москва: Эдиториаль УРСС, 2001. – 312 с.
2. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. - Алматы: Дайк-пресс, 2011. 2 том. – 828 б.
3. Семантические категории в детской речи. СПб., 2007.
4. Жаңабекова А. Функционалды грамматиканың метатілі. – Алматы: Елтаным, 2012. –156 б. / қажетті беттер - 37-51 бб.
5. Салқынбай А. Қызметтік грамматика очерктері. –Алматы: Қазақ университеті, 2003, – 119 б. / қажетті беттер – 6-9бб.

СӨЖ тақырыбы:

1. Сөйлем және оның тіл мен сөйлеуге қатысы
2. Тілдік жүйе, тілдік норма және сөйлеудің арақатынасы туралы ғылыми пайымдаулар.

СӨЖ тапсырмасын орындауға қажетті әдебиеттер:

1. Звегинцев В.А. Предложение и его отношение к языку и речи. – Москва: Эдиториаль УРСС, 2001. – 312 с./ қажетті беттер – 7-20 бб.
2. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. -Алматы: Дайк-пресс, 2011. 2 том. – 828 б. / қажетті беттер -14-23 бб.
3. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2007.

1.4 Лингвистикадағы өріс теориясы және өрістің түрлері

«Өріс» термині лингвистикаға жаратылыстану ғылымдарынан келген. Ол физика, биология, психология салаларында кең қолданылады. Физика ғылымында өріс физикалық құбылыс қарастырылатын кеңістіктің бір бөлігі немесе тұтас кеңістік деген ұғымды білдіреді. Лингвистикадағы өріс туралы түсінік осы физикада саласында қолданылатын ұғымнан алшақ кете қоймайды. Тіл біліміне аталған терминді ғылыми айналымға өткен ғасырдың 30-жылдары алғаш енгізген неміс ғалымы И.Трир жалпы лексикадағы белгілі бір сөздердің жиынтығына негіз болатын, яғни сол топқа енетін сөздерге ортақ жалпы мағынаның болуымен анықталатын сөздердің жиынтығын өріс деп таниды. Алайда жалпы ортақ мағына негізінде бір топқа бірігетін сөздер екінші белгі бойынша басқа жиынтыққа кіруі мүмкін. Мысалы, қимылды білдіретін *жаз, оқы, қаз* сөздері мен түске қатысты *ақ, қызыл, жасыл, сары* сөздері өз алдына жеке-жеке өріс құрағанымен, екінші жағынан екеуі де зат есімге қатысты алғанда белгіні білдіретін сөздер болып табылады. Сондықтан түрлі лексемалар жиынтығының шекарасын көрсету үшін «жалпы ұғым» немесе «белгісіз ұғымдық абсолютті» негізге алады. Сөйтіп, лексикалық өріс пен ұғымдық өріс түсініктерін ажыратып қарайды. Тіл білімінде өріс термині алғашқыда тар ұғымда ортақ мағынаға ие сөздердің жиынтығы ретінде түсінілсе, кең ұғымда мағына, кейде формалды көрсеткіштердің ортақтығы негізінде біріккен және таңбаланатын құбылыстардың ұғымдық, заттық немесе функциясы жағынан ұқсастықтарын қарай топтасатын тілдік бірліктердің (негізінен лексикалық) жиынтығы дегенді білдіреді.

Өріс өзіндік бір сипаты бар құрылым ретінде анықталып, алғашқыда лексикология, кейін тілдің барлық саласында қолданыс тапты. Соның негізінде лексика-семантикалық өріс, лексика-грамматикалық өріс, синтаксистік өріс, реляциялық өріс, функционалды-семантикалық өріс сияқты көптеген терминдер қалыптасқан. Өріске байланысты бұл ұғымдар оның қай тіл деңгейіне қатысты қолданылуы және өрістің қай аспектіде қарастырылуымен байланысты болып келеді. Мәселен, лексика-семантикалық өріске ортақ мағына негізінде топтасатын лексемалар

жиынтығы деген анықтама беріліп жүр. Мысалы, туыстық атауды білдіретін *әке, ана, ата, әже, бала, ұл, қыз, немере, апа, іні, аға, қарындас, сіңлі, жиен, нағашы, бөле, жеңге, келін, күйеу бала, қайын, туысқан* сияқты сөздердің бір өрістің аясына бірігуіне олардың бойындағы туыстық қатынасты білдіретін сема себеп болған. Өріске енетін барлық сөздерге ортақ интегралды семантикалық белгімен қатар, олардың әрқайсына тән өзіндік дифференциалды семантикалық белгісі де болады. Осымен байланысты лексикалық өріс құрайтын ортақ мағына негізінде біріккен лексемалар мазмұн айырмашылығы жағынан бір-бірінен қарама-қарсы қойылатын лексикалық парадигма түзеді.

И.М.Кобозева семантикалық (лексикалық) өрістің негізгі белгілері ретінде мыналарды көрсетеді: 1) өріс түзетін сөздердің арасында семантикалық қатынастардың (корреляция) болуы; 2) бұл қатынастардың жүйелілігі; 3) лексикалық бірліктердің өзара тәуелділігі мен өзара айқындалатындығы; 4) өрістің салыстырмалы түрде дербестігі; 5) өрістің мағыналық кеңістігінің үздіксіз көрінуі; 6) тұтас лексикалық жүйе шеңберінде семантикалық өрістердің өзара байланысы [1, 99 б.].

Өрістің түрлері мен жалпы өріс теориясына қатысты ғылыми ой-тұжырымдар В.Порциг, Л.Вейсгербер, Ш.Балли, В.Г.Адмони, Г.С.Щур, А.Комаров, Е.В.Гулыга, Е.И.Шендельс, А.В.Бондарко еңбектерінде көрініс тауып, әр қырынан қарастырылған. В.Порциг синтагмалық өріс теориясын ұсынып, лексемалардың қолданылу ерекшеліктері мен лексемалар арасындағы өзара байланыстың белгілі бір синтагмалық қатынасқа негізделетіндігін айтады. Тілдік жүйенің актуалдануы кезіндегі сөздер арасындағы мағыналық байланысты анықтап, семантикалық өрісті динамикалық аспектіде қарастырады. Мұнда өріс деп лексемалардың басқа топтармен тіркесімділігі, заңды семантикалық үйлесімділік мүмкіндігі көрінетін сөз тіркесі мен синтаксистік кешен түсініледі [2, 19-52 бб.]. Сөйтіп, В.Порциг сөздердің семантикалық және формалды, кейде екеуінің ұқсас белгілеріне негізделетін орталық (негізгі) компонентпен байланысын, яғни лексемалар арасындағы синтагмалық байланысты синтаксистік өріс деп таниды.

Синтаксистік өрісті тереңірек қарастырған Л.Вейсгербер оны ортақ семантика негізінде біріккен сөйлемнің құрылымдық модельдерінің жиынтығы деп түсіндіреді. Синтаксистік өріс – объективті шындықтағы түрлі қатынастардың жалпы бейнесін білдіретін синтаксистік мағынасының жақындығы негізінде бірігетін синтаксистік модельдер топтамасы. Синтаксистік өріс деп танудың негізгі шарты тұрпат межесі бөлек синтаксистік бірліктердің мазмұн межесі жағынан өзара жартылай немесе толықтай сәйкес келуі.

Лексикалық өріс пен синтаксистік өрісте бір ғана деңгейге жататын тіл бірліктері өріс түзсе, өзара әрекеттес түрлі тіл деңгейіне (морфология, синтаксис, сөзжасам, лексика) жататын бірліктер ортақ семантика негізінде грамматика–лексикалық өріс құрайды. Екі жағдайда да өріс түзудің негізгі шарты ретінде тіл бірліктеріне тән ортақ семантика алынады. Сөйтіп, соңғы жағдайда болмыстың түрлі қырларын бейнелейтін ұғымдық категориялардың тілдік бейнесін жасайтын белгілі бір семантика негізінде бірігетін барлық тіл деңгейі құралдары жиынтығынан тұратын өріс тілдік тұлғаларды ономазиологиялық бағытта зерделейді. Басқалай айтқанда, ой мазмұнын беретін тілдік формаларды өріс түрінде белгілі бір тіл деңгейі шеңберінде, сондай-ақ, ортақ белгі негізінде бірігетін өзара әрекеттес түрлі тіл деңгейімен бірлікте кешенді түрде қарастыруға болады. Бұл орайда Е.В.Гулыга мен Е.И.Шендельс грамматикалық бірліктерді лексикалық бірліктермен тығыз байланыста қарап, олардың белгілі бір ортақ семантиканы білдіру мақсатындағы ара қатынасын айқындайтын грамматика–лексикалық өрістерді дәйектейді. Оған тән төмендегідей белгілерді көрсетеді:

- белгілі бір семантикалық категорияны білдіру үшін өріске енетін түрлі деңгейге жататын тіл бірліктері жүйелік арақатынасқа түседі және олар сол өрісті құрайтын конституенттер дәрежесінде қызмет етеді;

- өрісті құрайтын түрлі тіл деңгейі құралдарына тән ортақ мағына болады; өрістің жалпы ортақ мағынасы біреу емес, ол кем дегенде екі бір-біріне қарама-қарсы мағынадан тұрады;

- өрістің көлденең және тік кесінді түрінде көрсетуге болатын күрделі құрылымы болады. Көлденең кесінді бойында оның семантикалық түрлері – микроөрістер орналасады, ал тік кесінді бойында оны құрайтын тілдік құралдар жатады [3, 10 б.].

Лингвистикада жоғарыда айтылған өріс түрлерінен басқа реляциялық өріс ұғымы да бар. Бұл терминді енгізген А.Комаров тілдік категорияларды атауыш өріс (поля номинаций) және қатыстық өріс (поля реляций) деп екіге бөледі. Атауыш өріс зат пен құбылыс және олардың белгілерін атап, солардың мағынасын өзіне тірек ететін категориялардан тұрса, қатыстық өрісті зат пен құбылыстардың арақатынасын бейнелейтін категориялар құрайды. Мұнда да белгілі бір семантиканы жеткізу үшін бірігетін түрлі деңгей бірліктері өріс ретінде сипатталады [4, 156-157 бб.].

Ал ассоциативтік өріс терминін енгізген Ш.Балли индивидуумның әрқайсысында ассоциативтік топтардың көлемі жағынан түрліше болып келетіндігін айтады. Оның пайымдауынша, «...толықтай уәжді таңба міндетті деген бір ішкі ассоциацияда бейнеленеді; еркін таңба ойша қосымша сыртқы ассоциациялар арқылы басқа таңбалармен байланыстырылады» екен [5, 154

б.]. Осылайша ассоциативті өріс барысында индивидуум санасында белгілі бір семантикалық жүйенің негізінде өзара әрекеттес, өзара байланысты күрделі жүйе бейнеленеді. Сайып келгенде, Е.Гулыга, Е.Шендельстің түсіндіруіндегі грамматика–лексикалық өріс, А.В.Бондарко ұсынған функционалды–семантикалық өріс, А.П.Комаровтың реляциялық өрісі түрлі терминдермен аталғаны болмаса, негізі бір болып табылады. Айырмашылығы – А.В.Бондарко өрістің негізін морфологиялық категория құрайды деп санаса, Е.Гулыга мен Е.Шендельс грамматикалық және лексикалық құралдарды тең дәрежеде алып қарайды. Байқағанымыздай, жоғарыда өріс теориясына қатысты айтылған тұжырымдардың бәрінің басын біріктіретін немесе бәріне ортақ болып табылатын бір идея бар. Ол - қандай да бір мағынаны жеткізуде түрлі тіл деңгейі бірліктерінің өзара әрекеттес келуі туралы идея.

Өріс теориясын ары қарай дамытқан А.В.Бондарко функционалды–семантикалық өріс терминін енгізеді. Мұнда дәстүрлі грамматикада бір–біріне байланыссыз қарастырылатын түрлі тіл деңгейі бірліктері бір өріске бірігеді және тілдік бірліктердің функциясы басты рөл атқарады. Сондай-ақ, бұл өріс функционалды грамматиканың басты нысаны болып табылады. Функционалды грамматикада белгілі бір мазмұнды жеткізуге қатысатын түрлі тіл деңгейіне жататын құралдардың жиынтығы деп анықталатын *өріс ұғымы* «деңгейаралық» құбылыс ретінде сипатталады. Өйткені мұнда дәстүрлі грамматикада бір–біріне байланыссыз қарастырылатын түрлі тіл деңгейі бірліктері (лексикалық, морфологиялық, синтаксистік) семантикалық функциясының ортақтығы негізінде бір өріс аясына жинақталады. Бұл тұста өріс тіл бірліктері құрайтын жиынтықтың мағыналық шеңбері дегенге саяды және физика ғылымында қолданылатын өріс ұғымының кеңістік мәнімен сәйкестенеді деуге болады.

Семантикалық функция бір тұтас сөйленіммен берілген мазмұнды анықтап, біртектес мағына беретін әр түрлі тіл деңгейі элементтерінің қызметін тұтастықта алып қарастырады. Олар белгілі бір мағынаны, ойды жеткізу үшін бірлесе қызмет етеді. Семантикалық функция тілдік бірліктердің жеке дара мағынасын ғана емес, сөйлеу мағынасын (речевые смысмы) да қамтиды. Өріс құрайтын тілдік бірліктер «мағынадан \Rightarrow тұлғаға» және «тұлғадан \Rightarrow мағынаға» қарайғы бағытта зерттелгенімен, олардың функциясының басты рөл атқаруы өрістің функционалды–семантикалық деп аталуына негіз болады.

Функционалды–семантикалық өріс дегеніміз - семантикалық функциясының ортақтығы негізінде бірігіп, белгілі бір мазмұнды беруге қатысатын түрлі тіл деңгейі құралдарының жиынтығы. Функционалды–семантикалық өріс құрылымдық сипаты бойынша әр текті болып келеді. Оның бұл ерекшелігі біртектес элементтерді қамтитын (морфема, лексема) басқа өрістермен салыстырғанда айқын көрінеді. Өйткені функционалды–

семантикалық өрісте өріс түзетін тілдік бірліктердің семантикалық жағынан үйлес келуі басты шарт болып табылады.

Сонымен, лингвистикадағы өріс түрлерін салыстырмалы сипаттамасы мен өзіндік ұқсастығы / айырмашылығы төмендегі кестеге жинақтап берілді.

Кесте 1 – Лингвистикадағы өріс түрлері мен олардың сипаттамасы

Өріс түрлері	Сипаттамасы		Деңгейге қатыстылығы
1	2		3
Лексика-семантикалық өріс	Біртекес бірліктерден (лексема) тұрады	Семантикалық жағынан топтасады	Лексикология
Синтаксистік өріс	Біртекес бірліктерден (сөйлем)	Семантикалық жағынан топтасады	Синтаксис
Атауыш өріс Реляциялық өріс Қатыстық өріс	Әр текес бірліктерден тұрады	Семантикалық жағынан топтасады	Деңгейаралық
Грамматика-лексикалық өріс	Әр текес бірліктер (грамматикалық және лексикалық, екеуі тең дәрежеде қаралады)	Семантикалық жағынан топтасады	Деңгейаралық
функционалды-семантикалық өріс	әр текес бірліктер (лексикалық, грамм: морфологиялық, сөзжасамдық, синтаксистік)	семантикалық жағынан топтасады	Деңгейаралық

Сонымен, түрлі тіл деңгейіне (лексикология, морфология, синтаксис, сөзжасам) жататын құралдардың өзара әрекеттес келуі ФСӨ-ге тән белгі саналады. Осымен байланысты ФСӨ-нің өрістерден өзгешелігін танытатын келесі бір белгіні көрсетуге болады. Бұл ФСӨ мен біртектес элементтерді (лексема, морфема т.б.) қамтитын басқа, мәселен лексика-семантикалық өрісті салыстырғанда анық байқалады. Мысалы, ФСӨ-де білдіретін мағынасы бірдей, семантикалық жақтан біркелкі болатын, бір-біріне сәйкес

немесе жуық келетін түрлі лексика-грамматикалық тіл бірліктері өзара байланыста қарастырылатындықтан сипаты жағынан әр текті болса, лексика-семантикалық өріс керісінше, бір ғана тілдік деңгейге жататын бірліктерді - лексемаларды ғана қамтып, біртекті сипат иеленеді.

Функционалды-семантикалық өріс тіл білімінде функционалды лингвистиканың бір бағытын құрайтын функционалды грамматиканың негізгі нысаны болып табылады. Функционалды-семантикалық өріс (ары қарай ФСӨ) белгілі бір мазмұнды жеткізеді және ол мазмұнды құрастыру тілдік құралдар көмегімен жүзеге асырылады. Яғни ФСӨ-ге сыртқы тұрпат пен ішкі мазмұн тән. Оның тұрпат межесін өріс элементтері болып табылатын түрлі тіл деңгейіндік құралдардың формальді (тұрпаттық)-құрылымдық жағы құраса, мазмұн межесін сол тілдік құралдардың мағыналары, яғни өрістің инвариант семантикасына енетін грамматикалық, лексикалық және лексика-грамматикалық мағыналар жасайды. Яғни өрістің мазмұн межесін жасайтын тілдік бірліктер ортақ инвариант семантикаға ие болып, соның негізінде бірігеді. ФСӨ-ні құрауға қатысатын әрбір тілдік құралдың әрқайсының өзіндік лексикалық не грамматикалық немесе сөзжасамдық мағынасы болғанымен, ФСӨ-де олардың (мағына) бәрі толық қамтылмай, бір-бірімен салыстыруға келетін, мағынасы инвариант семантикамен үндесетін семантикалық элементтер біріктіріледі.

Функционалды–семантикалық өріс құрылымы мен мазмұны бар «бірлік» болып табылады. Ол, бір жағынан, ұғымдық категориялармен байланысып жатса, екінші жағынан, тілдік жүйемен байланысты болады, тілдік жүйеге жатады. Өйткені ортақ мақсатта жұмсалу үшін бірігетін түрлі тіл деңгейі құралдарының топтамасы осы жүйеден «алынады». Сөйлеуші белгілі бір ақпаратты немесе мазмұнды жеткізу үшін тілдік жүйеден дайын, өзіне қажетті тілдік бірліктерді сөйлеу жағдаятына, мақсатына сай таңдап алып, оларды белгілі бір тәсілмен ұйымдастырады. Сөйтіп, тілдік бірліктердің жалпы семантикасы арқылы мазмұн тыңдаушыға жеткізіледі.

Ұғымдық категория әр түрлі тіл деңгейіндік құралдармен тілдің өзінде көрініс беретіндіктен тілдік категория ретінде түсініледі, оның тілдегі көрінісі ФСӨ болып табылады. Қандай да бір ФСӨ-нің негізінде белгілі бір ұғымдық категория жатады. Мысалы, аспектуалділіктің функционалды-семантикалық өрісі қимылдың өту сипаты (аспектуалділік) категориясының тілдік көрінісі саналады. Дегенмен ФСӨ мен ұғымдық (логикалық, ойлау) категорияны бара-бар деуге келмейді. Ұғымдық категорияның негізінде тілден тыс ақиқат шындық жататындықтан ол әмбебап (универсалды) сипатта болады. Ал оның тілдегі көрінісі барлық тілде бірдей емес. Әр тіл «әлем бейнесін» өзінше жасайды.

Қорыта айтқанда, өріс теориясына негізделетін функционалды грамматикада ФСӨ негізгі ұғым саналады. Өрістің тілдік бірліктердің семантикалық функциясының ортақтығына негізделіп құрылуы;

семантикалық функцияның ортақтығы тілдік деңгейге тиесілігі жағынан әр түрлі тілдік құралдарды біріктіруі; сөйтіп, тұрпаты жағынан әр текті сипат алуы оған (ФСӨ-ге) тән белгі саналады. Ал соңғысы ФСӨ-нің басқа өрістерден ерекшелігі болып табылады.

Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Сөздердің лексика-семантикалық өріске бірігіуіне негіз болатын не?
2. Ассоциативтік өріс пен реляциялық өрістің өзіндік ерекшеліктері неде?
3. Лексик-граммтаикалық өріс қандай ұстанымға негізделеді?
4. ФСӨ пен ЛГӨ айырмашылығы мен ұқсастығы неде?
5. ФСӨ-нің тұрпат межесін не құрайды?
6. ФСӨ мен семантикалық категория арасында қандай байланыс бар?

Әдебиеттер:

1. Кобозева И.М. Лингвистическая семантика. -М.:Эдиториал УРСС, 2004. –352 с.
2. Щур Г.С. Теории поля в лингвистике. – М.: Наука, 1974. – 255 с.
3. Гулыга Е.В., Шендельс Е.И. Грамматика-лексические поля в современном немецком языке. – М., 1969. –184 с.
4. Комаров А.П. Система средств выражения причинно-следственных отношений в современном немецком языке: автореф. ... докт. филолог. наук. – М., 1973. – 62 с.
5. Балли Ш. Общая лингвистика и вопросы французского языка. – М.,1955. – 416 с.

СӨЖ тақырыбы:

1. Функционалды-семантикалық өрістің басқа өріс түрлерімен мысалмен дәйектелеген салыстырмалы сипаттамасы (ФСӨ және ЛГӨ; ФСӨ және ЛСӨ; ФСӨ – АӨ/ РӨ);
2. Бір негізді және көп негізді функционалды-семантикалық өрістердің сипаттамасы.

СӨЖ тапсырмасын орындауға қажетті әдебиеттер:

1. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. 1 том. –А.: Дайк-Пресс, 2010. -100-110 бб.;
2. Жаңабекова А. Функционалды грамматиканың метатілі. –Алматы: Елтаным, 2012. -102-113 бб.
3. Салқынбай А. Функционалды грамматика очерктері. –Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 18-21 бб.
4. Жолшаева М.С. Қазақ тіліндегі етістіктер және аспектуалды семантика. – Алматы, 2011. – 173-177 бб.
5. Шалабай Б. Қолданымдық грамматика туралы // Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. – Алматы: Кие, 2007. – 54-65 бб.

2 ФУНКЦИОНАЛДЫ ГРАММАТИКАНЫҢ НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАРЫ

2.1 Қазақ тіл білімінде функционалды грамматиканың зерттелуі

Қазақ тілі грамматикасының мәселелері ғылыми негізде ХХ ғасырдың басында зерттеуге нысан болды. Бұл орайда қазақ тіл білімінің негізін қалаушы А. Байтұрсынұлының «Тіл - құрал» еңбегінің орны ерекше. Бұл еңбекте тілдің құрылымдық сипаты көрсетілген және грамматикалық терминдердің төл тілдік аталымдары қалыптасқан. Ал тілдің қолданымдық сипатын қарастыратын функционалды грамматика мәселелері қазақ тіл білімінде өткен ғасырдың соңында мақсатты түрде зерттеле бастады. Дегенмен тілдің қолданыстық сипатына қатысты тұжырымдар тілдегі функционалды бағыттың негізін құрайды десек, оның нышандары өткен ғасырдың бірінші жартысында жарық көрген қазақ лингвистері А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов және С.Аманжолов зерттеулерінде айқын көрініс береді. Аталған ғалымдар қазақ тіл білімінің негізін ғана салып қойған жоқ, ондағы ғылыми бағыттарды да айқындап берді. Тілдің қолданыстық сипатына қатысты тұжырымдар тілдегі функционалды бағыттың негізін қалайды десек, оның нышандары өткен ғасырдың бірінші жартысында жарық көрген А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов зерттеулерінде айқын көрініс береді. Бұл ғалымдар қазақ тіл білімінің негізін ғана салып қойған жоқ, ондағы ғылыми бағыттарды да айқындап берді. Солардың бірі – тілдегі функционалдық бағыт.

А.Байтұрсынұлы 1915 жылы жарық көрген «Тіл – құрал» еңбегінің екінші бөлімінде етістік категорияларына (етіс, рай, көсемше, есімше) тоқталып, оларға сипаттама беруде тілдік таңбаның мағыналық жағын негізге алған. Олай дейтін себебіміз, «тұлғадан – мағынаға қарай» ұстанымын басшылыққа алатын дәстүрлі грамматикада етіс категориясының төрт түрі көрсетіледі: *өзгелік етіс, өздік етіс, ырықсыз етіс, ортақ етіс* [1, 507]. А.Байтұрсынұлы еңбегінде етіс категориясына анықтама бермегенімен, оның келтірген мысалдарынан және етіс түрлерін санамалап жіктемесін жасай отырып, оны дәйектеуге берген тілдік деректерінен етіс деп іс-әрекетті жүзеге асырушы субъект пен жүзеге асатын іс-әрекеттің өзі, яғни нысан арасындағы қатынасты түсінген деп топшылауға болады. Сөйтіп, етістің төмендегідей *сабақты етіс; салт етіс, ортақ етіс, өздік етіс, өзгелік етіс, беделді етіс, ырықсыз етіс, шығыс етіс, дүркінді етіс, өсіңкі етіс* он түрін көрсетеді. Қазіргі қазақ тілі морфологиясына қатысты еңбектерде А.Байтұрсынұлы *салт етіс* және *сабақты етіс* деп көрсеткен етістің түрлері етістік сөз табының шеңберінде өз алдына салт етістіктер және сабақты етістіктер деген атпен жеке категория ретінде бөліп қарастырылса, *дүркінді етіс* және *өсіңкі етіс* түрлері мазмұн межесі жағынан етістіктің қимылдың өту сипаты категориясына сай келеді. Автор тарапынан етістердің қатарында

қаралатын дүркінді етіс пен өсіңкі етіске берілген анықтамалар мынадай: «Дүркінді етіс дейміз – қайта-қайта істелетін істі, мәселен, *хат жазғыладым, мылтық атқыладым, қолынан жұлқыладым*. «Жазғыладым», «атқыладым», «жұлқыладым» деген сөздер істің бір рет емес, бірнеше рет істелгенін көрсетеді» десе, «Өсіңкі етіс дейміз - күшейген істі. Мәселен, *ат жүріңкіреді, су тасыңқырады, бала ұйықтаңқырады*. «Жүріңкіреді» дегенде жүру күшейгені көрінеді, «тасыңқырады» дегенде тасқын күшейгені көрінеді, «ұйықтаңқырады» дегенде ұйқы күшейгені көрінеді» [1, 233-234]. Бұл анықтамалардан айқын көрініп тұрғандай, дүркінді етістегі амалдың бірнеше рет жасалуы, өсіңкі етістегі әрекеттің үдемелік сипаты – бәрі де қимылдың жасалу тәсілдеріне қатысты мағыналар болып табылады. Ал етістің басқа түрлеріне талдау жасар болсақ, мәселен, істі біреу арқылы істеуді беделді етіс деп атайды да, оған мынадай мысал береді: *хат жаздырды, өлең айттырды, үй салдырды, кітап алдырды* [1, 233]. Осындағы тілдік форманың ішкі мазмұнына үңілер болсақ, субъект пен оның іске асырылуы арасындағы қатынас үшінші адамның ықпалымен жүзеге асып отыр. Ал ғалым өзгелік етіс деп көрсеткен етістік келесі бір түріне берілген анықтама мен дәйектеу мысалдарына назар аударатын болсақ, сөзге қосылған қосымшаның тұрпаты (формасы) бірдей болғанмен, екі етіс түрінің (беделді етіс және өзгелік етіс) мағыналарының мүлде екі басқа екендігін аңғару қиынға соқпайды. «Өзгелік етіс дейміз – біреудің ісіне себепкер болуды, мәселен, *атты жүргізді, қойды өргізді, түйені тұрғызды* дегенде аттың жүруіне, қойдың өруіне, түйенің тұруына себептер болғанды көрсетеді» [1, 232] деп жазады. Яғни екі етіс түрінің арасында мағыналық жақтан, субъект әрекетіне және нысанға қатысты ерекшеліктердің бар екендігі анық байқалады. Сондықтан да ғалым бір тұлғада тұратын сөзді, ішкі мағыналық ерекшелігіне қарай етістің екі түрі ретінде алып қараған. Бұл – грамматикалық тұлғаның өзі қосылатын сөздің мағыналық ерекшелігіне қарай атқаратын қызметінің тағы бір қыры, яғни зерттеу нысаны *грамматикалық форма және оның тілдік қызметтері* болып табылатын функционалды морфологияның мәселелері. Ал қазіргі қазақ грамматикасында А. Байтұрсынұлы өзіндік мағыналық ерекшеліктерге ие болып келетін екі тілдік мәселе ретінде алып қарастырылған жайт, бір ғана өзгелік етістік аясында қаралады.

А. Байтұрсынұлы көсемше түрлерін ажыратуда да олардың мағыналық қырын негіз етіп алған. Ғалым көсемшені былайша анықтайды: «Көсемше дейміз – екі етіс қосарынан сөйлегенде, алдында айтылатын етістіктің қысқа түрін» [1, 245]. Бұл анықтамада көсемшенің жеке қолданылмайтындығы (қосарлы етістіктің алдында келуі), тиянақсыздығы (алдында айтылған етістіктің қысқа түрі) сияқты басты ерекшеліктері қамтылған. Ғалым көрсеткен көсемшенің түрлері: 1) үнемді көсемше; 2) үнемсіз көсемше; 3) ниетті көсемше. «Үнемді көсемше – созымды істі көрсету үшін айтылады.

Мәселен, *айта берді*. Үнемсіз көсемше – созымсыз бірден бітетін істі көрсету үшін айтылады. Мәселен, *айтып берді*. Ниетті көсемше – істеуге ниеттеніп тұрғанды білдіретін сөз түрі. Мәселен, *барғалы тұрмын*» [1, 245]. Сонымен, А.Байтұрсынұлының етістіктің етіс, көсемше және рай түрлеріне қатысты жіктемелері тұлғаның қолданыстағы мағыналарынан келіп шыққан және мұны функционалды морфологиялық зертеулердің қазақ тіл біліміндегі көріністері деп санауға болады.

Осы кезеңде ерекше орын алатын тағы бір еңбек Қ. Жұбановтың «Заметки о вспомогательных и сложных глаголах» атты мақаласы. Бұл еңбек алғаш 1936 жылы жарияланған. Академика И. Кеңесбаев былай деп жазады: «Қазақ лингвистикасы топырағында бірінші болып отыр, тұр, жатыр, жүр көмекші етістіктеріне ғылыми талдау жасаған адам - осы Қ. Жұбанов. Нақтылы да айқын деректерге сүйене отырып, аталған көмекші етістіктердің грамматикалық қызметін, олардың негізгі етістіктерге жапсарлас тәуелділігін ашып берген осы кісінің зерттеуі болатын. Жіктік жалғауы жалғанатын грамматикалық тұлға осы көмекші етістіктер болғандықтан, лексикалық мағынаға ие негізгі етістіктердің өзі де бір жағынан оларға тәуелді сияқты болып көрінетіні бекер емес. Оның үстіне бұл көмекші етістіктердің сөйлемде дербес тұрып та предикаттық қызметте жұмсалатын кезі бар. Мысалы: отыр+мын, тұр+мін, тұр+мын, жатыр+сың т.б.» [4, 24].

Қ.Жұбанов *отыр, тұр, жатыр, жүр* етістіктерінің бірнеше мағыналық реңктерінің бар екендігін және бұл олардың көмекшілік қызметіне де әсер ететіндігін айта келе, нақты мына мәселелерді қарастырады: қандай көмекші етістік тұлғасының қандай жетекші етістікпен тіркесетіндігі; осы тіркесімдіктен туындайтын мағына. Ол үшін аталған етістіктерге қатысты тілдік талдауды екі деңгейде жүргізеді: бірінші кезекте, төрт етістіктің басын қосатын ортақ морфологиялық белгілерді көрсетеді; екінші кезекте төрт етістіктің жетекші етістікке тіркесіп, көмекшілік қызмет атқарғандағы шақ мағыналарын беру ерекшеліктеріне тоқталады. Төрт етістіктің көмекшілік қызметте келу арқылы күрделі осы шақ түрін жасау ерекшеліктерін төртке бөліп қарайды: 1) әмбебап осы шақ (форматив - *жатыр*); 2) үздіксіз емес созылыңқы осы шақ (форматив - *жүр*); 3) нақ осы сәттегі үздіксіз созылыңқы қимыл (форматив – *тұр*); 4) нақ осы сәттегі белсенді қимыл (форматив – *отыр*) [3, 80-81].

Ғалым төрт етістіктің жетекші етістіктерге үстейтін грамматикалық мағынасын шақ ұғымы, нақтырақ айтқанда, осы шақ арқылы түсіндіруге тырысады. Бірақ мұнда Қ. Жұбановтың қимылдың уақытқа қатысын шақ ұғымы арқылы сипаттауда оның (қимылдың) ішкі созылыңқылығын көрсетеді. Бұл туралы ғалымның өзі көмекші етістіктер күрделі етістік құрамында осы шақ мағынасын ғана емес, негізгі етістік мағынасына қимылдың созылыңқылығын, дүркіндік мағынасын үстейтін сыпат (вид) формативтерінің де қызметін атқаратындығын айтады. Төрт қалып етістігін

біріктіретін ортақ семантика шаққа қатысты болса, айырмашылығы қимылдың өту ағымын сипаттауында. Сондай-ақ, ғалым жетекші етістік пен төрт көмекші етістік тіркесімділігі алдыңғысының лексика-семантикалық ерекшелігіне байланысты болып келетіндігін анық байқаған. Зерттеушінің мына пікірі осыны көрсетсе керек: «... *тұр* формативі дәл сол минутта өтіп жатқан қимылды хабарлау үшін: *жаңбыр жауып тұр* (дождь идет в данную минуту) және созылыңқы қимылды беру үшін қолданылады: *көптен бері жаңбыр жауып тұр* (дождь идет давно). *Отыр* етістігі мен *тұр* етістігінің қолданысындағы айырмашылық мынада: соңғысы сол сәттегі жасалып жатқан қимылды білдіреді. Алдыңғысы тек адам жүзеге асыратын әрекеттерді, өте сирек соған (адамға) тең келетін абстрактылы субъект іске асыратын қимылдарды білдіруде ғана қолданылса, екінші етістік әрекеттің іске асырушысына қатысты бейтараптылығымен, бәріне бірдей қолданыла беретіндігімен ерекшеленеді» [3, 83]. Қ.Жұбанов осы еңбегінде *жатыр* етістігінің -ып/-іп, -п және -а/-е, -й тұлғасындағы *бар*, *кел* етістіктерімен тіркесіп, өзінің сөздік мағынасынан мүлде қол үзетіндігін және қимылдың үдемелік сипатын, сондай-ақ, жасалу мен жалғасу үстіндегі процесті білдіретіндігін көрсетеді [3, 88-89]. Қ. Жұбановтың бұл еңбегінде айтылған осы жайттардың барлығы да грамматикалық мағынаның берілуіндегі тұлғалардың функционалды мағыналық потенциалын көрсетеді.

С.Аманжоловтың «Септік жалғауларының қызметі» [4] атты мақаласы арқылы функционалды морфологияның қазақ ғалымдарының еңбектеріндегі көрінісін немесе нышандарын белгілеуге болады. Сонда қазақ тіл білімі үшін функционалды морфология мәселелері мен оның принциптері мүлде жаңа нәрсе емес екендігін аңғару қиын емес. Сөзіміз дәлелді болу үшін ғалымның осы мақаласына талдау жасайық. Мақалада автор септік жалғаулары беретін мағыналарға тоқталып, сөйлем ішінде олардың түрлі мағыналық қатынастар жасауы тілдік деректермен дәйектеледі. Мәселен, ғалым септік жалғауларының қолданыстағы мағыналарын екіге бөледі және *тік мағына* мен *көлденең мағына* деген терминдерді енгізеді. С. Аманжолов *тік мағына* ретінде септік жалғауының негізгі мағынасын алған, мәселен жатыс септігінің *мекендік* мағынасы тік мағына, ал қолданыстан туындаған *шарттық*, *себептік*, *мезгілдік* мағыналары көлденең мағына деп көрсетілген. Сондай-ақ, барыс септігінің объектілік қатынаста жұмсалыуын атаса, көлденең мағынасына барыс септікті сөздердің түрлі тұлғалардан кейін жалғанып келуін атайды. Соның ішінде *Мен онымен бірге жүрмеймін* деген сөйлемдегі *бірге* сөзіндегі барыс септігін *кімге? неге?* деген сұраққа жауап бермейді, *кіммен бірге?* деген қосалқы сұраққа жауап береді деп көрсетеді. Бұл тұста автор, барыс жалғаулы сөздің қызметінің ауысып тұрғанын меңзеген сияқты. Жатыс жалғауының негізгі *-да/де*, *-та/-те*. Бұлар заттың мекенін жалпы түрде көрсетеді дей келе, автор тік мағына мен көлденең мағынасын ажыратып береді. Әдетте, кез келген тұлғаның негізгі мағынасымен қоса,

сөйлеуде сөйлеу ортасынан, мәнмәтіннен көрінетін, сол ортада негізгі мағына саналатын қолданыстағы мағынасы болады. Басқаша айтқанда, негізгі мағынаның орнын сөйлеуде сол сөздің бойында бар кез келген потенциалды мағына алмастыра алады және ол сол сөйлеу жағдаятында негізгі мағына қызметін атқарады. Жалпы бұл тілдік бірліктердің функционалды–коммуникативтік аспектісімен байланысты. Бұл әсіресе, синтаксистік деңгейде анық көрінеді. Жоғарыда С.Аманжолов көрсеткен септік жалғауларының тік және көлденең мағыналары осымен байланысты.

Жалпы алғанда, А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С. Аманжолов еңбектері жай ғана тілдік зерттеулер емес, ол зерттеулердің ғылыми бағыттары айқындалған еңбектер деп айтуға толық негіз бар.

Функционалды грамматика мәселелерінің қазақ тіл материалдары негізінде зерттелу тарихы өткен ғасырдың соңынан бастау алады. Бұл орайда С.С.Құнанбаева, З.К.Ахметжанова, Е.Жанпейісов, Р.Әмір, Б.Шалабай, Қ.Рысалды, Т.Сайрамбаева, Т.Абдығалиева, Ж.Жакупов, З.Ерназарова, А.Салқынбай, Н.Сәрсембаева, Б.Қапалбеков, М.Жолшаева, А.Жаңабекова, О.Жұбаева, М.Б.Нуртазина, Ж.Садуақасов, Д.Әлкебаева, Л.Дүйсембекова, А.Алтаева, С.Құлманов, Қ.Мұқамди, Қ.Бибекөв, А.Солтанбекова және т.б. ғалымдардың мақалаларын, монографияларын, ғылыми зерттеу еңбектерін атап көрсетуге және бұл бағыттағы зерттеулерді бірнеше қырынан саралауға болады. Біріншіден, грамматикалық тұлғалар мен синтаксистік бірліктердің функционалды аспектісі. Бұл бағыттағы зерттеулерде грамматикалық тұлғалардың семантикалық жағынан жұмсалу әлеуетін және синтаксистік бірліктердің функционалды сипатын, контекст мәселелерін, синтаксистік бірліктердің жұмсалымындағы прагматика мәселелері қарастырылды. Екіншісі – кең ауқымдағы жалпы тілдік категорияларды «мағынадан тұлғаға қарай» ұстанымына негіздеп, функционалды-семантикалық өріс теориясы тұрғысынан қарастыру. Бұл сипаттағы зерттеулер таза қазақ тілі деерктері және басқа тілдермен, орыс және неміс тілдерімен салғастыра отырып зерттелді. Нәтижесінде бірнеше семантикалық категория функционалды-семантикалық өріс теориясы тұрғысынан терең талданды.

Сонымен қатар, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ұжымы іргелі зерттеу нәтижесі бойынша 2010, 2011 жылдары екі томдық «Қазақ тілінің функционалды грамматикасы» атты ғылыми жинақ шығарды. Аталған жинақта қамтылған функционалды грамматика мәселелері мазмұны жағынан үш топқа біріктіруге болады.

Бірінші топты функционалды грамматиканың жалпы мәселелері мен негізгі ұғымдарына қатысы мақалалар құрайды. Атап айтқанда, лингвистикадағы ономасиологиялық, семасиологиялық бағыттар; грамматиканы зерттеудің бағыттары; функционалды грамматика мен құрылымдық грамматиканың өзіндік ерекшеліктері, функционалды грамматиканың негізгі нысандары болып табылатын ұғымдық категориялар,

функция ұғымы, функционалды-семантикалық өрістер, категориялық жағдаят туралы түсініктер және т.б.; *екінші топ* – жекелеген функционалды-семантикалық категориялар, атап айтқанда аспектуалдық (М.Жолшаева); модальдық категориясының функционалды-семантикалық өрісі (С.Құлманов); персоналдық функционалды-семантикалық өрісі (О.Жұбаева); шақтық локалдылық/бейлокалдылық функционалды-семантикалық категориясы (Солтанбекова А.); посессивтілік функционалды-семантикалық категориясы (З.К.Ахметжанова); белгі дәрежесі – функционалды-коммуникативтік категория (Қ.Рысалды); белгілілік/белгісіздік функционалды-семантикалық категориясы (Н.Сәрсембаева; А.Тураева); темпоралдылық функционалды-семантикалық категориясы (А.Жаңабекова); субъектілік-объектілік категориясының функционалды-семантикалық өрісі (А.Солтанбекова); қазақ тіліндегі мөлшерлік функционалды-семантикалық категориясы (Е.Маралбек); *үшінші топ* – функционалды грамматиканың құрамдас бөлігі болып табылатын және жаңа бағыт интонология мәселелеріне арналған. Атап айтқанда, интонацияның коммуникативтік синтаксиске қатысы, коммуникативтік акт шеңберіндегі интонацияның көрінісі, интонацияның прагматикалық қызметі (З.Базарбаева; А.Аманбаева).

Сонымен қатар, А.Салқынбайдың «Функционалды грамматика очерктері» атты оқу құралында қазақ тіліндегі етіс категориясы функционалды аспектіден қарастырылса, әл-Фараби атындағы қазақ Ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспасынан шыққан «Қазақ тілінің функционалды грамматикасы» атты оқу құралында функционалды грамматиканың теориялық мәселелері мен бірқатар семантикалық категориялар қамтылған. Сондай-ақ, қазақ тілі біліміндегі функционалды грамматика бойынша соны тұжырымдарды әдістеме саласында пайдалану және оның артықшылықтары туралы З.Күзекованың мақалаларында, қазақ тілін практикалық мақсатта пайдалануға арналған оқу құралдарында қамтылған.

Қорыта айтқанда, қазақ тілтанымында функционалды грамматика мәселелері қашан да зерттеушілердің назарында болды. Өйткені тілдің басты қызметтерінің бірі қарым-қатынас құралы болу десек, мұның өзі сөйлеу болып табылады. Яғни тілдің қолданысы, тіл элементтерінің актуалдануы қашанда тіл жүйесімен «қатар» жүреді. Тілдік жүйені сипаттағанда оның және жүйені құрайтын элементтердің қызметін атап кету мүмкін емес.

Қазақ тіл білімінде тілдің функционалды жағын қарастыру мынадай бағыттарды қамтиды: 1) грамматикалық тұлғалардың функциясы және осымен тікелей байланысты олардың функционалды-семантикалық әлеуеті; оның сөйлеудегі көріністері; 2) белгілі бір ойды жеткізу барысында жұмсалатын тіл бірліктерін ФСӨ теориясы негізінде зерделеу; 3) сөйлеу: сөйлеу бірліктерінің прагматикасы және интонация мәселелері.

Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Қазақ тілтанымдағы функционалды грамматика мәселесімен айналысқан ғалымдарды атаңыз.
2. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде функционалды грамматика нышандары неден көрінеді?
3. Қазақ тіліндегі функционалды морфология мәселелерін С.Аманжолов есімімен байланыстырыңыз.
4. Қандай жалпытілдік категориялар қазақ тілінде арнайы қарастырылған?
5. Қазақ тіл біліміндегі функционалды бағыттағы зерттеулерді қалай жүйелеуге болады?

Әдебиеттер:

- 1 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. –Алматы, 1992. – 448 б.
- 2 Кеңесбаев І. Профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбанов // Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Үшінші басылымы. –Алматы, Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. - 9-33 бб.
- 3 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966. – 362 б.
- 4 Аманжолов С.А. Септік жалғаудың қызметі // Тіл мәселелері: жинақ. – Алматы: Ұлт мәдениеті институты баспасы, 1936. – 64 б.

СӨЖ тақырыбы:

Қазақ тіл білімі және функционалды грамматика:

- 1) функционалды грамматикаға қатысты жазылған еңбектердегі (хронологиялық жақтан) мәселелердің біріне талдау жасаңыз және оларды өзара салыстырыңыз;
- 2) функционалды грамматика мәселелеріне (теориялық тақырыптар бойынша) тоқталып, талдау жасаңыз.

СӨЖ тапсырмасын орындауға қажетті әдебиеттер:

1. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. –А.: Дайк-Пресс, 2011. -41-68 бб.;
2. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. –А.: ЖШС «Ануар-KZ», 2010. – 720 б.
3. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. –Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 178 б.
4. Жанпейісов Е.
- 5 Ахметжанова З.К. Функционально-семантические поля русского и казахского языков. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 108 с.
- 6 Бибеков Қ.Т. Қимылдың соңғы кезеңінің көрсеткіштері мен қолданыстағы мағыналық ерекшеліктері: филол. ғылым. канд. ... авторефер. –Астана, 2003. – 30 б.

7 Маралбаева С. М. Семантика процессности действия и способы ее выражения в казахском языке: автореф. ... канд. филолог. наук. – Алма-Ата, 1991. – 19 с.

8 Мұқамади Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі қимылдың тездік тәсілінің мағыналық құрамы мен берілу жолдары: филолог. ғылым. канд. ... автореф. – Алматы, 1997. – 27 б.

9 Шарапиденова А.Т. Начинательность в системе аспектуальности казахского и русского языков: автореф. канд. ... филолог. наук. – Алма-Ата, 1993. – 22 с.

10 Рысалды Қ. Сын дәрежесі категориясы: функционалды-коммуникативтік табиғаты (қазақ және неміс тілдері негізінде): филолог. ғылым. докт. ... автореф. – Алматы, 2007. – 54 б.

11 Жанпейісов Е. Қызметтік грамматиканың бастау ұғымдары // ҚР БЖҒМ мен ҰҒА Хабарлары. Филология сериясы. –2003. – №1. – 41-50 бб.

12 Құнанбаева С. Темпоральные отношения в казахском художественном тексте: автореф. ... докт. филолог. наук. – Алма-Ата, 1991. – 50 с.

13 Әбдіғалиева Т. Қазіргі қазақ тіліндегі болымдылық-болымсыздықтың мағынасы мен қызметі. – Алматы: Білім, 1996. – 160 б.

14 Шалабай Б. Қолданымдық грамматика туралы // Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. – Алматы: Кие, 2007. – 54-74 бб.

15 Жакупов Ж.А. Қазақ тілінің функциональдық синтаксисі: филолог. ғылым. докт. ... автореф. – Алматы, 1999. – 66 б.

16 Салқынбай А. Функционалды грамматиканың негізгі түсініктері туралы // әл-Фараби атындағы ҚҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы, 2001. – № 42. – 26-29 бб.

17 Нуртазина Б.М. Из опыта функционально-коммуникативного описания семантики таксиса // Функциональная лингвистика: состояния и перспективы. – Алматы, 2003. – 129-137 бб.

18 Ерназарова З.Ш. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі. – Алматы, 2001. – 198 б.


2.2 Лингвистикадағы функция ұғымы


Функционалды грамматикадағы негізгі ұғымдардың бірі – *функция*. Өйткені функционалды грамматика қандай да бір ойды жеткізу үшін сөйлеудегі тілдік құралдарының қызмет зерттеуді және тіл бірліктерінің мағыналық жақтан жұмсалымдық әлеуетін анықтауды да басты назарда ұстайды. Қазақ тілтанымында функция терминіне балама ретінде *қызмет*, *қолданыс*, *жұмсалым* сөздері де ұсынылып жүр. Әр ғылым саласы функция ұғымын мақсаты мен зерттеу бағытына қарай түрліше анықтайды. Дегенмен барлық анықтамаларға ортақ болып келетін функцияны белгілі бір элементтің, нысанның мақсатты қызметі дегенге саятын инвариантты табуға болады. Философияда функция белгілі бір нысанға тән және сол нысанның

немесе өзі элемент ретінде енетін жүйенің бар болуын қамтамасыз ететін тәсілдің қозғалысы ретінде анықталады. Тіл білімінде, ең алдымен, жалпы тілдің қызметі (бейнелеуші-экспрессивті және коммуникативті) мен жеке тілдік элементтердің қызметі ажыратылады. Лингвистикада функция ұғымына қатысты көзқарастарда бірізділіктің жоқтығы тілдік бірліктердің функциясы мен семантикасының арақатынасына байланысты: функция тіл бірліктерінің семантикасына қарсы қойылады немесе керісінше, тілдік бірліктердің мағыналары олардың қызметі ретінде ұғынылады. Сондай-ақ, осы функция, мағына терминдері бір-біріне жақын ұғымдар болып табылады. Өйткені тіл – таңбалар жүйесі, ал жүйені құрайтын тіл элементі қандай да бір ұғымды беру қызметін атқаратын мағынаны (лексикалық, грамматикалық) білдіреді. Сондықтан дәстүрлі грамматикада тіл бірліктерін белгілі бір тілдік топтарға жинақтауда олардың нені білдіреді? деген сауалға жауап болатын мағынасымен қатар, не үшін жұмсалады? деген функциясы да маңызды белгі ретінде қарастырылады.

Функция ұғымының тіл білімінде термин ретінде қалыптасуы В.Гумбольдт, Г.Майер, О.Есперсен, А.А.Потебня, Ш.Балли, Е.Курилович еңбектерінен басталады. Аталған ғалымдардың еңбектерінде негізінен сөздердің синтаксистік қызметі қарастырылады. XX ғасырдың бірінші жартысында функция ұғымы төмендегідей үш қырынан сипатталды: 1) жеке сөздің (тұлғаның) мағынасы; 2) тілдік құралдың қызметі; сөздің (тұлғаның) орны (позициясы) [1, 69 б.].

Функция тілдік бірліктердің мағынасы, яғни қолданыстағы қызметі ретінде түсіндірілетін көзқарас Прага лингвистикалық мектебі өкілдерінің еңбектерінде айқын көрініс тапқан. Олардың түсінігінде функция тілдік элементтің қызметі, мақсаты дегенді білдіреді. «... Термин функция употребляется тогда, когда речь идет о значении (функция слова, предложения) или о структуре смысловых единиц (функция фонемы)» [2, 249 б.]. Бұл ұғымдағы функция тіл элементінің кез келген қызметін көрсетеді. Функция мен мағына ұғымдары бірдей емес: кез келген мағына белгілі бір құрал немесе тілдік құралдар кешенінің қызметі ретінде қарастырылуы мүмкін, бірақ кез келген функция мағына емес (мәселен, іс-әрекетке барғызу мағынасының түрлі жүзеге асыратын бұйрық рай тұлғаларының қызметі мен сөйлем мүшелерінің құрылымдық қызметі). Функция терминін тар және кең ұғымда алып қарауға болады. Мұның өзін екі жақтан қарастыруға болады. Бірі – тілдің (жалпы тілдік жүйенің) атқаратын қызметтері; ал екіншісі – сол жүйені құрайтын тіл деңгейлері бірліктерінің қызметі. Соңғының өзі екі аспектіде қаралады. Оны сызбамен былайша өрнектеуге болады:





Сурет 1 – Лингвистикадағы функция ұғымы

Тілдің ақтаратын қызметін санамалап көрсеткенде: тіл – қарым-қатынас құралы; тіл – ақпаратты бойында сақтаушы және оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші; тіл – эмоцияны білдірудің бір тәсілі және т.б., ал жинақтап, «тіл коммуникативтік, когнитивтік және кумулятивтік қызмет атқарады» деп көрсетуге болады. Бұл қызметтердің қай қайсысы да тілдік жүйені құрайтын тіл деңгейі бірліктеріне негізделеді және олардың семантикалық-функционалды әлеуетінен көрінеді. Осы түрлі тіл деңгейі бірліктерінің жұмсалымын жеке алып та қарауға болады және бірге де алып қарастыруға болады. Осы орайда әр түрлі деңгейге жататын тіл бірліктерінің бір өріске жинақталуы қандай ұстанымға негізделеді? деген заңды сауал туындайды, сондай-ақ функция ұғымының кең және тар түсінігі пайда болады. Функция тар түсінікте тіл бірлігі қызметі ретінде қабылданады, мысалы: құрылымдық грамматикадағы морфемалардың грамматикалық мағынаны берудегі қызметтері; синтаксистік бірліктердің қызметтері. Функционалды грамматиканың нысаны сөйлеу немесе тілдік жүйедегі ортақ семантикалық қызмет бойынша біріккен элементтердің актуалдануы болып табылады. Яғни тіл бірліктерінің белгілі бір мақсатты жүзеге асыруда бірігіп қызмет етеді, сондықтан мұнда функция кең ұғымда түсініледі.

Тіл жүйесі элементтерінің қызметін шартты түрде екі жақты қарауға болады: бірі – негізгі ақтаратын қызметі; екіншісі осы түсінікпен байланысты болып келетін басқа қандай да бір қызметтерді атқаруға бейімділігі. Бұл жердегі бейімділік – семантикалық бейімділік деген сөз. Ал бұл тіл бірлігіне тән мағыналық-функционалды бейімділік, мүмкінділік, дәлірек айтқанда әлеуеттің (потенциалдың) қолданысы нәтиже ретінде қаралады және ол сөйлеуде көрінеді. Өйткені лексикалық, грамматикалық бірліктердің негізгі қызметтерінен басқа да мағыналық-жұмсалымдық мүмкіндіктері сөйлеуде толық ашылып, дәл сол сөйлеу актісінде потенциалды қызмет негізгі қызметке айналады. Осымен байланысты функцияның екі түрі ажыратылады: потенциалды функция (ары қарай Фп) және нәтижелі функция (ары қарай Фн). Сонымен, тілдік бірліктердің функциясы дегеніміз – олардың (тіл бірліктерінің) белгілі бір қызмет атқаруға қабілеттілігі, жұмсалу мүмкіндігі, сондай-ақ жұмсалымның (функционирование) іске асқан нәтижесі – жүзеге

асқан мақсат [3, 29]. Мұнда функцияның екі – потенциалды (Фп) және нәтижелі (Фн) қырлары қамтылған. Функцияның бұл екі сипаты арасындағы өзгешелік абсолютті емес, салыстырмалы болып келеді. Фп аспектісі, ең алдымен, «тұлғадан мағынаға қарайғы» немесе «кұралдан функцияға» бағытындағы грамматикалық сипаттаумен байланысты және нақты бір тұлға қызметінің жұмсалы мүмкіндігі айқындалады. Ал Фн аспектісі екі бағытта, «мағынадан тұлғаға қарай» және «тұлғадан мағынаға қарай» қаралғанмен, алдыңғысы доминанттық сипатта болады. Функция өзара әрекеттес тілдік құралдардың жұмсалым нәтижесі ретінде қаралғанда (Фн), сол қызметті (айтылуға тиісті ойды, мақсатты) жүзеге асыруға қатысқан құралдар құрамы анықталады. Сөйтіп, тілдік бірліктердің жұмсалы мүмкіндігі тіл жүйесіне, ал мүмкіндіктің жүзеге асуы сөйлеуге қатысты болып шығады.

Функциямен байланысты ұғым – жұмсалым әрекеті (функционирование). Тілдік бірліктердің жұмсалым әрекеті – сөйлеуде актуализацияланған тілдік жүйенің әр түрлі деңгейіне жататын элементтер мен ортаның өзара әрекеттестігі [4, 10]. Тілдік бірліктердің жұмсалым түрлері мен заңдылықтары тілдік жүйеге, тілдік нормаға жатқанымен, жұмсалым процесі сөйлеуде жүзеге асады.

Жұмсалым әрекетіне тән белгі – қозғалыс. Басқалай айтсақ, жұмсалым процесі арқылы потенциалды функция нәтижелі функцияға өтеді, тіл сөйлеу процесіне ауысады, мүмкіндік ақиқатқа айналады. Сөйлеуші ойы тілдік құралдар арқылы тыңдаушыға жеткізіледі. Фп \Rightarrow Фн өту динамикасы - Фп мен Фн қатынасына қатысты маңызды мәселелердің бірі. Фп-ның Фн-ға айналуы сөйлеушінің сөйлеу әрекеті кезінде іске асатындықтан, функция тілдік құралдың потенциалды және жүзеге асқан қызметі ғана емес, сондай-ақ процесс үстіндегі (іске асу) орындалатын қызмет ретінде қаралуы тиіс. Өйткені сөйлеушінің айтылым қызметін атқару үшін тілдік бірліктерді өз мақсатына сай таңдауы Фп-ның Фн-ға өту процесіне жатады.

Сонымен, «тілдік бірліктердің жұмсалым әрекеті» ұғымында айтылым мағынасын беруде сөйлеушінің айтар ойын жеткізуге қажетті тілдік құралдарды таңдауы; тіл жүйесінің түрлі деңгейіне жататын бірліктер қызметінің өзара әрекеттес келуі; потенциалды функцияның нәтижелі функцияға айналуы қамтылады. Сондай-ақ тілдік жүйе бірліктерінің ортамен өзара әрекеттестігі – осы ұғым шеңберіндегі маңызды элементтердің бірі. Орта ұғымының лингвистикалық түсіндірмесін А.В.Бондарко төмендегіше анықтайды: «бастапқы жүйе ретінде алынған қандай да бір тілдік бірлік, категория немесе топқа қатысты орта дегеніміз – бұл көптеген тілдік (сондай-ақ тілдік емес) элементтердің жиынтығы. Бұл жиынтық бастапқы жүйемен өзара әрекеттестікте болады» [5, 24-25]. Мұнда тілдік бірлік, категория немесе топ бастапқы жүйе ретінде қаралады да, бастапқы жүйеге қатысты орта тілдік және тілдік емес элементтердің жиынтығы болып

табылады. Жүйе онымен әрекеттес келіп, өзіне тән қызметті жүзеге асырады. Бұдан жүйе мен ортаның қызметке тәуелділігі аңғарылады. Жүйе мен ортаның өзара әрекеті тілдік бірліктер қызметін $\Phi_p \Rightarrow \Phi_n$ жүзеге асыруға бағытталады. Жүйе (бірлік, категория т.б) ортаның көмегінсіз жеке дара тілдік қатысым процесінде жүзеге асатын айтылым мағынасын жеткізу қызметін атқара алмайды. Φ_n құралдар кешені атқаратын кешенді функцияның құрамдас бөлігі болып табылады, бірі – бастапқы жүйе, басқалары соған қатысты орта түзеді. Бастапқы жүйеге қатысты ортаның екі түрін көрсетуге болады: тілдік орта және сөйлеу ортасы.

Тілдік жүйеде тілдік бірліктердің ортаның әр түрлі элементтерімен өзара әрекеттесуге «есептелген» семантикалық мүмкіндігі қалыптасады. Мәселен, амал-әрекеттің өту сипаты негізінен аналитикалық форманттар арқылы берілетін болса, қалған нақтылаулар басқа семантикалық категория, лексема, синтаксистік құрылым және сөйлеу жағдаятына т.б. қарай анықталады. Яғни қимылдың өту сипаты категориясының грамматикалық формаларының қызметі ортаның аспектуалды элементтері жүзеге асыратын нақтылауға негіз болуға қажетті әрі жеткілікті мазмұн жалпылығымен сипатталады. Мысалы, *Тысқа шыққан Сырбай оралғанша, Рақмет хатты төрт-бес рет оқып шықты* (С.Мұқанов) дегенде *-п шық* аналитикалық форманты қимылдың жүзеге асып біткенін көрсетсе, қимылдың қосымша сипаттары (дүркіндік, созылыңқылық, қимылдың шегіне жете аяқталуы) онымен әрекеттес басқа категория және лексикалық көрсеткішпен айқындалған. Мәселен, созылыңқы қимыл басқа $\Phi_{C\Theta}$ пен дүркінділік мағына беретін лексеманың арасындағы байланыстан көрінеді.

Тілдік бірліктер қызметінің потенциалды және нәтижелі аспектілерін функционалды-семантикалық өріс ($\Phi_{C\Theta}$) және категориалды жағдаят (КЖ) ұғымдарына қатысты да түсіндіріледі. Жүйе мен ортаның өзара әрекеттестігі $\Phi_{C\Theta}$ қалыптастыруда маңызды біріктіруші фактор болып табылады. $\Phi_{C\Theta}$ ұғымында «функция» ұғымы және жүйе мен орта қатынасынан туындап түйісетін екі желіні көрсетуге болады: біріншісі – өріс семантикалық қызметтің ортақтығына негізделіп құрылады; бұл ортақтық тілдік деңгейге тиесілілігі мен құрылымы жағынан әр түрлі тілдік құралдарды біріктіреді. Өзара әрекеттестікке негіз болатын және ортаның лексикалық, грамматикалық элементтерін біріктіретін грамматикалық жүйе (бір немесе бірнеше) сол ортамен функционалды-семантикалық өріс деп аталатын бірлік түзеді.

Сонымен, функционалды-семантикалық өріс дегеніміз – белгілі бір семантикалық категорияға негізделіп, семантикалық қызметінің ортақтығына қарай өзара әрекеттес грамматикалық және лексика-грамматикалық, сондай-ақ әр түрлі аралас (лексика-синтаксистік т.б) тілдік құралдар тобы деп анықталса, осы $\Phi_{C\Theta}$ Φ_p -ға сәйкес қарастырылады. $\Phi_{C\Theta}$ құрамын

анықтағанда жүйелі-парадигмалық байланыстағы әр түрлі тілдік деңгейге жататын бірліктер талдау нысаны болады. Мұндай талдауда әрбір тілдік құрал семантикалық потенциалға ие құрал ретінде қарастырылады. Мысалы, аспектуалдықтың (қимылдың өту сипаты) функционалды-семантикалық өрісі құрылымын талдауда етістіктің аналитикалық форманттары, созылыңқылық, дүркінділік мағына беретін лексемалар, синтаксистік құрылымдар т.б. семантикалық потенциалды қызметі (жүгі), аспектуалды мағынаны беруге олардың мүмкіндіктерінің (Фп) қатыстылығы тұрғысынан қарастырылады. Әрине, өріс компоненттерінің қандай да бір мағынаны беруге қабілеттілігін көрсету үшін айтылымға жасалған талдау негізге алынады. Бұл – тіл мен сөйлеудің бірлігін танытатын Фп мен Фн-ның заңды байланысының көрінісі. Дегенмен өріске талдау жүргізу барысында тілдік бірліктердің қызметін қарастырудың негізгі аспектісі Фп болып табылады.

КЖ ұғымы айтылымға қатысты. Лингвистикалық еңбектерде КЖ белгілі бір семантикалық категорияға және соның негізінде жасалатын ФСӨ-ге негізделетін, айтылыммен берілетін жалпы жағдаяттың бір қырын танытатын типтік мазмұнды құрылым ретінде анықталған. Қандай да бір КЖ-ты (темпоралды, модалды, локативті, посессивті т.б.) талдауда айтылымға сүйенеміз. Ал айтылым – Фп-ның сөйлеудегі көрінісі, яғни Фн. Бұл КЖ-ның сөйлеу деңгейінде болатын құбылыс екендігін көрсетеді. Категориалдық жағдаятты зерттеу – функцияны айтылым деңгейінде қарастыру деген сөз.

Айтылым - тілдік бірліктер жұмсалымы жүзеге асатын сөйлеудің ең кіші бірлігі. Айтылым қызметі (мақсаты) ойды жеткізу десек, осы мақсатқа қатысты алғанда жекелеген бірліктердің қызметі өздері құрамына енетін мазмұнды бүтінге тәуелді жеке элементтер болып шығады. «Тілдік бірліктер қызметі» ұғымының бұл қыры ғылыми таным теориясындағы «жеке – бүтін» қатынасы тұрғысынан түсіндірілетін функция ұғымымен сәйкестенеді [6]. Сөйлеуші ойын бір айтылым аясында ғана емес, бірнеше айтылыммен, сондай-ақ құрылымы, соған сай мазмұны күрделенген айтылымдармен жеткізуі мүмкін. Осы тұрғыдан келгенде, тілдік бірліктер жұмсалымы үшін айтылым микроорта, ал тұтас мәтін макроортаны құрайды.

Жоғарыда айтылғандарды түйіндесек, функция ұғымының тілдік сипаты ғылыми таным теориясындағы нысанды функционалды жағынан қарастыру, атап айтқанда, нысан мен ортаның қатынасы, нысанның жүйедегі орны мен рөлі, нысанның мақсатты қызметі т.б. қатысты ұғымдардан алшақ кетпейді. Қандай да бір тілдік бірліктің сөйлеуде атқаратын қызметі немесе мақсатты қолданысы дегенге саятын «функция» ұғымын екі аспектіде (потенциалды және нәтижелі) қарастыру оның (функцияның) мәнін терең танып білу үшін маңызды. Сондай-ақ бұл функция мен жұмсалым, тіл мен сөйлеу, ФСӨ пен КЖ, тілдік бірліктердің жұмсалым аясы, жүйе мен орта т.б. мәселелерді кеңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Функция деген терминді қалай түсінесіз?
2. Тілдің атқаратын қызметтерін атаңыз.
3. Тіл бірліктерінің жұмсалым әрекеті дегеніміз не?
4. Тіл бірліктерінің мағыналық-жұмсалымдық әлеуеті дегенді қалай түсіндіресіз?
5. Нәтижелі функция дегеніміз не?

Әдебиеттер:

- 1 Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. – Алматы: Дайк-пресс, 2011. 2 – кітап. -68-84 бб;
- 2 Лингвистический словарь пражской школы. М., 1964.
- 3 Бондарко А.В. Функциональная грамматика. Л., 1984.
- 4 Теория функциональной грамматики. Л., 1987.
- 5 Бондарко А.В. Функционирование языковых единиц и вопрос о взаимодействии системы и среды// Проблемы функциональной грамматики. М., 1985.
- 6 Марков Ю.Г. Функциональный подход в современном научном познании. Новосибирск, 1982.

СӨЖ тақырыптары:

1. Тілдік бірліктердің қызметі: Фп және Фн сипаттамасы (нақты мысалдар негізінде талдау);
2. Тілдік бірліктердің қызметі және сөйлеу ортасы.
3. Тілдік бірліктердің қызметі: құрылымдық және функционалды аспектіде.
4. Тілдік орта және сөйлеу ортасы туралы түсінік.
5. Тіл бірліктерінің жұмсалымдық ортасы: парадигмалық орта, синтагмалық орта.

СӨЖ тапсырмаларын орындауға қажетті қосымша әдебиеттер:

1. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. - Алматы: Дайк-пресс, 2011. 2 том. – 828 б. / қажетті беттер -68-84 бб.
2. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. –Алматы: қазақ университеті, 2013. – 48-53 бб.
3. Жолшаева М.С. Қазақ тіліндегі етістіктер және аспектуалды семантика. – Алматы, 2011. -49-52 бб.;
4. Жаңабекова А. Функционалды грамматиканың метатілі. – Алматы: Елтаным, 2012. – 69-88 бб.
5. Теория функциональной грамматики. Введение. Аспектуальность. Временная локализованность. Таксис. -Ленинград: Наука, 1987. – 17-23 сс.

2.3 Ұғымдық категория – функционалды грамматика нысаны

Әрбір ғылым белгілі бір тәсілмен ұйымдасқан ортақ қасиетке ие ұғымдар жиынтығы категорияларға негізделеді. Грек тілінен енген *категория* термині екі ұғымда қолданылады. Бірі – болмыстағы заттар мен құбылыстардың маңызды әрі жалпы қасиеттері мен белгілері, сондай-ақ, олардың арасындағы қатынастарды бейнелейтін философиялық ұғым; екіншісі – осымен байланысты туындайтын ортақ қасиет мен белгілер негізінде бірігетін заттар мен құбылыстардың тобы, жиынтығы ретінде ұғынылуы.

Категория негізінен үш аспектіде қаралады: онтологиялық аспект; гносеологиялық аспект; лингвистикалық аспект. Онтологиялық аспект – объективті шындықтың мәні; гносеологиялық аспект – әлем бейнесінің адам санасында бейнеленуі; ал лингвистикалық аспект – олардың тілдік көрінісі. Лингвистикада тілдік жүйе элементтері ортақ қасиеттері мен белгілері негізінде өзара топтасып, категория құрайды. Сөйтіп, жалпы ерекшеліктері негізінде бірігетін тілдік элементтердің кез келген тобы категория деп түсіндіріледі. Тіл элементтері бір-бірімен байланысып жатқан және өзара қарым-қатынаста болатын иерархия құрайтын күрделі жүйе түзеді десек, кез келген жүйенің құрылымы болатыны белгілі. Жүйелі-құрылымдық нәрсенің ішкі жіктелісі жүйе элементтерінің өзара байланысы, олардың бір-біріне қатысы т.б. тұрғысынан айқындалады. Сол себепті тілдік бірліктердің топтарға, категорияларға жіктелу негіздемесі әр түрлі болып келеді. Тілдік бірліктерді категорияларға топтастыруда, ең алдымен, қандай белгінің шарт ретінде алынатындығы анықталып, соның негізінде оларға тән жалпы белгілер мен қасиеттер көрсетіледі. Олар категорияны сипаттайтын белгілер тілдік құбылыстарды топтастыруға негіз болады және олар жалпытілдік категорияны қалыптастырады.

Тілтанымда категорияның негізінен екі типі көрсетіледі: семантикалық категория және тілдік категория. Семантикалық категория басқаша ұғымдық категория деп те аталады. Ұғымдық категория болмыстың бейнесін танытады және бұл адамзат атаулыға ортақ болып табылады. Өйткені болмыс біртұтас және ондағы құбылыстар да барлық жерде бірдей. Ал болмыстағы әмбебап құбылыстарды тану, логикалық пайымдаулар адамзат үшін ортақ деуге болады. Сондықтан ұғымдық категория ойлау деңгейінің әмбебап категориясы ретінде сипатталады. Бұл ұғымдық категорияның тілден тыс тұратындығын көрсетеді және ол тіл құрылымына негіз болады. Бұл категорияны В.фон Гумбольдт «әмбебап категория» десе, О.Есперсен «ұғымдық категория» деп атайды.

Болмыстың концептуалды бейнесі тілде түрлі жүйеден көрінеді: мәселен, шынайы құбылыстардың сөз атауларында көрінуі; белгілі бір жүйеге түскен формалар арқылы берілуі және т.т.. Соңғысы грамматикалық категорияларға қатысты. Грамматикалық категория және олардың типологиясына қатысты мәселелер зерттеушілер назарынан тыс қалған емес. Бұл орайда С.Д.Кацнельсон, И.И.Мещанинов, В.Г.Адмони, В.Н.Ярцева,

А.В.Бондарко, С.Исаев, Ы.Маманов және т.б. еңбектерін атап өтуге болады. Тіл білімінде грамматикалық категорияларды топтастыруда түрлі өлшем негізге алынады: семантикалық; функционалды; синтаксистік; морфологиялық. Соңғы екеуі грамматикалық деп те аталады.

Грамматикалық категория термині тар мағынада морфологиялық категория деген ұғымда қолданса, ал кең мағынада грамматикалық категория морфологиялық және синтаксистік категорияларға ажыратылады. Морфологиялық (грамматикалық) категория деп тану үшін грамматикалық форма мен грамматикалық мағынаның болуы басты шарт етіп алады. Синтаксистік категория термині В.В.Виноградов, Н.Ю.Шведова еңбектерінде предикативтілік ұғымын түсіндіру барысында модалділік, синтаксистік жақ және синтаксистік шақ категорияларына қатысты қолданылады. А.М.Мухин оппозитивті және эквивалентті қатынастардан басқа синтаксистік семантика негізінде пайда болатын түрлі (субстанционалды, квалификативті, процессуалды т.б.) синтаксемаларды қамтитын жүйелі қатынастарды синтаксистік категория деп таниды [1, 25 б.]. Мәселен, осындай категориялардың бірі ретінде тәуелділік (поссесивтік) категориясын атайды және оның субстанционалды және квалификативті синтаксемалардан тұратындығын айтады. Басқаша, субстанционалды және квалификативті тәуелділікті білдіретін синтаксемалар поссесивтілік синтаксистік категориясын құрайды.

А.М.Мухин синтаксистік категорияны екіге ажыратып қарайды: морфологиялық категориямен байланысты болып келетін синтаксистік категория және морфологиялық категорияға байланыссыз синтаксистік категория. Алғашқы түріне морфология деңгейінде парадигмалық жүйесі қалыптасқан категорияларды жатқызады. Мысалы: *септік категориясы, шақ категориясы, рай категориясы, тәуелділік категориясы* т.б. Бұл категорияның мағынасы тек морфологиялық көрсеткіштермен шектелмей, синтаксистік құралдар арқылы да беріле береді немесе нақтыланады, толықтырылады. Ал кейінгі морфологиялық категориялармен байланыссыз синтаксистік категориялардың мағынасы морфологиялық көрсеткіштері жоқ, сондықтан мағына синтаксистік деңгейдің бірліктері арқылы берілуімен ерекшеленеді. Мұндағы морфологиялық көрсеткіштері жоқ деген ұғым морфологиялық парадигмасы жоқ дегенді білдіреді [1, 118-119 бб.]. А.М.Мухиннің пайымдауынша, синтаксистік категория морфология деңгейінде көрініс табатын және морфология деңгейінде көрініс таба алмайтын ұғымдық категориялардың синтаксистік құралдар арқылы берілуі болып шығады. Бұл тұжырым функционалды-семантикалық өріс теориясына бір қадам жақын келеді. Айырмашылығы А.М.Мухин ұғымдық категорияның тұтас тілдік жүйе, тілдің барлық деңгейлерінен емес, тек грамматика (морфология және синтаксис) деңгейінде ғана көрініс табуын қарастырады.

Морфологиялық категория да, синтаксистік категория да қандай да бір ұғымдық категорияның тілде тұлғалық жағынан қалыптасқан көрінісі болып табылады. Бұл категориялар тіл деңгейлеріне сәйкес келетіндіктен өзара аттас болып келеді және деңгейлік грамматика категориялары деп те атала

береді. Жоғарыда айтылған семантикалық категориялар тілде көрініс тапқанда, көбінесе, қандай да бір грамматикалық категорияны негіз етіп алады. Сондықтан олар мазмұны жағынан деңгейлік грамматика категорияларымен сәйкес келгенімен, тұлғалық жағынан кең көлемді, ауқымды болады. Грамматикалық категорияларды грамматикалық тұлғалармен берілетін мағынаның жасайтындығы белгілі. Мұндай арнайы тұлғалармен берілетін және лексикалық мағыналардың жалпылануы (дерексізденуі) арқылы пайда болатын, арнайы тұлғаларсыз, сөздің ішкі семантикасы арқылы берілетін жалпы грамматикалық мағыналар тілдегі ұғымдарды толықтай қамти алмайды. Олар (грамматикалық категориялар) тілде морфологиялық және синтаксистік құралдармен формальді түрде көрінетін ұғымдарды ғана білдіреді. Алайда тілде көрініс табатын ұғымдардың барлығы грамматикалық құрылымның формальді жағына, яғни грамматикалық категориялардың аясына сыя бермейді. Ғаламның тілдік бейнесі тілдің барлық деңгейі бірліктерінің өзара әрекеттес келуі арқылы берілгенде толыққанды көрініс табады. Мәселен, морфология деңгейіндегі грамматикалық шақ категориясының мазмұны қимылдың сөйлеу сәтіне қатысын білдіру болса, ол өткен шақ, келер шақ, осы шақ формалары арқылы беріледі. Ал жалпытілдік семантикалық темпоралдылық категориясы ауқымды және оның тілдік көрінісі барлық тіл деңгейі бірліктері: грамматикалық бірліктер – шақ формалары; лексикалық бірліктер – мезгіл үстеулер, зат есімдер; синтаксистік құрылымдар т.б. өзара байланысы арқылы жүзеге асады. Бұл семантикалық категорияның ауқымы кең, ол барлық тіл деңгейі бірліктері арқылы берілетін жалпытілдік категория болып табылады. Осы тұрғыда аталған категориялар зерттеу тәсілдері бойынша ерекшеленетін грамматиканың негізін қалайды. Мәселен, грамматикалық категория деңгейлік грамматикада саралауыштық негізде қарастырылса, ұғымдық категориялардың тілдік көрінісі болып табылатын жалпытілдік категориялар деңгей жағынан шектелмейді, барлық тіл деңгейі бірліктерінің өзара байланысы негізінде қарастырылады және функционалды грамматика аясында зерделенеді.

Тілдік жүйені құрайтын бірліктер түрлі белгілер негізінде топтасып, категорияларға бірігеді. Оларды топтастыруға төмендегі белгілер негіз бола алады:

- тіл бірліктерінің грамматикалық сипаты;
- тіл бірліктерінің функциясы;
- тіл бірліктерінің семантикасы.

Сонымен бірге категорияға жіктеуде басшылыққа алынатын өлшем саралаушы (дифференциалды) және жинақтаушы (интегралды) сипатта болады. Мұндағы саралаушы сипаттағы өлшем бір категория құрамындағы элементтердің ортақ мағынадан басқа ерекшеленетін екінші мағынасының да болуы, яғни оппозиция құрауы. Мәселен, тәуелдік категориясына бірігетін мағыналардың ортақ сипаты меншіктілікті білдіру болса, 1 жақ пен 2, 3 жақтағы тәуелділік мағынасы бір-біріне оппозиция болып келеді. Бұл модификациялық белгі болып табылады. Сонда модификациялық белгі

сөздің лексикалық мағынасын өзгертпей, оған грамматикалық мағына үстейтіндіктен элементтерге қатысты болып шығады. Бұл өз кезегінде морфологиялық категорияларға сәйкес келеді.

Сонымен, жинақтап айтқанда, болмыстағы түрлі заттар мен құбылыстар және оларға тән сын, қимыл белгілер индивид санасында бейнеленеді. Алайда бұл бейнелену олардың толық көшірмесі емес. Ақиқат шындықтың концептуалды бейнесінде олардың мәнді деген белгілері ғана көрініс табады. Ал концептуалды бейне тілдік жүйенің түрлі деңгейінің элементтері арқылы вербалданып, тілдік ақиқатқа айналады. Жалпы концептуалды бейне тілдің жүйелі-құрылымдық ерекшелігіне қарай белгілі бір жүйеге түскен парадигмалық сипат иеленсе, онда ол грамматикалық категория болады. Алайда санадағы болмыстың тілдік бейнесі барлық тілде арнайы парадигмалық сипатта көріне бермеуі мүмкін. Бұл – басқаша айтқанда, бір тілде бар грамматикалық категорияның екінші тілде болуы міндетті емес деген сөз. Мәселен, орыс тіліндегі қимылдың аяқталуын немесе аяқталмағанын білдіретін вид категориясы түркі тілдерінде жоқ, дегенмен қимылдың аяқталуы немесе аяқталмаған мағынасы қазақ тілінде өзара оппозиция құрап, мәндес келетін формалар арқылы емес, басқа жолмен беріледі.

Функционалды грамматика болмыстың көрінісі болып табылатын ұғымдық категориялар негізіндегі тілдік семантикалық категориялардың жүйелі-құрылымдық сипатын және оны сөйлеумен байланыстыра отырып қарауға мүмкіндік беретіндігімен ерекшеленеді. Сондай-ақ, тілдік бірліктерге олардың қолданысы жағынан келу тілдік жүйедегі барлық элементтердің арасындағы терең байланысты көрсетуге жағдай жасайды. Деңгейлік грамматикада бір тектес тілдік тұлғалар парадигмалық қатар түзсе, функционалды грамматикада әртекті, бірақ семантикалық жағынан мазмұндас тілдік бірліктер парадигмалық қатар құрайды. Бұл жағынан келгенде функционалды грамматика біріктіруші (интеграциялаушы) принципті негізге алады, ал деңгейлік грамматикада саралаушы принцип үстемдік жасайды.

Лингвистикада ұғымдық категория (понятийная категория) теориясы О.Есперсен, И.Мещанинов есімдерімен тығыз байланысты. Бұл терминді ғылыми айналымға алғаш енгізген О.Есперсен ұғымдық категорияны логикалық категория мен тілдік категорияның байланысы тұрғысынан қарастырады. Ұғым мен оның тілдегі көрінісін бейнелейтін таңбаның байланысы синтаксистік категория арқылы жүзеге асатынын айта келе, сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы ақпарат алмасудың сөйлеуші үшін $\text{ұғым (B)} \Rightarrow \text{функция (B)} \Rightarrow \text{тұлға (A)}$, ал тыңдаушы үшін $\text{тұлға (A)} \Rightarrow \text{функция (B)} \Rightarrow \text{ұғым (B)}$ түрінде өтетіндігін көрсетеді [2, 58-61 бб.].

И.Мещанинов логика мен философиядағы барлық ұғым ұғымдық категория бола алмайтындығын айтады. Оның түсіндіруінде ұғымдық категория сана категориясы мен грамматикалық категорияның ортасындағы аралық құбылыс болып табылады да, табиғаты жағынан екі жақтылық сипатқа ие болады және ұғымдық категориялар морфологиялық және

синтаксистік жағынан «тұлғаланғанда» ғана грамматикалық ұғым бола алады. Ол ұғымдық категориялар санадағы бейнелердің тілдегі көрінісі болып табылғанымен, лексиканың семантикалық қырынан, сөйлемнің синтаксистік құрылымынан және сөздің морфологиялық тұлғасынан көрінетіндіктен тілдік категориялардың қатарында қаралатындығын айтады [3, 238 б.]. Таратып айтқанда:

1) ұғымдық категория сөз мағынасында, синтаксистік құрылымдар мен сөз тұлғаларында көрініс табады;

2) синтаксистік және морфологиялық жағынан тұлғаланған ұғымдық категория грамматикалық болып табылады;

3) синтаксис пен морфологиялық деңгейде көрініс тапқан грамматикалық мағына грамматикалық формаға ие болады;

4) тілде белгілі жүйе түзетін грамматикалық формалар сөз таптары мен сөйлем мүшелерінің бөлінуіне негіз болатын грамматикалық категорияларға топтастырылады. Дегенмен, И.И.Мещанинов ұғымдық категориялардың тілде көрініс тауып, сол арқылы тілдік жүйені қалыптастыратындықтан олардың тілдік категория болып саналатындығын айтады. Ал тілде көрініс таппаса, ол санада бейнеленеді. Ал санадағы бейненің тілде көрініс табуы семантикалық жағынан да, тұлғалық жағынан да түрліше болады. Сөйтіп, ғалым сана категорияларының тіл құрылымында көрініс табатындығын негізге ала отырып, тілде белгілі бір жүйеге түскен ұғымды ұғымдық категория деп біледі [4, 15 б.].

«Жасырын» категория терминін қолданған Б.Уорф ұғымдық категорияны санада орын алған және тілден де көрініс табатын категория ретінде түсіндіреді. «Жасырын» категорияға қарсы қойылатын «ашық» категория тілде әрқашанда қандай да бір тұлғада көріне алатындығымен ерекшеленеді. Мұндағы автордың ашық категория деп отырғаны – тұрпаты жағынан тұлғаланған грамматикалық мағына беретін тілдік бірліктер жүйесі. Б.Уорфтың түсіндіруіндегі «жасырын» категорияға қатысты теориялық тұжырымдар пресуппозицияға жақындайды. Ол ұғымдық категорияны тілдік емес мәнділіктермен байланысты түсіндіруге тырысады және бір жағдайда өзінің санада бекітілген таза ұғымдық табиғатын сақтайтын, екінші жағдайда өңдеуден өтіп, белгілі бір тілдік қалыпқа түскен, соның нәтижесінде «ашық» категорияға айналған тілдік құбылыстарға көңіл бөледі [5, 262 б.]. Сонымен, тілде біртұтас бірлік ретінде, бірегей категория ретінде ұғынылып, өзінің ерекше тұлғалық көрсеткіштеріне ие болатын мағынаны ұғымдық категория деп атауға болады. Ал ұғымдық категорияның тілдік жүйедегі құрылымдық сипаты дегеніміз – адамның болмысты танып, оны меңгеру арқылы адам санасындағы түйсігінің тілдік формада қалыптасуы. Ал оның (тілдік форма) әмбебап сипат алуы да, алмауы да мүмкін. Бұл жалпытілдік категориялардың идиоэтникалық сипатын танытады.

Тілтанымдық зерттеу жұмыстары ұғымдық категорияларды тану мен зерттеудің екі бағытта жүргендігін көрсетеді: 1) жүйесі бөлек тілдерді типологиялық жағынан салғастыра зерттеу барысында жалпы азаматқа ортақ әмбебап ұғым ретінде қарастыру және тілдік деректерді осы ұғымдық

категорияларға негіздей отырып талдау; 2) бір тілде қандай да бір мағынаны беретін әр түрлі тіл деңгейіне жататын бірліктердің басын біріктіретін жүйені ұғымдық категория деп тану. Аталған екі бағытта да ұғым шынайы болмыстың сипаты мен ондағы қатынастардың бейнесі ретінде зерделенеді және олар тілдік жүйемен ұштастырыла қарастырылады. Басқалай айтқанда, болмысты бейнелейтін ұғымдық категориялардың түрлі тілдік құралдар арқылы тілден қалай көрініс табатындығына назар аударылады. Сол себепті ұғымдық категория тіл жүйесімен тығыз байланыста болады және өз бастауын тілден алып, тілде көрінетіндіктен тілдік категория саналады. Бұл жалпытілдік категорияның негізінде ұғымдық категорияның жататындығын көрсетеді.

А.В.Бондарко «ұғымдық категория» орнына «функционалды-семантикалық категория» терминін ұсынып, бұл категорияның ортақ семантикалық функция негізінде өзара әрекеттес келетін әр түрлі тіл деңгейі элементтерінен тұратындығын басты шарт етіп алады. Лингвистикалық сөздікте ұғымдық категория жекелеген сөздер мен олардың тұлғалар (форма) жүйесіне емес, тілде әр түрлі құралдармен берілетін сөздердің тобына тән жалпы сипаттағы мағыналы компоненттер деп анықталған. Осы берілген анықтамалардағы ортақ идея мағынамен байланысты. Қандай да бір мазмұнды жеткізу үшін тіл бірліктері бірігеді және олар жұмыла отырып, сол мазмұнды жеткізеді. Олар (түрлі тіл деңгейіне жататын бірліктер) мазмұнды жеткізу үшін семантикалық жүкті «бөліп» арқалайды.

Ұғымдық категориялар тілдік құралдармен берілетін семантикалық функциямен бірлікте болады. Мазмұн тұрғысынан алғанда семантикалық функциялар ұғымдық категориялардың туындылары іспеттес. Мазмұн дегеніміз – объективті шындықтың көрінісі мен сана «жұмысының» нәтижесі. Яғни сөйлеуші құрастырған белгілі бір мазмұнды бойына жинақтаған құрылым объективті шындықпен және санамен арақатынаста болады. Ал белгілі бір мазмұнды беруді немесе ақпаратты жеткізуді тілдік бірліктердің семантикалық функциясы іске асырады.

Семантикалық функция – түрлі тілдік құралдар мағынасының жұмсалымы және сол жұмсалымның нәтижесі. Ұғымдық категорияның семантикалық функцияға өтуі ұғымдық категорияның тілдік семантикалық интерпретациясы деп аталады [6, 82 б].

Ұғымдық категория семантикалық функцияға өту процесінде және сол процесс нәтижесінде түрлі тіл деңгейлеріне жататын тілдік бірліктер өзара әрекеттес келіп, семантикалық функциялар бірігеді. Оның (бірігудің) заңдылықтары тілге, ал іске асуы сөйлеуге тән болып келеді. Яғни тілден тыс объективті шындықтың таңбалануы, берілуі сөйлеу туындыларынан көрінеді. Функцияның бірігуі олардың жай жиынтығы емес, нәтиже беретін жекелеген элементтер функциясының өзара әрекеттестігі. Әр түрлі құралдардың қызметтерінің өзара әрекеттестігі нәтижелері сөйлеуде (сөйленім – қабылданым процесінде, дайын мәтінде) көрінеді. Сөйтіп, ұғымдық категория бір жағынан тілмен, екінші жағынан – сөйлеумен байланысты

болып шығады. Бұл ұғымдық категория интерпретациясының екі аспектіде қаралатындығын көрсетеді: тілдік және сөйлеу.

Ұғымдық категория мен тіл арасындағы қатынас дегеніміз – белгілі бір реляционды ұғымдардың жүйесі. Бұл жүйе сол ұғымдарды беруге қабілетті және оны өзінің семантикалық мазмұнында бере алатын әр түрлі тілдік құралдардың жиынтығына негізделеді. Тілдік аспектіде тіл мен сөйлеуші санасындағы ұғымды тілдік семантикалық функцияға айналдырудың түрлері мен тәсілдері және сол тілге тән белгілі бір ұғымды жеткізу тәсілдерінің потенциалды мүмкіндіктері, яғни белгілі бір ұғымдық категория мен оның түрлі тілдік құралдардың семантикалық функциясымен берілетін мүмкін деген варианттарының сәйкестігі қарастырылады. Мысалы, меншіктілік, тәуелділік ұғымының берілу жайы: *бұл менің балам – бұл бала менікі; менің балам бар – мен балалымын.*

Ал ұғымдық категория мен сөйлеудің арақатынасына келсек, ұғымдық категория әрбір сөйлеу актісінен көрінеді, олар алдағы сөйленімді «жоспарлау» үрдісінде қалыптасады. Тыңдаушы оны сөйленім мазмұнының элементі ретінде көрінетін ұғымдық категорияға айналдырып қабылдайды. Ұғымдық категорияның тілдік семантикалық интерпретациясын «сөйлеуші – тыңдаушы» қатынасы тұрғысынан, сөйлеуші сөйленім мағынасын қалыптастыратын элемент ретіндегі ұғымдық категориядан семантикалық функцияға қарай жүреді. Ол өзі жеткізуге тиісті мазмұнды беру үшін қажетті тілдік құралдарды тандап, оларды белгілі бір тәсілмен ұйымдастырады. Тыңдаушы, керісінше, тілдік семантикалық функциядан ұғымдық категорияға қарай жүреді. Берілген құрылымды қабылдай отырып, мағынаға қарай жылжиды. Сөйтіп, семантикалық функцияны ұғымдық категорияға «айналдырады». Мына сөйлемдерді салыстырайық: *Біз араласып, бұл мәселені шештік және Бұл мәселе біздің араласуымызбен шешілді.* Екі жағдайда да негізгі мазмұн (мәселенің шешілуі) бір болғанмен, бұл сөйлемдердің семантикалық функциясы әр түрлі. Алғашқысында негізгі мазмұн қимылға тәуелді тура толықтауыштан болған нысанмен байланысты (өту) семантикалық функция арқылы берілген. Кейінгісінде қарастырып отырған ұғым етіс көрсеткіші арқылы берілген қимылдың тілдік семантикалық функциясы арқылы жүзеге асқан. Бұл тұстағы ұғымның тілдік интерпретациясының өзіндік ерекшелігі нысанның қимылға тәуелсіз бастауыш арқылы көрінуінде (егер бірінші жағдайда нысанның берілуі сөйлемнің семантикалық құрылымында периферияда болса, екінші жағдайда бірінші орында). Сонымен, бір ғана ұғымдық категория әр түрлі семантикалық функция арқылы іске асуы мүмкін, яғни ұғымның тілдік көрінісінің берілуі мен олардың сөйлеуде жүзеге асу тәсілі өзгереді. Келтірілген мысалдар ұғымдық категория мен семантикалық функция арасындағы айырмашылықты ғана емес, сонымен бірге ұғымдық категорияны берудің мүмкін деген тәсілдерін де көрсетеді. Тілдік құралдардың семантикалық функциясы арқылы берілетін ұғымдық категорияны жеткізудің потенциалды мүмкіндіктері өте көп болғанымен, сөйлеуде сол мүмкіндіктердің біреуі ғана қолданылады. Тілде семантикалық

функциялар белгілі бір жүйе түзеді. Бұл жүйе көпдеңгейлі категориялды мағыналар жүйесінен, грамматикалық тұлғалардың полисемантикалық мүмкіндіктерінен, олардың жекелеген мағыналарынан, лексика-грамматикалық топтардың мағыналарынан, функционалды-семантикалық микро- және макроөрістерден тұрады. Сөйлеуші айтар ойымен сәйкестенетін тілдік мағынаны беретін құралдарды осы жүйеден таңдап алады. Сөйлеуші оларды тек құрастырып қана қоймай, олардың көмегімен жаңа мағыналарды тудырады. Жеке тіл деңгейі бірліктері дара қызмет етпей, өзара жеткізетін мазмұнның «ортақ» болуына байланысты бірігіп, жүйе құрайды да, бірінің мағынасын екіншісі түрлендіріп, толықтырады. Сөйтіп, коммуникативті талапты жүзеге асырады.

Сонымен, қорыта айтқанда белгілі бір мазмұнға ие құрылым объективті шындықпен, санамен арақатынаста болады; нақты мазмұнның берілуі немесе ақпараттың жеткізілуі тілдік құралдардың семантикалық функциясы арқылы іске асады; ұғымдық категория бір ғана семантикалық функцияға емес, бірнеше семантикалық функцияға негізделеді және «ұғымдық категория – тілдік семантикалық функция» қатынасындағы салыстырмалы «дербестік» осымен түсіндіріледі; ұғымдық категория белгілі бір грамматикалық категориялармен, тілдік бірліктермен байланысты десек те, оның салыстырмалы «дербестігі» бір ғана тілдік құралмен емес, бірнеше тілдік құралмен сәйкестену мүмкіндігіне байланысты болып келеді.

Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Тілтанымда категорияның қандай типтері көрсетіледі?
2. Грамматикалық категория деп танудың шарттарын атаңыз.
3. А.М.Мухин синтаксистік категорияларды қалай топтастырады?
4. О.Есперсеннің ұғымдық категорияға берген анықтамасы қандай?
5. И. И.Мещанинов ұғымдық категорияға қатысты пайымдауы қандай?
6. Ұғымдық категорияның тілдік аспектісі туралы айтыңыз.
7. Ұғымдық категорияның сөйлеумен арақатынасын қалай түсіндіресіз?

Әдебиеттер:

1. Мухин А.М. Морфологические категории и функциональный синтаксис. – СПб.: Наука, 2002. – 178 с.
2. Есперсен О. Философия грамматики. М., 1958.
3. Мещанинов И.И. Члены предложения и части речи. – Л.: Наука, 1978. – 387 с.
4. Мещанинов И.И. Понятийные категории в языке // Труды ВИИЯ. 1945. – №1.– С. 5-15.
5. Лайноз Дж. Введение в теоретическую лингвистику.–М.:Прогресс, 1978. – 543 с.
6. Бондарко А.В. Теория значения в системе функциональной грамматики: на материале русского языка // РАН Институт лингвистических исследований. – М.: Языки славянской культуры, 2002. – 736 с.

СӨЖ тақырыбы:

1. Тілдік категорияларды топтастырудың ұстанымдары және категория түрлері;
2. Семантикалық категориялардың ұлт тіліндегі көрінісі.

СӨЖ тапсырмасын орындауға қажетті әдебиеттер:

1. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. –А.: Дайк-Пресс, 2011. -27-35 бб.;
2. Исаев С.М. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. –Алматы: Өнер, 2007. -58-70 бб.
3. Жолшаева М.С. Қазақ тіліндегі етістіктер және аспектуалды семантика. – Алматы, 2011. – 26-35 бб.
4. Рысалды Қ. Тілді функционалды тұрғыдан зерттеудің қазіргі ұстанымдары // Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. – Алматы: Кие, 2007. -99-125 бб.

2.4 Категориялық жағдаят – функционалды грамматиканың негізгі ұғымдарының бірі

Түрлі тіл деңгейіне жататын таңбалардың иерархиялық жүйесі тіл құрылымына тән белгі саналады. Әр деңгейге тілдік мазмұнның иерархиялық жүйесін жасайтын тілдік мағынаның (морфема, сөз, сөйлем) ерекше типі сай келеді. Осы тілдік бірліктердің сөйлеудегі жұмсалымы біршама жоғары деңгейдегі сөйленім мағынасын қалыптастырады. Сөйленім – сөйлеу бірлігі. Сөйлеу – тілдің коммуникативтік қызметінің жүзеге асуы. Сөйлеу – адамдар арасындағы қарым-қатынас әрекеті және уақыт пен кеңістікте орын алып, осы өлшемдер жағдайында іске асады. Сөйлеу әрекеті жүзеге асатын тілдік емес факторлардың жиынтығы сөйлеу жағдаятын қалыптастырады.

«Жағдаят» термині лингвистикадан басқа философия, педагогика және психология салаларында қолданылады және бұл ғылым салалары әрқайсысы мақсаты мен нысанына қарай терминнің мәнін өзінше түсіндіреді. Мәселен, педагогика ғылымында субъектінің белсенділігіне негіз болып, ынталандыратын және соған қатысты сыртқы жағдайлардың жүйесі «жағдаят» деп анықталған. Лингвистикада жағдаят ұғымы түрліше анықталады. Бұл анықтама беруде басшылыққа алынатын көрсеткіштермен байланысты болып келеді. Мәселен, жағдаят деп бірде сөйлеу әрекетін тудыратын шарттар түсінілсе, енді бірде шындық жиынтығы ретінде көрсетіледі. Сондай-ақ, жағдаят сөйлеуші мен объективті құбылыстар арасындағы объективті байланыс деп те ұғынылады. Басқалай айтқанда, бұл ұғымда «жағдаят – сөйлеммен берілетін күрделі семантикалық бірлік» [1, 373 б.].

Осы анықтамалардың бәріне ортақ инвариант мағына-түсінікті табуға болады, ол – әрекет пен құбылыс іске асатын орта. Осы тұрғыдан келгенде,

сөйлеу жағдаяты сөйлеу әрекетін іске асыратын орта болып табылады. Сөйлеу жағдаяты тілдік қатысым үдерісінде маңызды рөл атқарады және мынандай қызметтерді атқарады:

1) сөйленім мазмұнын толықтырушы компонент болып табылады;

2) сөйлеу актісін қалыптастырады;

3) сөйлеудің стилі мен мақсатын анықтауға ықпал етеді. Сөйленім мазмұнын дұрыс түсіну, қабылдау сөйлеу жағдаятына тәуелді. Өйткені сөйленім контекстің ықпалында болады. Сөйленімге қатысты алғанда сөйлеу жағдаяты тілден тыс орта болса, контекст тілішілік ортаға жатады.

Сөйлем тілдік жүйенің синтаксистік бірлігі болып табылады. Оны тілдік тұрғыдан қарастырғанда құрылым мен сол құрылым арқылы сөйлем семантикасының берілуі басты назарда болады. Ал сөйлемді сөйлеу жағдаятына қатысты және контекст шеңберінде алып қарағанда басқа мәнде қолданылады.

Сөйленім мазмұны төменгі деңгей элементтерінің семантикасы негізінде қалыптасады, алайда құрамына енетін сөзтұлға мен құрылым мағыналарын толық қамтымайды. Мазмұн тілдік бірліктердің жалпы семантикасымен беріледі. Сөйленім мазмұны бір жағынан, оның элементтерінің лексика-грамматикалық мағыналарының бірігуі және олардың өзара ықпалдастығы, екінші жағынан, сол мәтін мен сөйлеу жағдаятына қатысты контекстуалды, ситуативтік және энциклопедиялық ақпараттармен өзара әрекеттестік негізінде, сөйлеуші және оның тыңдаушыға қатынасымен байланыста қарастырылады. Бұл жағдай мағынаның жеке дара емес, белгілі бір байланысқа түскенде ауқымды бірлестіктерге (мәселен, өріске) шоғырланатынын көрсетеді.

Функционалды грамматиканың мәнін толыққанды түсіну үшін оның негізгі ұғымдары бірі функционалды-семантикалық өрістерді (ары қарай ФСӨ) жеке дара қарастыру жеткіліксіз болып табылады. Өйткені ФСӨ грамматиканы функционалды аспектіден түсіндіруде құрылымдық аспектіге басымдық береді. Ал оның мәнін толық түсіну үшін ФСӨ-ні сөйлеуде қарастыру қажеттігі туындайды. Осымен байланысты сөйленім деңгейіндегі тілдік семантикаға қатысты А.В.Бондарко *категориалдық жағдаят* терминін қолданады. Басқаша айтқанда, ФСӨ-нің сөйлеудегі көрінісі категориялық жағдаят болып табылады.

Е.Жанпейісов категориалдық жағдаятқа: «Категориалдық жағдаят дегеніміз – типтік мағыналық құрылым» деген анықтама бере келе, категориалдық жағдаят саналатын типтік мағыналық құрылымның семантикалық категорияларға негізделетіндігін және оның (категориалдық жағдаяттың) сөйленімде берілетін жалпы жағдаяттың бір ғана қыры болып табылатындығын айтады [2, 48 б.].

ФСӨ – семантикалық (ұғымдық) категориялардың тілдегі көрінісі. Әмбебап семантикалық константтар болып табылатын семантикалық категориялар ФСӨ-нің мазмұндық негізін құрайды. Ал мазмұн белгілі бір құралдар көмегімен беріледі. Басқалай айтқанда, ФСӨ – билатералды бірлестік. Оның мазмұн межесі – тілдік интерпретациядағы белгілі бір

семантикалық категория болса, тұрпат межесі – оны білдіретін тілдік құралдар жүйесі. Сөйленім деңгейіндегі тілдік семантиканы қарастырғанда ФСӨ-ге негізделетін, бірақ қандай да бір грамматикалық тұлғаға, мысалы, шаққа немесе райға «бекітілген» мағына емес, керісінше сөйленімнің әр түрлі элементтерімен байланысты мазмұнды құрылым талданады.

Сөйленім – нақтылы сөйлеу жағдаятында қолданылған, актуалданған сөйлем. Оның мазмұнында тілден тыс жағдаяттың бір бөлігі, кесіндісі бейнеленеді. Тілден тыс жағдаяттың әрқайсысы өзінше бөлек, олар өту мерзімі мен орны, қатысушылары жағынан бірі екіншісін қайталамайды. Десек те, адамзат тарихында сан мәрте болған ұқсас оқиғалар тілдік санада қандай да бір құрамның компоненті, яғни формула түрінде орнығып қалады, яғни адам санасында біршама типтік түрде, жинақталып бейнеленеді. Н.Д.Арутюнова онсыз, яғни «без классификации типичных и повторяющихся состояний и ситуаций невозможно сообщение на языке» [3, 331 б.] деп жазады.

Жағдаяттың референт деңгейіне сөйлеушінің объективті құбылыстар континуумынан «ажыратып алған» ақиқат шындықтың кесіндісі, бөлігі сәйкес келеді. Демек, «жағдаят – ақиқат шындықтың, қозғалыстағы материяның тілде бейнеленген бөлігі, кесіндісі» болып табылады [4, 359 б.]. Осылайша сөйлеуші бейнелейтін ақиқат шындықтың кесіндісіне сөйленім мазмұнының қырлары, категориялық жағдаят сәйкес келеді.


Категориялық жағдаят дегеніміз – белгілі бір функционалды-семантикалық өріске негізделетін және сөйленіммен берілетін жалпы жағдаяттың бір қырын танытатын типтік мазмұндық құрылым [5, 100 б.]. Категориалдық жағдаят (ары қарай КЖ) пен ФСӨ-нің ара қатынасын таратып айтар болсақ, біріншіден, КЖ немесе мазмұндық құрылым өріске негіз болатын семантикалық категорияның сөйленімдегі бір варианты; екіншіден, мазмұндық құрылымның сөйленімдік құралдары ФСӨ-дегі тілдік құралдардың бір бөлігі болып табылады.

КЖ – сөйленіммен, сөйленімнің түрлі элементтерімен байланысты құрылым. Егер ФСӨ-ні сипаттау қандай да бір семантикалық категория варианттарының түрлі тіл деңгейіндік құралдарының парадигмалық жүйесі болса, КЖ – бірнеше вариантта көрінетін семантикалық категорияның сөйлеудегі тұрпатын бейнелейді. Яғни КЖ – өріс элементтерінің сөйлеуде, сөйленімде жүзеге асуына қатысты ұғым, тілдік жүйені сөйлеумен байланыстырады.

ФСӨ екі түрде «өмір сүреді»: біріншіден – тілдік құралдар жүйесінде; екіншіден – олардың жұмсалым заңдылықтары мен сөйлеу туындыларында. Тілдік жүйе деңгейінде ФСӨ-нің құрылымы, негізі мен перифериясы, компоненттерінің иерархиясы секілді т.б. мәселелер талданады, ал сөйлеуде, жұмсалымдық ерекшеліктері, яғни КЖ сипатталады [6, 32 б.]. Бұл ФСӨ ұғымы мен сөйлеу деңгейіндегі КЖ ұғымдарының өзара тоғысын көрсетеді. ФСӨ-нің сөйлеудегі, сөйленімдегі проекциясы болып табылатын КЖ олардың туындысы болып табылады.

ФСӨ, семантикалық категорияның тілдегі көрінісі, КЖ – оның сөйлеудегі көрінісі болса, бұл аталған ұғымдардың өзара шарттастық қатынаста болатындығын көрсетеді. Бұл ұштағанды құрайтын ұғымдар өзара бір-бірімен сабақтасып жатқанмен, ретімен орналастырғанда бірінші ауызға ілінетіні және бірінші тұратыны семантикалық категория болып табылады. Өйткені семантикалық категория – бұл болмыстың таным әрекеті арқылы адамның санада бейнеленуі және ол жалпы азаматқа ортақ болғандықтан әмбебап сипат алады. Ал оның тілдік көрінісі әр тілдің өзіндік ерекшеліктеріне қарай түрліше сипат алады.

Өріс теориясы негізге алатын функционалды грамматикада семантикалық категориялардың тілдік көрінісі бір мазмұнды жеткізу мақсатында қызметі жағынан бірігетін түрлі тіл деңгейі бірліктерінен тұратын ФСӨ болып табылады. Ал ФСӨ сөйлеу деңгейінде КЖ барып ұласады. Сонымен, семантикалық категория тіл деңгейінде ФСӨ-мен, ал сөйлеу деңгейінде КЖ-мен сәйкестенеді немесе керісінше, КЖ семантикалық категорияның сөйленімдегі көрінісі болса, ФСӨ тілдегі көрінісі болып табылады. Оны сызбамен берсек:



Бұл «ұштаған» (триада) – семантикалық категория, функционалды-семантикалық өріс және категориалдық жағдаят өріс теориясына негізделетін функционалды грамматиканың негізгі тұжырымдамасын құрайды.

ФСӨ мен КЖ ұғымдарын функцияның потенциалды және нәтижелі түрлеріне қатысты да түсіндіріледі. ФСӨ тіл деңгейінде қаралатындықтан потенциалды функция түріне, ал КЖ сөйлеуде көрінетіндіктен нәтижелі функцияға сәйкес келеді. Жалпы ФСӨ мен КЖ ұғымдарына негізделетін функционалды грамматикалық зерттеулер аспектологиядан бастау алады. Ендеше, ФСӨ мен КЖ ұғымдарын нақты мысалмен, аспектуалдық (қимылдың өту сипаты) категориясымен байланысты қарастырайық.

Аспектуалдықтың функционалды-семантикалық өрісі дегеніміз – қимылдың ішкі өту шегін, ағымын білдіретін түрлі тіл деңгейіндік құралдар топтамасы. Аспектуалдық өрісі категориялық жағдаяттары сөйленіммен берілетін мазмұндық құрылымдар немесе сөйленімнің аспектуалдық сипаттамасы болып табылады. Бұл сөйленімдегі «жалпы жағдаяттың» бір қырын құрайды. Мысалы, *Ет артынан Сүйіндіктің көптен сауғзып отырған қысырларының сары қымызы да келді. Оны да жақсы әңгімелесіп, ұзақ отырып ішісті* (М.Әуезов) деген сөйленімде қимылдың өту ағымы, нақтырақ айтқанда созылықылық сипатымен бірге жақ, етіс, шақ және модалділік элементтері қамтылған. Немесе *Жалма-жан беліндегі*

арқанын шешті (Ә.Кекілбаев) деген сөйленімдегі тілдік элементтер қимылдың аяқталғанын және тез жүзеге асқанын, сондай-ақ сөйлеу сәтіне дейін болып өткендігін көрсетеді. Сөйленімнің тұрпаттық және мазмұндық құрылымына талдау жасау доминант (басым) КЖ-ны айқындайды. Сөйленімдегі жалпы жағдаяттың ішінен сөйленім мағынасын қалыптастыратын семантикалық элементтердің маңызды біреуі, яғни доминант КЖ ажыратылады. Ал қалған семантикалық элементтер оны (доминант КЖ-ны) іске асыруға қажетті шарттар болуы мүмкін. Мысалы, ... *ол құрғырды дәл осылай ауыр ойға шомғанда ширатып, үлкен ермек етуші еді, қазір де бір-бірлеп жұлғылап отыр* (О.Бөкеев) деген сөйленімде өту үстіндегі қимылды және оның қайталануын білдіретін КЖ басым сипатқа ие. Жалпы жағдаяттың басқа қырлары ретінде қимылдың сөйлеу сәтіне сәйкес келетіндігін, яғни темпоралды жағдаятты, іс-әрекетті жүзеге асырушы үшінші жақ екендігін, яғни персоналды жағдаятты атауға болады. *Бір мезет жотаның үстінен көлбеген боз тұман арасында, серейіп-серейіп қалған басқа мүйіздер көріне кеткенде, серке нысқырып жіберді. Ол жақтан да нысқырды. Қайтадан бұл да нысқырды* (Ғ.Сланов) немесе *Көкбұйра насыбай танауын жыбырлатып, түшкіріп жіберді. Бір емес әлденеше рет үсті-үстіне түшкірді* (Ә.Кекілбаев) келтірілген мысалдардан аспектуалды жағдаят, нақтырақ айтқанда импетивті жағдаят пен репетитивті жағдаяттың доминанттық рөлін айқындайтын тілдік құралдар қатары анық байқалады.

Белгілі бір сөйленім құрылымында ФСӨ-нің өзге категориялармен астастықта көрінуі ФСӨ-ге тән белгі саналады. Мәселен, аспектуалдық категориясы басқа өрістер, модалділік, темпоралдық (шак), персоналдық (жақ) және таксиспен өзара астастықта келеді. Ал бұл ФСӨ-лердің астастығы кешенді жағдаяттар құрамындағы астас келетін КЖ-лармен сәйкестенеді. Мысалы, *Жаңыл иіліп тостағанмен су ұсынғанда, Естемес тағзы да ұзағырақ қарады* (Т.Ахтанов); *Мен оны тықыршып ұзақ күттім. Әр минутым жылдай боп, үйге бір кіріп, бір шығумен болдым. Ақыры сыртқы қақпа тарс етіп жабылғанда, орнымнан атып тұрдым* (Д.Исабеков) деген сөйленімдерде аспектуалдық таксистік жағдаятпен астас келген. Таксистік жағдаят дегеніміз – іс-әрекет арасындағы мезгілдік қатынастарды білдіретін типтік мазмұнды құрылым [5, 94 б.]. Алғашқы сөйленімде таксистік жағдаяттың көрінуі: «өту үстіндегі қимыл – онымен бір мезгілде болып жатқан әрекет, процесс», ал кейінгі сөйленімде «қимыл-әрекет жасалды – соның жасалуымен тікелей байланысты іле-шала іске асқан қимыл».

Мазмұндық құрылым немесе КЖ сөйленімде беріледі десек, сөйленім – сөйлеу әрекетінің жүзеге асу формасы. Тіл бірліктерінің сөйлеу бірліктеріне айналуы, көбінесе сөйлем деңгейінде көрінеді. Бірақ ол тек сөйлеммен шектелмей, тілдің басқа деңгейлерінен де көрінуі мүмкін. Егер сөйленім тіл бірлігі сөйлеммен сәйкестенетін болса, онда ол предикативтілік сипат алады, ал сөйленім жеке сөз тұлғалары арқылы берілетін болса, онда предикативтілік экстралингвистикалық факторлармен толықтырылады. Мысалы: *Шүкір, әйтеуір соған ілінген балалар өлмес ауқатын күнде*

теріп әкеліп жүр (Қ.Жұмаділов) деген сөйленімде предикативтілік (жақ, шақ, модалділік) айқын болса, мына сөйленімде олай емес: *Тәкежанның қанжығасында бір сары ала қаз, екі үйрек бар екен. Барлық бала соны көре сала: - Ей, аға! ...*

- Әй, ағатай, маған! ...

- Маған! ... (М.Әуезов).

Сөйленіммен берілетін мазмұндық құрылымда сөйлеу жағдаяты мен оған қатысушылардың (сөйлеуші мен тыңдаушы) қатынасының көрсетілу сипатына қарай А.В.Бондарко КЖ-ны актуалданған және актуалданбаған деп бөледі, алғашқы топқа темпоралдық, персоналдық пен модалділікті жатқызады [5, 103 б.].

Актуалданған тип, яғни шақтылық, жақтылық пен модалділік барлық сөйленімге тән құбылыс. Ал бұл сөйленім құрылымында предикативтіліктің немесе онымен (предикациямен) байланыстың болатындығын көрсетеді. Сонымен бірге, семантикалық элементтерінің арасында синтагмалық қатынастың айқын көріну/көрінбеу сипатына қарай синтагмалық байланысы күшті және синтагмалық байланысы әлсіз КЖ түрлері ажыратылады. Бұл, негізінен, мазмұнның түрлі тіл деңгейі құралдарымен дискретті/бейдискретті түрде білдірілуімен байланысты айқындалады.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды түйіндесек:

КЖ – функционалды грамматикадағы негізгі ұғымдардың бірі;

КЖ – белгілі бір ФСӨ негізінде жататын семантикалық категорияның сөйленімдегі көрінісі, мазмұндық құрылым;

КЖ мен ФСӨ өзара сәйкестенеді. Бұлардың бастапқысы – ФСӨ, КЖ – оның туындысы.

Пысықтау үшін сұрақтар:

1. «Жағдаят» дегенді қалай түсінесіз?
2. Сөйлеу жағдаятын деген не және оған нелер жатады?
3. «Категориалдық жағдаят» терминін ғалымдар қалай анықтайды?
4. СК – ФСӨ – КЖ ұғымдары қалай байланысады?
5. «Үштаған» теориясындағы СК орнын анықтап беріңіз.
6. ФСӨ мен КЖ ұғымдарының функция түрлеріне (Фп және Фн) қатысы қандай?

Әдебиеттер:

1. Сильницкий Г.Г. Семантические типы ситуаций и семантические классы глаголов // Проблемы структурной лингвистики 1972. М., 1973.
2. Жанпейісов Е. Қызметтік грамматиканың бастау ұғымдары // ҚР БҒМ Ұлттық Ғылым Академиясының Хабарлары. Филология сериясы. № 1 (137), 2003 жыл. – 41- 50 бб.
3. Арутюнова Н.Д. Предложение и его смысл. М., 1976.
4. Гак В.Г. Высказывание и ситуация // Проблемы структурной лингвистики 1972. М., 1973.

5. Бондарко А.В. Функциональная грамматика. Л., 1984.
6. Бондарко А.В. Теория значения в системе функциональной грамматики (на материале русского языка). М., 2002.

СӨЖ тақырыбы:

1. «Семантикалық функция» және «мағына» ұғымдарының арақатынасы;
2. Категориалдық жағдаяттардың доминанттық сипаты.

СӨЖ тапсырмасын орындауға қажетті әдебиеттер:

1. Жанпейісов Е. Қызметтік грамматиканың бастау ұғымдары // ҚР БҒМ Ұлттық Ғылым Академиясының Хабарлары. Филология сериясы. № 1 (137), 2003 жыл. – 41- 50 бб.
2. Жаңабекова А. Функционалды грамматиканың метатілі. – Алматы, 2012. – 134-150 бб.
3. Теория функциональной грамматики. Введение. Аспектуальность. Временная локализованность. Таксис. –Л.: Наука, 1984. -12-14 сс.;
4. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. Оқу құралы. –А.: Қазақ университеті, 2013. – 48-53 бб.
5. Қазақ тілінің функционалды граматикасы. –Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 178 б.
6. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. –А.: ЖШС «Ануар KZ», 2010. – 132-146 бб.
7. Шалабай Б. Қолданымдық грамматика туралы // Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. – Алматы: Кие, 2007. – 54-73 бб.

2.5 Функционалды-семантикалық өрістер: құрылымы, белгілері және топтамасы

Лингвистика бүгінгі таңда грамматикалық құбылыстар табиғатын түсіндіруде оларды оқшау алып, жеке дара тұйықталған шеңбер аясында емес, басқа тіл деңгейлері элементтерімен өзара байланыста болатын кешенді тұтастық ретінде интеграциялық тұрғыдан қарастыруға ерекше мән беріп отыр. Мұндай зерттеулер біріншіден, тілдік құбылыстың табиғатын толық әрі терең түсінуге жол ашады. Екіншіден, адам таныған ғаламның тілдік бейнесі барлық тіл деңгейі бірліктерінің жиынтығы арқылы жасалатындығын ескерсек, оның тілдік көрінісін лексика, сөзжасам, грамматикамен тығыз байланысты семантикалық шеңберін жекелеген грамматикалық көрсеткіштер аясында тану жеткіліксіз болып шығады. Сондықтан жалпы тілдік категорияларды функционалды-семантикалық өріс теориясы тұрғысынан қарастырғанда категорияның тұрпат межесін құрайтын барлық тілдік құралдардың парадигмасы мен синтагмалық қатынасының көрсетілуіне мүмкіндік туса, олардың семантикалық құрылымын ашу арқылы аталған категорияның табиғатын толық тануға жол ашылады.

Ақиқат дүние, өмірдегі құбылыстар бәрі тілден көрініс табады. Бірақ әр тіл әлем бейнесін өзінше таниды. Өзара тарихи-мәдени жақындығы бар, туыс тілдердің әлем бейнесін тануы ұқсас келсе, генеалогиялық-типологиялық жағынан алшақ тілдерде айырмашылықтар болады. Дегенмен әлемнің тілдік бейнесін жасауда адамзат психологиясы мен олар қолданатын тілдің қызметіне негіз болатын белгілерге байланысты универсалийлердің болуы заңды құбылыс. Адам санасында танылған ұғымның, сондай-ақ ойдың жарыққа шығуы тілдік құралдар, тілдік құралдармен берілетін семантикалық функциялар көмегімен жүзеге асады. Тіл өзінің барлық құралдарының жиынтығы арқылы ғана адам таныған әлемнің бейнесін бере алады. Бұл туралы Б.А.Серебренников «...логическое мышление и общая совокупность средств языка являются всеобъемлющими, грамматика же всегда избирательна» [1, 73 б.] деп жазады. Семантикалық категория, бір жағынан, ақиқат шындықтың сипаты мен қатынасын бейнелейді, екінші жағынан, тілді негіз етіп, тілден бастау алатындықтан тілдік категория қатарына жатады.

Лингвистикада *категория* кең мағынада жалпы қасиетке ие кез келген тілдік элементтер тобы, тар мағынада бірыңғай тілдік бірліктердің жиынтығы ретінде ұғынылады. Тар мағынадағы категория ұғымы грамматикалық категория, оның ішінде морфологиялық категория түсінігімен сәйкестенеді. Бірақ кез келген бірыңғай тілдік бірліктердің жиынтығы грамматикалық категория құрай алмайды. Грамматикалық категория деп тану үшін біріншіден, кемінде екі грамматикалық мағына болуы керек, екіншіден, ол мағыналар өзара ыңғайлас, мәндес келуі қажет, үшіншіден, мәндес мағыналардың қарама-қайшы болуы және олардың әрқайсының белгілі бір грамматикалық формалар арқылы берілуі тиіс [2, 56 б.]. Сонымен, бірыңғай мағынаға ие грамматикалық тұлғалар қатарының қарама-қарсы қойылатын жүйесі грамматикалық категория құрайды. Ой өзара әрекеттес тілдік құралдар жұмсалымының нәтижесінде берілетіндіктен семантикалық категорияны белгілі бір семантикалық функцияларды атқару үшін өзара әрекеттес болуға қабілетті түрлі тілдік құралдары жүйесі деп анықтауға болады. Сонда, семантикалық категория - түрлі тілдік құралдармен берілетін ой мазмұны жүйесінде көрінетін бірліктер мен элементтер [3, 135 б.]. Мысалы, «аспектуалдылық» - қимылдың өту сипатын білдіретін түрлі тілдік құралдарды қамтитын семантикалық категория.

Семантикалық категорияға мазмұн меже мен тұрпат меже тән, оның тұрпат межесін түрлі тіл деңгейі элементтері құрайтындықтан ол нақты бір деңгейлік емес, керісінше «кешенді» категория болып табылады. Яғни грамматикалық категория морфология, синтаксистік деңгейдің біріне тиісті болса, семантикалық категория грамматикалық категория және онымен семантикалық функциясының ортақтығы негізінде өзара әрекеттес келетін басқа тіл деңгейіне қатысты элементтерді қамтитын кең тілдік категория ретінде сипатталады және оның белгілі бір құрылымы болады. Семантикалық

категория құрылымы өріс принципіне негізделеді. Сондықтан тілде түрлі деңгейге жататын құралдардың қатысуымен берілетін семантикалық категориялар функционалды грамматикада талдауға түсетін функционалды-семантикалық өрістер болып табылады.

Жүйе ретінде ФСӨ белгілі бір мазмұнды жеткізуге қызмет ететін түрлі деңгейдің бірліктерін біріктіреді. Кез келген жүйеге тұтастық, бірыңғайлық сипат тән болып келеді. ФСӨ-ге тән мұндай сипат белгілі бір семантикалық категорияға негізделетін өріс мазмұнынан көрінеді. Алайда ФСӨ-нің формальді көрінісі болып табылатын тұрпат межеден бір ыңғайлық сипатты байқай алмаймыз. Себебі бұл ой мазмұнын беретін тілдік бірліктердің құрылымы жағынан әр басқа және түрлі тіл деңгейіне тиісті болып келетіндігіне байланысты түсіндіріледі. Бұл ерекшелік грамматикалық категориямен салыстыра карағанда анық көрінеді. ГК әрі бір-біріне қайшы, әрі тектес, мәндес мағыналардан тұрады және осы мағыналардың сыртқы көрінісі болып табылатын грамматикалық формалар бірыңғай, яғни бір тілдік деңгейге тиісті болып келеді. Мысалы, етістіктің грамматикалық шақ категориясы мен оның грамматикалық көрсеткіштері. Осы тұста туындайтын екінші нәрсе, ГК-де грамматикалық мағынаның формальді көрінісі шектеулі болып, грамматикалық формалармен ғана беріледі. ФСӨ-ге келсек, керісінше, өрісте қамтылатын формальді құралдар салыстырмалы түрде «шексіз». ФСӨ мазмұны ортақ семантикалық қызметке негізделетін кез келген тілдік құралдар көмегімен, морфологиялық, синтаксистік, лексикалық және осылардың тіркесімі т.б. арқылы беріле алады. Мысалы, дүркінділік мағына (қимылдың қайталануы): *Осы жер судың көзі-ау деп жобалаған жерлердің тасын қозғап, шұқып-шұқып көрді* (Ә.Кекілбаев); *Тұтқын қылдырық сап қара домбырасын қырық шұқиды* (Ә.Кекілбаев); *Ол әуелі сөйлемнің өзін ә дегеннен түсіне алмай, бірнеше рет қайталап оқыды* (Д.Исабеков); *Қары талып қалжырағанын елең қылмай ақ керішті үңге берді, үңге берді* (Ш.Мұртаза); *Сапсыз пышақтың басын киіз қалпағымен орай ұстап, іргенің қам қышын үңгілей берді* (Ш.Мұртаза). *Мылтықтың дүмімен төбедегі көксіреу мұзды бар пәрменіммен ұрғылады* (О.Бөкей). *Топырақ шығарып тұрған төрт жігіт қыл арқанды әрі жұлқыды, бері жұлқыды. Еңсеп тақтай тасты дүрс-дүрс түйгішпей* жөнелді (Ә.Кекілбаев).

ФСӨ-нің мазмұн межесіне қатысты ерекшеліктерге тоқталайық. ФСӨ компоненттерінің семантикасы көп аспектілі болып келеді. Бұл өрістің түрлі семантикалық элементтерінің бір сөзтұлға бойына жинақталу мүмкіндігінен көрінеді. Мысалы: *Ет артынан Сүйіндіктің көптен сауғызып отырған қысырларының сары қымызы да келді. Оны да жақсы әңгімелесіп, ұзақ отырып ішісті* (М.Әуезов) деген сөйленімде қимылдың өту ағымы, нақтырақ айтқанда созылыңқылық сипатымен бірге жақ, етіс, шақ және модалділік

элементтері қамтылған. Ал «әңгімелесу, отырып ішісу» осы сөйленімнің негізгі өзегі болып табылады да, ол әрекеттің бірнеше субъект арасында өткендігі, созылыңқы қимыл, жасалу үстіндегі әрекет сияқты бірнеше мағыналық элементтерді де беруге қабілеттілігімен ерекшеленеді. Немесе *Жалма-жан беліндегі арқанын шешті* (Ә.Кекілбаев) деген сөйленімдегі тілдік элементтер қимылдың аяқталғанын және тез жүзеге асқанын, сондай-ақ сөйлеу сәтіне дейін болып өткендігін көрсетеді және бұл ФСӨ-лердің бір сөйленім бойында өзара тоғысып, астас келе беретіндігіне де дәлел бола алады. Сонымен, ФСӨ-ге тән белгілер ретінде оның функционалды және формальді жақтан толыққанды сипатта келуін атауға болады. ФСӨ-нің жұмсалымдық жақтан толыққанды болуын өріс құрайтын тіл бірліктері ғана емес, осы бірліктердің жұмсалымдық ортасы да қамтамасыз етеді. Ал формальді жақтан толыққанды болуы ФСӨ-нің грамматикалық бірліктермен бірге, тілдің басқа да деңгейлерінің бірліктерінен тұратындығымен түсіндіріледі.

ФСӨ-нің тұрпат межесін құрайтын тіл бірліктері доминант сипатына қарай жүйеленеді және бұл ФСӨ құрылымын ажыратуға мүмкіндік береді. Бұл ФСӨ түзетін түрлі тіл деңгейі бірліктерінің семантикалық функцияны орындау мүмкіндіктеріне қарай айқындалады. Белгілі бір ойды жеткізу үшін өріс түзетін тілдік бірліктер сөйленімде мағыналық жүкті «арқалау» ерекшелігіне қарай негізгі және оған қатысты алғанда «қосымша» құрал ретінде сипатталады. Мәселен, *Сейду оны сөзге айналдыра тұрып, көз ілеспес шапшаңдықпен артына жасырып келген арқанын оның кеудесіне қалай өткізгенін аңғармай да қалдық. Ол жалғыз қолмен-ақ арқанды төрт-бес айналдырып, Орыншаны қас пен көздің арасында шандып тастады* (Д.Исабеков) деген сөйленімде шұғыл, тез жасалған нәтижелі қимылды білдіретін *-п таста* аналитикалық форманты өрістің негізін құрап тұрса, *қас пен көздің арасында* лексикалық көрсеткіші қосымша осы мағынаны (тез, жылдам) жеткізетін құрамдас бөлшек болып табылады, басқаша айтқанда, тіл мен оның грамматикалық және лексикалық жүйесі элементтерінің өзара әрекеттестігін білдіреді дегенге саяды. Грамматикалық құралдар бір-бірімен және лексикалық құралдармен өзара әрекеттес келгенде, бірін бірі толықтырып қана қоймайды, өзара семантикалық жүкті бөліп арқалайды. Дегенмен бір мазмұнды жеткізуге қызмет етеді. Мысалы: *Бұл жалма-жан жалт бұрылып қаша жөнелді* (Ә. Кекілбаев) деген сөйленімде бірден, қарқынды басталған қимылды білдіруге *-а жөнел* аналитикалық форманты мен *жалма-жан* лексемасы қатысып, соңғысы күшейту реңкін үстеп, мағынаны нақтылай түскен. Сөйленімде семантикалық жүктің басым бөлігін арқалайтын тілдік құрал өрістің негізін құраса, оны нақтылайтын, анықтайтын немесе қосымша мағыналық реңк үстейтін тілдік бірліктер периферияда орналасады. Яғни өріс құрылымының негізгі компоненттері

негіз (ядро) бен периферия болып табылады. Негіз бен периферия ұғымдарының қарама-қарсылығы көп қырлы. Лингвистикалық әдебиеттерде тілдік бірліктердің өріс негізі мен перифериясында келуінің семантикалық сипатына тән бірнеше белгілер көрсетіліп жүр. Мәселен, В.Г.Адмони өріс негізін (орталығын) құрайтын тілдік бірлік белгілерді мүмкіндігінше мол жинақтап топтайтындығын, ал периферияда орналасқан тілдік бірліктерде олардың аз көрінетіндігін айтады [4, 51 б.].

Өріс құрылымына енген қандай да бір мазмұнды жеткізу үшін ұйымдасқан тілдік құралдар семантикалық жүкті бөліп арқалайды. Тілде белгілі бір мағынаны беруге бейімделген тұрақты тілдік тұлғалармен бірге, сол мағынаны жеткізуге қабілетті басқа да тілдік құралдар болады. Олар осы сипатына қарай өрісте өзіндік орын иеленеді.

ФСӨ құрылымының бірнегізді (моноцентрический) және көпнегізді (полицентрический) болып саралануы өрістің өзегін құрайтын негізгі тілдік құралға байланысты. Негіз бен периферия элементтерінің семантикалық жүкті арқалау дәрежесі жағынан келгенде, алдыңғысы доминанттық сипатқа ие болады. Осымен байланысты олардың қолданыс жиілігі түрлі болып келеді. Негіз (орталық) элементінің қолданыс жиілігі жоғары болғандықтан, оған жүйелік тән [5, 214-217 бб.]. Сондай-ақ, негіз бен периферия элементтері семантикалық функцияны жүзеге асыратын тілдік құралдар жүйесінің немесе тілдік құралдардың соған “бейімделуі” дәрежесіне қарай да ерекшеленеді [5, 10 б.]. Өріс құрылымында тіл бірліктерінің орналасу жайына қатысты пайымдауларды Е.В.Гулыга, Е.И.Шендельс, М.М.Гухман, В.Г.Адмони еңбектерінен таба аламыз. Мәселен, Е.В.Гулыга, Е.И.Шендельс өріс түзетін тіл бірліктерінің қайсысы басым сипатта болатындығын ажыратуда мына белгілерге сүйенеді: тиісті семантикалық функцияны беруге бейімделу деңгейі; осы функцияда жүйелі қолданыс табуы [6, 10 б.].

ФСӨ құрауда негізінен грамматикалық категория тірек етіп алынып, өрістің негізін құрайды. Бірнегізді ФСӨ-лер грамматикалық категория, дәлірек айтқанда, морфологиялық категорияларға негізделеді. Ол өрістің ядросы болып табылады. Ал басқа тілдік бірліктер солардың айналасына шоғырланады. Осымен байланысты ФСӨ-нің негізгі екі құрылымдық түрін көрсетуге болады: бір негізді (грамматикалық категорияға сүйенетін) және көп негізді. Мысалы, темпоралдық (шақ) функционалды-семантикалық өрісінің негізі-ядросы етістіктің грамматикалық шақ категориясы болса, модальділік функционалды-семантикалық өрісінің негізі етістіктің грамматикалық рай категориясы болып табылады. Ал компаративтілікте сын есімнің шырай категориясы өрістің негізін құрайды. Темпоралдық (шақтық) мағынаны беруде ең жиі қолданылатын грамматикалық шақ категориясының көрсеткіштері (осы шақ, келер шақ және өткен шақ жұрнақтары) болса, периферияда мезгіл мәнді бере алатын лексикалық бірліктер мен фразеологиялық бірліктер, синтаксистік құрылымдар орналасады. Мысалы:

Ұзақ ауыл адамдарымен қайта-қайта қоштасып жүріп, ақыры құла биенің үстіне де қонды. Ұлы сәске кезінде қалашылар артынып-тартынып, ауылдың аяқ жағатындағы қара жолға түсті (Қ.Жұмаділов). Сөйленімде ойды жеткізуге қатысатын периферияда орналасқан тіл бірліктері өрістің негізін құрайтын тіл құралымен өзара байланыста келіп, мағыналық өріс түзуге үлесін қосады және нақтылау қызметін де атқарады. Мысалы: *-Әрине, әрине, оған сөз бар ма? Осы кезде ауызғы үйден Сафураның булығы жәткіргені естілді де, пышақ кескендей кілт тыйыла қалды (Д.Исабеков).*

Бірақ ФСӨ-лердің бәрі бірдей морфологиялық категорияны тірек етуі қажет деген ұғым тұмауы тиіс. Мәселен, аспектуалдық (қимылдың өту сипаты) функционалды-семантикалық өрісіне орыс тілінде етістіктің грамматикалық вид (сыпат) категориясы негіз болуына байланысты ол бірнегізді ФСӨ-лердің қатарына жатса, қазақ тілінде бұл өріс көпнегізді болуымен ерекшеленеді. Өйткені қазақ тілінде грамматикалық вид (сыпат) категориясы жоқ. Аспектуальдіктің функционалды-семантикалық өрісінің негізін қазақ тілінде қимыл жасалуының әр түрлі реңктерін беретін аналитикалық форманттар, -ғышта/-гіште, -қыла/-кіле т.б. қосымшалар, етістіктің ауыспалы осы шағы, кейде лексикалық көрсеткіштер құрайды. Мысалы, *Тұра келген екнімен Жұман жүгіріп келіп, күміс самауырды бәйбішеге қарай теуіп жіберді (Ғ.Мүсірепов). Иванов 10 минут сөйледі (Ә.Нүрпейісов). Арзы апамды құшақтап тұрып, арқасынан қаққылады (Ш.Мұртаза). Сол ойы есіне қайта оралған Еңсеп табанының астынан шыққан тақтай тасты ұрғыштады (Ә.Кекілбаев).*

Тілдік құралдардың көп функция атқаруы немесе қандай да бір семантикалық функцияның әр түрлі құралдармен берілуі мазмұнды толық қайталау болып табылмайды. Әр тілдік құрал белгілі бір семантикалық элементті өзінше білдіреді. Мысалы: *- Ұқсай ма, ұқсай ма? – деп тұмсықтарының астына әкеп қайта-қайта тыққыштайд ы (Ә.Кекілбаев); ... ойпырмай, табан астында ... Бісмілләрахымман рахым ... - Қымқа судан екі ұртын толтыра ұрттап алып, Қыжымгүлдің бетіне екі – үш дүркін бүркіп-бүркіп жіберді (Д.Исабеков)* деген сөйленімдерде қимылдың дүркіндік мағынасы сөзжасамдық қосымша (-қышта) және грамматикалық құралмен (көсемше тұлғалы етістіктің қайталануы) берілсе, ол мағына қимылдың қайталануын бере алатын қосымша тілдік құралдар арқылы (қайта-қайта, екі-үш дүркін) айқындала түскен. Немесе *Ол ұзақ ауырды, он жыл бойы төсек тартып жатты (Д.Исабеков)* деген сөйленімде қимылдың созылыңқылық сипаты екі рет көрсетілгенімен, олар бірін бірі толық қайталамайды, керісінше толықтырады. Осындағы ұзақ лексемасы арқылы көрінетін белгісіз созылыңқылық *он жыл бойы* тіркесі арқылы уақыты жағынан дәл нақтыланған.

Белгілі бір ой мазмұны семантикалық функциясы жағынан өзара әрекеттес тілдік құралдардың жұмсалымы нәтижесінде беріледі. Қандай да

бір ой мазмұнының (қызмет, мақсат) бірнеше тілдік құрал арқылы берілуі немесе керісінше, бір тілдік құрал бірнеше мағынаны жеткізуі мүмкін. Мысалы, төмендегі сөйленімдерде қимылдың созылыңқы өту сипаты грамматикалық, лексикалық көрсеткіштер (созылыңқы мәнді беретін лексемалар мен фразеологизмдер), синтаксистік құрылымдар арқылы берілген: *Артынан келген адамдарға осы араға үй тіккізуге, сусын әкелуге бұйрық берді де, суы жылы сор көлге күні-түні шомыла берді, шомыла берді* (Ғ.Мүсірепов); *... әсіресе, Шаптығалы өзін тоқтата алмай өксік атып, егіліп ұзақ жылады* (Қ.Жұмаділов); *Осылайша демалмастан кешінде бір шай қайнатым жеке өзі сөйлеп шықты* (Қ.Жұмаділов); *Дәл үш айда, күзем жүн енді қырқылып біткенде Еңсеп құдықты қазып бітірді* (Ә.Кекілбаев); *Мен оның а т үстіндегі алып тұлғасы қыр астына тасаланғанша соңынан көз алмай қарап тұрдым* (Д.Исабеков). Енді бір тілдік құралдың бірнеше мағынаны білдіруіне мысал келтірсек: - *Бас, бас! Түгел бас! – деп, жан-жағынан көтермелеп жібереді де, қаншаға тоқтағанын көріп алып, Ордабайға сездіруге жанталасады: иектерін сипайды, жәтеледі, самайларын қасиды* (Ғ.Мүсірепов) деген сөйленімде - *а* (- *е*, - *й*) ауыспалы осы шақ көрсеткіші қимылдың дүркіндік мағынасын беріп тұр. Жалпы бұл грамматикалық көрсеткіш темпоралдылық өрісінің негізін құрап, шақтық мағынаны береді: *Піскен қазандардан астау-астау көже мен азын-аулақ ет түсіріп, үй-үйлерге әкетісіп барады* (М.Әуезов). Осы тұста айта кететін нәрсе, ФСӨ-лердің өзара астастықта келетіндігі, соған сәйкес бір өрістің негізін құрайтын тілдік бірліктің екінші өрісте перифериядан орын алатындығы. Е.В.Гулыга мен Е.И.Шендельс мұны тілдік құралдың көп мағыналылығымен түсіндіреді.

Әрбір ФСӨ қандай да бір ортақ белгі негізінде өзара бірігіп, үлкен жүйе құрайды. ФСӨ-нің орталық ядросы және оның айналасына жинақталатын периферия көрсеткіштерінің сипатына қарай өзара топ құрайды. Оларды былайша жинақтауға болады:

- 1) акционалды (предикативті) негізді ФСӨ;
- 2) субъектілі/объектілі негізді ФСӨ;
- 3) сапалық/сандық негізді ФСӨ;
- 4) пысықтауыштық негізді ФСӨ [7, 31-32 бб.; 8, 77-78 бб.; 9, 64-73 бб].

Ал осындағы предикативті негізді ФСӨ топтамасы аспектуалды және аспектуалды- темпоралды қатынастарды қамтиды. Бұл топтаманың аясына аспектуалдық, темпоралдық, таксис (екі не бірнеше қимыл арасындағы мезгілдік қатынас), етіс, жақ функционалды-семантикалық өрістері кіреді. Субъектілі/объектілі негізді ФСӨ-лер мазмұндық-құрылымдық жақтан предикатты-субъектілі және предикатты объектілі негізді болып сараланады. Сапалық-сандық негізді ФСӨ-лер топтамасына анықтауыштық қатынастағы өрістер, атап айтсақ, меншіктілік, сын дәрежесін сипаттайтын семантикалық

категориялар, ал пысықтауыштық негізді ФСӨ топтамасына мақсат, шарт, себеп-салдарлық қатынасты сипаттауға құрылған өрістер енеді.

Пысықтау үшін сұрақтар:

1. ФСӨ-ге тән бірыңғайлық қасиетті қалай түсіндіресіз?
2. ФСӨ-нің бір негізді немесе көп негізді екендігі қалай ажыратылады?
3. ФСӨ-нің периферияда орналасқан көрсеткіштерінің қызметі қандай?
4. Қандай ФСӨ топтамаларын білесіз?

Әдебиеттер:

1. Серебренников Б.А. К проблеме типов лексической и грамматической абстракции// Вопросы грамматического строя. М., 1955
2. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. А., 1998.
3. Бондарко А.В. Теория значения в системе функциональной грамматики (на материале русского языка). М., 2002
4. Адмони В.Г. Основы теории грамматики. М., 1964.
5. Бондарко А.В. Теория морфологических категории. – Л.: Наука, 1976. – 255 с.
6. Гулыга Е.В., Шендельс Е.И. Грамматика-лексические поля в современном немецком языке. – Москва, 1969.
7. Теория функциональной грамматики. Введение. Аспектуальность. Временная локализованность. Таксис. - Л., 1987.
8. Всеволодова М.В. Теория функционально-коммуникативного синтаксиса. М., 2000.
9. Шалабай Б. Қолданымдық грамматика туралы // Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері. – Алматы, Кие, 2007. – 482 б.

СӨЖ тақырыптары:

1. Семантикалық инвариант және семантикалық вариативтілік туралы түсінік;
2. ФСӨ топтамасы: субъектілік функционалды семантикалық категориясының өрісі.
3. Қазақ тіліндегі белгілік/белгісіздік ФСӨ-сінің құрылымы;
4. Қазақ тіліндегі болымды/болымсыздық ФСӨ-сінің құрылымы.

СӨЖ тапсырмаларын орындауға қажетті қосымша әдебиеттер:

1. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. - Алматы: ЖШС «Ануар-KZ», 2010. 1 том. – 720 б. / қажетті беттер -100-132 бб.
2. Шалабай Б. Субъектілік функционалды семантикалық категориясының өрісі // Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 82-89 бб.

3. Жұбаева О. Персоналдылық функционалды-семантикалық өрісі // Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. - Алматы: ЖШС «Ануар-KZ», 2010. 1 том. – 720 б. / қажетті беттер -338-406 бб.

4. Сәрсембаева Н. Белгілілік/белгісіздік функционалды семантикалық категориясы // Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. - Алматы: Дайк-Пресс, 2011. 2 том. – 828 б. / қажетті беттер -265-314 бб.

5. Тураева А. Қазақ тіліндегі белгілілік пен белгісіздіктің функционалды семантикалық категориясы //Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. –А.: Дайк-Пресс, 2011. -828 б. қажетті беттер –314-385 бб.

6. Салқынбай А. Функционалды грамматика очерктері. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. -16-22 бб.

7. Әбдіғалиева Т. Қазіргі қазақ тіліндегі болымдылық-болымсыздықтың мағынасы мен қызметі. – Алматы: Білім, 1996.

3 ФУНКЦИОНАЛДЫ-СЕМАНТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯЛАР СИПАТТАМАСЫ

3.1 Предикативтілік негіздегі ФСӨ-лердің сипаттамасы

Предикативтілік – сөйлеммен байланысты түсінік, лингвистикалық сөздіктерде тілдік құралдар арқылы берілетін сөйленім мазмұнының шындық болмысқа қатысы деп анықталады. Предикативтілік – сөйлемге тән басты мағыналық-құрылымдық белгі, сөйлемнің негізгі қасиетін айқындайтын синтаксистік категория. Ал оның көрінісі грамматикалық шақ пен жақ, рай категориялары болып табылады.

Шақ категориясының көрсеткіштері сөйлемде айтылған ойдың ақиқат шындыққа уақыт, мезгіл жағынан қатысын көрсетеді. Мысалы: *Поезд Алматыға кешқұрым кеп тоқтады. Машина көк терекке көмілген әсем көшемен зулап келеді. Келесі айда республикалық партактив болады. Сонда арнайы кіріп айтармын (Д.Исабеков).*

Жақ тұлғалары қимылдың, сапаның және оның субъектісінің сөйлеушіге қатысын білдіреді. Сөйлемде субъект ретінде сөйлеушінің өзі немесе осы бірінші жақтағы тұлғалар, тыңдаушы (сен, сіз, сендер, сіздер) және пікір алмасу үдерісінен сырт тұрған үшінші жақтағы тұлғалар бола алады. Предикативтілік категориясы модалдылық ұғымымен тығыз байланысты.

Модалдылық – сөйленімде айтылған хабардың ақиқат шындыққа қатынасын (объективті) және сөйлеушінің қатынасын (субъективті) көрсететін категория. Модалділік ұғымы Аристотельдің еңбектерінен бастау алып, тіл біліміне оның термин ретінде енуі В.В.Виноградовтың есімімен байланысты және ғалым сөйленім мазмұнының шындық болмысқа қатынасы ең алдымен модалдық қатынас болып табылатындығын айтады. Модалдылық сөйлеуден көрінеді және сөйлеуде жүзеге асады. Тілдік аспектіде модалділік рай категориясымен сәйкестенеді және бұл модалдылықты тар ұғымда түсіну болып табылады. Алайда айтылған мазмұнның ақиқат шындыққа қатысы тілдік тұрғыдан рай категориясымен шектеп қоюға болмайды немесе бұл категорияның аясына сыймайды, оның тұрпат межесі тілдің басқа да деңгей құралдарымен де беріледі. Сондықтан модалдылық кең ұғымда «ұғымдық категория» болып табылады.

Предикативтілік пен модалдылық сөйлемде көбінесе етістік категориялары арқылы көрінеді. Мысалы: *-Тіпті, түспей-ақ сонда тұра берсе қайтеді, - деді жалпы бөлімнің бастығы. – Үйіне түнде - түнде барып кеп тұрар (Д.Исабеков)* деген сөйленімде *-п тұр* аналитикалық форманты мүмкіндік мағынасымен қоса, қимылдың қайталануын, сөйлеушінің көзқарасын да білдіріп тұр. Предикативтілікпен тікелей байланысты «предикаттық қатынас» термині сөйлемнің тұрлаулы мүшелері арасындағы қатынасты көрсету үшін қолданылып, бастауыш пен баяндауыштың байланысы предикаттық қатынас деп аталады. Осы предикативтілік аясына жинақталатын семантикалық категориялар қатарына кең ұғымдағы шақ, жақ

және қимылдың өту сипаты мен таксис жатады. Ал бұл категорияларды сөйлеу деңгейінде қарастыртын функционалды грамматикада арнайы теминдермен атау қалыптасқан: шақ – темпоралдық категориясы; жақ – персоналдық категориясы; қимылдың өту сипаты – аспектуалдық категориясы.

Дүниедегі барлық заттар мен құбылыстардың өмір сүру формасы кеңістік пен уақыт десек, кеңістікте орын алған қандай да бір қимылдың жасалуы уақытқа тәуелді. Уақыт – адам санасынан тыс тұрған ақиқат шындық. Қимыл уақытқа қатысты бірнеше аспектіден қарастырылады. Уақытпен өлшегенде түрлі көлемде болатын іс-әрекеттің уақыт бойындағы әр қилы ішкі өту ағымы қимылдың өту сипаты категориясының мазмұнын құраса, орындалу мерзімі мен сөйлеп тұрған уақыт арасындағы қарым-қатынасты шақ категориясы көрсетеді. Бірнеше қимылдың уақытқа қатысты жасалуы бір мезгілде және әр түрлі мерзімде, сондай-ақ бірінен кейін бірі ілешала орындалу ерекшеліктерін таксис категориясы қарастырады. Енді қимылдың уақытқа қатысын түрлі аспектіден қарастыратын осы категориялардың сипаттамасына тоқталайық.

Кез келген қимыл белгілі уақытта және арнайы жерде (орында) жасалатындықтан әрекет уақыт пен кеңістік ұғымдарымен тығыз байланысты болып келеді. Осы тұрғыдан бір-біріне өте жақын келетін категориялар ретінде қимылдың өту сипаты мен етістіктің шақ категориясын атауға болады. Қандай да бір грамматикалық тұлғаның қай категория мағынасын (аспектуалды немесе темпоралды) жеткізетіндігін айқындауда оның тұрпаты емес, ішкі мазмұны маңызды саналады. Сондықтан аспектуалдылық пен темпоралдылық арасындағы айырмашылық олардың мазмұнында болғандықтан, бірінші кезекте екі категорияның мазмұнын ашатын грамматикалық (жалпы тілдік) көрсеткіштердің мағыналық жағына ерекше көңіл бөлу керек.

Шақ ұғымы адам санасында қандай да бір іс-әрекеттің өту кезеңімен байланысты түсінікті қалыптастырады. Шақ көрсеткіштері жалғанған етістік мағынасына өзгеріс енгізбейді, тек қана қимылдың жүзеге асу мерзімін ғана көрсететін грамматикалық сипатқа ие болып келеді. Деңгейлік грамматика аясында қарастырылатын морфологиялық шақ категориясының көрсеткіштері қимылдың өту мерзімін, уақытын нақты, дәл көрсете алмайды, тек жалпылама білдіреді. Болмыстағы уақыт пен тілдегі шақ ұғымын тең деп қарауға болмайды. Іс-әрекет белгілі бір уақытта орынадалатындығы даусыз, тілде оның (іс-әрекеттің) өту мезгілі абстрактылы түрде сөйлеу кезімен өлшенеді. Уақыт ұғымы қазақ тілінің грамматика деңгейінде арнайы етістіктің грамматикалық шақ тұлғалары арқылы көрінеді. Шақ категориясы іс-қимылдың сөйлеп тұрған сәтке қатысты алғанда болып кеткендігін, жасалып жатқандығын және алдағы уақытта іске асатындығын білдіреді және оның көрсеткіштері грамматикалық тұлғалар болып табылады. Шақтың үш түрі бар: өткен шақ, осы шақ, келер шақ және осы үш шақ іштей өзара

тағы да мағыналық реңктерімен ажыратылатын түрлерге сараланады. *Салтанат та сықылдап күліп жүр* (Д.Исабеков); *Екі жақ та жаяулап алма-кезек жар жағалап, ат бауырлап амалдап өтеміз* (С.Жүнісов); *Боқырау өтін, күзектегі ел күземін де алып болды* (М.Әуезов).

Ал кең ұғымдағы шақ категориясы темпоралдылық деп аталады және бұл функционалды грамматиканың нысаны болып табылады. Бұл атауға негіз болған шақ ұғымындағы шетелдің, ағылшын тіліндегі *tense*, неміс тіліндегі *tempus* сөзі негіз болған. Олай болатын себебі, қимылдың сөйлеу сәтіне қатысты жасалу уақытын көрсететін функционалды-семантикалық өрістің ядросын грамматикалық шақ категориясы құрайды. Мысалы: *Үш күннен бері сілбілеген ақ жауын айықпай тұр* (М.Әуезов); *Темекі Балжанның әлі нұры таймаған ақ сары жүзінен, ақ-қарасы айқын бота көздерінен баяғы он жеті жасар сұлу қыздың жұрнағын іздеп, ұзақ қарап отырды* (Қ.Жұмаділов). *Бір өңкей белуарына дейін шешініп тастаған жалаңаш адамдар жалын бүріккен ыстық көріктің алдында терге малышынып, қып-қызыл темірді төстің үстінде қамырша илеп, дамылсыз соғып жатыр* (Қ.Жұмаділов). Сол себепті де қазақ тілінде темпоралдық категориясы бір негізді ФСӨ болып табылады. Ал бұл екі категорияның өзіндік айырмашылықтары олардың тұрпат межесінен көрінеді. Темпоралдық категориясының мазмұн межесі грамматикалық шақ категориясының мазмұн межесімен бірдей, ол – қимылдың сыртқы уақытқа қатысын білдіру. Ал тұрпат межесі тек грамматикалық формалармен ғана тұйықталып қалмай, тілдің басқа деңгейлерін де қамтиды. Грамматикалық шақ категориясының тұрпат межесі грамматикалық тұлғалардан ғана тұратын болса, темпоралдық категориясының тұрпат межесі грамматикалық тұлғаларға қоса, қимылдың сыртқы уақытқа қатысын көрсете алатын түрлі тіл деңгейі бірліктерінен тұрады. Мәселен, мезгіл мәнді сөздер қимылдың өту уақытын нақты да дәл көрсететіндігімен ерекшеленеді: *Абай бағанадан бері Тоғжанға бет алдынан қараса, қазір көбінесе қырынан көріп отыр* (М.Әуезов). Сөйлемде грамматикалық тұлғалармен берілген шақ мағынасы актуализатор немесе нақтылауыштар деп аталатын тіл бірліктері арқылы негізгі тілдік көрсеткішпен берілетін мағынаны айқындау қызметін атқарады: *Соңғы кездері салым суға кетіп, тым босаңсып кеттім* («Жаңа өмір»).

Предикаттық негіздегі ФСӨ-лердің қатарына сөйлемдегі қимылды іске асырушы тұлғаға, субъектіге қатысты кең ұғымдағы жақ (персоналдық) категориясы жатады. Қазақ тілінде персоналдық категориясының негізін грамматикалық жақ категориясы құрайды, дегенмен персоналдықтың функционалды-семантикалық өрісінің орталығын «есімдік-етістікті» деп атаған дұрыс. Өйткені жақ категориясы жіктеу есімдіктері мен етістіктің жіктік жалғаулары арқылы көрініп, біртұтас жақ категориясын құрайды. О.Жұбаева қазақ тіліндегі персоналдық ФСӨ-нің құрылымын ажыратуда I және II жақ есімдіктері мен етістік көрсеткіштерін өрістің ядросын құрайды деп көрсетіп, III жақтың көрсеткіштерінің периферияға орналасатындығын айтады [1, 338 б.]. Функционалды грамматика сөйлеуді басты нысан етіп

алады десек, сөйлеуді қалыптастыратын сөйлеу актісіне қатысушылар адресант (сөйлеуші) пен адресат (тыңдаушы) және осылардан бөгде үшінші жақ болады. Бұл аталғандар, көбінесе, жоғарыда аталған I, II және III жаққа сәйкес келеді. Жалпы сөйлеу әрекетінде жақ семантикасы (I, II және III жақ) мен жағдаятқа қатысушылардың сәйкес келуі/келмеуі ықтимал. Яғни сөйлеу актісінде адресант үшінші жақ болуы мүмкін.

Қазақ тіліндегі I жақты білдіретін *мен* және *біз* есімдіктерінің сөйлеудегі және жалпы семантикалық ерекшеліктерін ашып көрсеткен О.Жұбаева функционалды-семантикалық өрісте сөйлеуші мен тыңдаушы орындары өзара алмасып отыратындықтан сөйлеуші (I жақ) әрдайым жекеше түрде қолданылатындығын, ал *біз* есімдігінің мағыналық құрамы I жақ пен II жақ, сондай-ақ III жақты да қамтитындығын, яғни *мен + сен + ол* немесе *мен+сен*, сондай-ақ, *мен+ол* деген ұғым-түсінікті қамти алады. Сөйтіп, I жақтың көпше түрі болмайды деген тұжырым айтады.

Персоналдық категориясына жақын әрі онымен тікелей байланысты категория ретінде посессивтілікті (меншіктілік) атауға болады. Өйткені тәуелдік, меншіктіктің өзі белгілі бір жаққа қатыстылығымен анықталады. Сондықтан да болар А.Байтұрсынұлы тәуелдік жалғаулары мен жіктік жалғауларын «жақ жалғаулары» деген түсініктің ішінде қарайды. Қазақ тілінде меншік мағынасының үш жаққа қатысын көрсететін арнайы тәуелдік жалғаулары бар. Осымен байланысты сөйлеуде арнайы жақты көрсетпей-ақ, тәуелдік жалғаулы сөзді қолдануға болады және меншіктің қай жаққа қатыстылығы сол тәуелдік жалғауы арқылы көрінеді. Мысалы: *Хасан балаларының қасына барып қалпақты шешкенде, екі баласы әкелеп қоя берді* (Ертегілер); *Баушайларым тоқылдап қатып қалған секілді дызылдай бастады* (О.Бөкей); *Дір-дір еткен еріндері де жуыспай, тісі тісіне тиіп сақылдап кетті* (Ә.Нұрпейісов). Сөздердің жіктелу жүйесіне қатысты А.Байтұрсынұлының пікіріне мазмұндас ойды Ы.Маманов еңбектерінен де кездестіре аламыз. Ы.Маманов қазақ тілінде сөздердің жіктелу жүйесінің жіктік және тәуелдік жалғаулары арқылы көрінетіндігін айта келе, қазақ тіліндегі осы екі жалғаудың ұқсастығы мен айырмашылықтарына тоқталады. Ұқсастығы: екі грамматикалық категория көрсеткіштері арқылы жақтық мағына беріледі; айырмашылығы жіктік жалғауы предикативтілік мән үстей отырып, сөйлемдегі тыңдауы мен сөйлеушінің, субъектінің кім екендігін көрсетеді. Ал тәуелдік жалғаулары жақтық мағынамен қоса, меншікті мәнді де білдіруге қабілетті.

Персоналдықтың ФСӨ-сі – жақтық мағынаны беру қызметі үшін бірігетін түрлі тіл деңгейіне жататын, лексика, морфология, синтаксистік деңгей, құралдарының жиынтығы. ФСӨ құрылымының негізгі көрсеткіштері

жіктеу есімдіктері мен етістіктің грамматикалық тұлғаларының бірігуінен тұратын жақ категориясы болып табылады. Әр жақтың өзіндік грамматикалық көрсеткіші болғандықтан сөйлемде есімдіктің болуы/ болмауынан мазмұнға айтарлықтай нұқсан келмейді. Мысалы: *Сөзінің келесі бөлігін Бағиланың қарсы алдындағы креслоға кеп жайғасқан соң жалғастырды (Д.Исабеков)* Дегенмен есімдіктермен келген сөйлемде нақтылау мәні басым болып келеді: *Мен сізді арзан ортаға қимаймын. Неге екенін өзім де білмеймін, білсем білетін де шығармын... бар білетінім тұғырға қонар сұңқар боп жаратылып, қарға мен жапалақтарға ілесіп бұтаққа қонып қала ма деп қимадым (Д.Исабеков)*. Оның үстіне О.Жұбаева көрсеткендей, бірінші жақ тұлғалы есімдік сөйлемде белсенді субъект болып табылады және осымен байланысты мұндай есімдіктер белгілілік мәнде ғана жұмсалады. Осы жақ көрсеткіштерінің ішінде I және II жақ есімдіктері тікелей сөйлеу актісіне қатысушы жеке тұлғаға қатысты болып келсе, III жақ есімдігі адам және затқа да қатысты қолданады және жақ мағынасынан басқа, сілтеу мәнінде де жұмсалады. Ол есімдігі адамға қатысты қолданғанда белгілілік те, белгісіздік те мәнде жұмсалуы мүмкін және оның қай мәнде қолданылғаны контекст арқылы айқындалады.

Бір немесе бірнеше процесс (оқиға), сондай-ақ бірінен кейін бірі болатын не бірінен соң бірі жүйелі қайталанатын процестер де белгілі уақыт ішінде жүзеге асады. Мұндай екі немесе бірнеше іс-әрекет арасындағы мезгілдестік қатынастар *таксис* категориясын құрайды. Қазақ тілінде уақыт жағынан бір мезгілде болған мезгілдес қимыл мен мезгілі жағынан бірінен кейін бірі іліктес жүзеге асатын қимыл семантикасы құрмалас сөйлем синтаксисі тұрғысынан қарастырылды. Мәселен, бірінен кейін бірі іске асатын қимылды білдіретін синтаксистік құрылымдарды Р.Әмір мезгілдік іргелес құрмалас сөйлемдер деп атап, олардың қазақ тіліндегі жасалу жолдарына тоқталады [3, 696-697 бб.].

Таксис категориясының аясында қарастырылатын қимыл уақытқа қатысы жағынан екіге ажыратылады: бір мезгілде болатын қимыл және әр түрлі мерзімде, нақтырақ айтқанда бірінен кейін бірі жүзеге асатын іліктес қимыл:

– мезгілдес қимыл: *Жаңыл иіліп тостағанмен су ұсынғанда, Естемес тағы да ұзағырақ қарады (Т.Ахтанов); Мен оны тықыршып ұзақ күттім. Әр минутым жылдай боп, үйге бір кіріп, бір шығумен болдым. Ақыры сыртқы қақпа тарс етіп жабылған да, орнымнан атып тұрдым (Д.Исабеков);*

– мезгіл жағынан іліктес қимыл: *Бір мезет жотаның үстінен көлбеген боз тұман арасында серейін-серейін қалған басқа мүйіздер көріне кеткенде, серке пысқырып жіберді. Ол жақтан да пысқырды. Қайтадан бұл да пысқырды (Ғ.Сланов)*. Алғашқы сөйлемдер мезгілдес әрекеттердің көрінуі:


«өту үстіндегі қимыл – онымен бір мезгілде болып жатқан әрекет, процесс», ал кейінгі сөйлемде «қимыл-әрекет жасалды – соның жасалуымен тікелей байланысты іле-шала іске асқан қимыл».

–
Мезгілдес әрекеттер (мезгілдік қатынасқа құрылған):



Сурет 1 - Іліктес қатынастағы әрекеттердің уақыт осіне қатысты көрінісі

Іліктес әрекеттер (себеп-салдарлық қатынасқа құрылған):



Сурет 2 – Мезгілдес қатынастағы әрекеттердің уақыт осіне қатысты көрінісі

Тілдік деректерге сүйеніп, бір мезгілде жүзеге асатын немесе іліктес қимылдардың уақыт жағынан бір-біріне тәуелділігі немесе тәуелсіздігі, сондай-ақ екі не одан да көп амал-әрекеттің бір мезгілде немесе бірінен кейін бірінің жүзеге асуының себебі т.б. мәселелер арнайы зерттеуді қажет етеді.

Сонымен, қимылдың қалай? және қашан? жасалғанының тілдік көрсететін арнайы аспектуалдылықпен байланысты уақыт, темпоралдылық көрінісін беретін кең ұғымдағы қимылдың өту сипаты (аспектуалдық), шақ (темпоралдық) және жақ (персоналдық) категориялары мен таксиске қатысты мезгіл ұғымының өзіндік ерекшеліктері болғанымен, бәрі де уақытсыз түсіндіруге келмейді. Мысалы: *Жұман аттан қарғып түсіп, қаңтара салды да, жер-ошақтан шыққан отты қамшымен сабалап, етегімен таптап, әрең сөндірді* (Ғ.Мүсірепов); *Кейбір жігіттердің сақалына от тиіп, шапанының етегімен ұрғыштап, сөндіре алмай жүр* (Ә.Кекілбаев) деген сөйленімдерде хабарланған қимыл біреу, отты сөндіру. Айырмашылығы – бірінде, қимылдың сөйлеу сәтіне дейін болып өткендігі,

екіншісінде, процесс түрінде сөйлеу кезінде іске асып жатқандығы. Бұл сыртқы уақытқа қатысты. Ал қимылдың ішкі өту ағымына келсек, алғашқыда іс-әрекеттің қанша уақытқа созылғандығы белгісіз, бірақ нәтижелі, шегіне жете аяқталғандығы, кейінгі сөйленімде жасалу үстіндегі қимыл және оның қайталану сипаты баяндалған.

Пысықтау үшін сұрақтар:

1 Қимылды уақытқа қатысы жағынан қарастыратын категорияларға қандай категориялар жатады?

2 Предикативтілік дегенді қалай түсінесіз және оның тілдегі көріністері қандай?

3 «Предикаттық қатынас» дегеніміз не?

4 Сөйлемге тән модалдылық дегенді қалай түсінесіз?

5 Грамматикалық шақ категориясының темпоралдық семантикалық категориясына қатысын көрсетіңіз.

6 Қазақ тіліндегі персоналдық ФСӨ-нің ядросын құрайтын тілдік көрсеткішті атаңыз? Неге?

7 Тәуелдік жалғауларының персоналдық ФСӨ-ге қатысы бар ма? Егер болса, қандай?

8 Таксис қандай категория?

Әдебиеттер:

1. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. – Алматы: Ануар - KZ, 2010. 1 – кітап. -338-405бб.;

2. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. –Алматы: Арыс, 2007. - 71-75 бб.

3. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. –784 б.

4. Теория функциональной грамматики. Введение. Аспектуальность. Временная локализованность. Таксис. – Л.: Наука, 1987. .

5. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. – Алматы: Дайк-пресс, 2011. 2 – кітап. -85-116 бб.

СӨЖ тақырыбы:

1. Өздік және белгісіздік есімдіктерінің функционалды-семантикалық өрісі немесе персоналдық ФСӨ-дегі орны.

2. Персоналдык элементтердің жіктелімі (негізгі критерийлер; 1 сатыдағы және 2 сатыдағы элементтердің сипаттамасы).

3. Қазақ тіліндегі персоналдық ФСӨ-нің тұрпат межесі.

4. Таксис категориясы – функционалды грамматика нысаны.

5. Темпоралдық қатынастың түрлері: актуалды және бей актуалды қатынастар.

СӨЖ тапсырмасын орындауға қажетті әдебиеттер:

1 Жұбаева О. Персоналдық функционалды-семантикалық категориясы // Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. – А.: Ануар - KZ, 2010. 1 т. - 360-370 бб.; -371-405 бб.

2 Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. -120-137 бб.

3 Жаңабекова А. Функционалды-семантикалық темпоралдық категориясы // Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. – Алматы: Дайк-пресс, 2011. 2 – кітап. -398-404 бб.

3.2 Сандық-сапалық негіздегі ФСӨ-лердің сипаттамасы

Дүниенің немесе әлемнің бейнесін тіл арқылы тануда философия тұжырымдары маңызды саналады. Болмыстағы зат пен құбылыс және оларға тән сан мен сапа – ақиқат шындық. Сан – белгілі бір зат пен құбылыстың есептік мөлшері болса, сапа – зат немесе құбылысты өзге зат пен құбылыстан ерекшелеп тұратын белгілер мен қасиеттер. Сонда сан мен сын-сапа, мөлшер затқа, құбылысқа қатысты анықталды немесе зат пен құбылыс болған жерде ғана кездесетін ұғымдар болып табылады. Сан мен сапа категориялары Аристотель заманынан бері зерттеу нысанынан түскен емес. Адамның өзі және оны қоршаған ортадағы дүниелерге қатысты қолданылатын сан мен сапа ұғымдары адамзаттың бәріне ортақ болып, оларға қатысты ұғымдық категориялар да әмбебап сипатымен ерекшеленеді. Өйткені болмыстағы материялар сандық, сапалық белгілері мен қасиеттері, сондай-ақ өздерінің өлшемі мен мөлшері жағынан сипатталады. Бұл зат пен құбылысқа тән саналатын аталған сипаттар санада сан, сапа, мөлшер ұғымдарын қалыптастырады. Санадағы сан, сапа, мөлшер ұғымдары әр ұлттың тіршілік ортасы мен дүниетанымына сай қалыптасқан тіл бірліктері арқылы тілде көрініс табады. Олардың тілдегі көрінісін сөздік қордағы сан есім мен сын есімдердің семантикасын құрайды. Бұл сан пен сапаның лексикалық деңгейдегі көрінісін құрайды. Ал сан, сапа ұғымдары барлық тілде болғанымен, оның тілде көрінетін грамматикалық формасы әр тілде әр түрлі болады. Мәселен, қазақ тілінде жүйелі қалыптасқан грамматикалық заңдылықтары бар мұндай категориялар қатарына грамматикалық тәуелдік категориясы, лексика-грамматикалық шырай категориясы жатады. Ал сан, сапа ұғымдарының тілдегі көрінісін функционалды-семантикалық өріс теориясы тұрғысынан зерделегенде олар грамматикалық формалар, лексикалық бірліктер, лексика-грамматикалық тұлғалар арқылы көріктеніп, бір ФСӨ қалыптастырады.

Посессив латынның *possessivus* – тәуелді, меншік деген түсінікті беретін сөзі. Осы ұғыммен қатысты посессивтілік терминіне қазақша балама ретінде Е.Жанпейісов тиесілік терминін ұсынады. Посессивтілік категориясы – семантикалық категория, оның мазмұн межесі жалпы бір заттың,

құбылыстың, нәрсенің біреуге тиесілі екендігін білдіру болса, осы мағынаны тілде жеткізуге қабілетті грамматикалық, лексикалық, синтаксистік құралдардың жиынтығы тұрпат межені құрайды. Қазақ тілінде посессивтілік функционалды-семантикалық өрісінің негізгі ядросын зат есім сөз табының грамматикалық тәуелдік категориясы құрайды. Посессивтілік функционалды-семантикалық категориясын қазақ тілі материалдары негізінде зерттеген З.Ахметжанова иелік қатынасты білдіруде изафеттің 3-түрінің белсенді болып келетіндігін айтады [1, 117 б.]. Изафеттің үшінші түрі өзара матаса байланысқан анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері болып келеді: бірінші сыңар – ілік септігінің тұлғасында, ал екінші сыңары – тәуелдік жалғауымен келеді. Заттар аарсындағы меншіктілік қатынасты берудің қазақ тіліндегі өнімді жолы тәуелдік категориясы десек, бұл категорияның көрсеткіштері ілік септік жалғауымен байланысты қаралады. Қазақ тіліндегі грамматикалық тәуелдік мәнің берілуіне және ондағы ілік септік жалғауының рөліне қатысты С.Исаев «... кейде ілік септікті сөз болмай, жалғыз тәуелдік жалғаулы сөзден, өйткені тәуелдік жалғаулы сөз сол жалғау арқылы әрі тәуелдік және жақтық мағынаны білдіріп, әрі өзіне қатысты ілік септікті сөзді меңзеп тұратындығын» айтады [2, 115 б.].

Иелік қатынастың қазақ тіліндегі көрінісіне қатысты зерттеулерді қарастырған еңбектерге талдау барысында функционалды тұрғыдан жазылған Ы.Мамановтың мақаласы және З.Ахметжанованың докторлық диссертациясын атап өтуге болады. Екі еңбекте басты нысанға иелік категориясы алынған. Бірінде – грамматикалық тәуелдік категориясы. Бұл категория көрсеткіштері тілдегі функционалды бағыттың «формадан мазмұнға қарайғы» ұстанымы тұрғысынан талданған. Ал екіншісінде иелік немесе тәуелдік семантикалық категориясы нысанға алынып, «мағынадан формаға қарайғы» ұстанымды негізге алатын функционалды-семантикалық теория тұрғысынан зерттелген. Осы екі еңбекке кеңірек тоқталайық.

Ы.Мамановтың 1982 жылғы «Қазақстан мектебі» журналының №3 санына жарияланған «Тәуелді форма және оның қолданылуы» атты мақаласы зат есімнің грамматикалық тәуелдік категориясының тұрпат межесін құрайтын грамматикалық формалардың функционалды-семантикалық әлеуетіне арналған [3, 440-443 бб.]. Қандай да бір грамматикалық форманың негізгі беретін грамматикалық мағынасымен қоса, сөйлеуде, контексте көрінетін басқа да мағыналарын саралап айқындау және ол мағыналардың актуалдануына ықпал ететін факторларды анықтау функционалды лингвистиканың «тұлғадан мағынаға қарайғы» бір бағытын құрайды. Тәуелдік форма ілік септігімен матаса байланысып, анықтауыштық-меншіктілік синтаксистік қатынасқа құрылады. Автор тәуелдік жалғаулардың контексте және сөздің ішкі мағынасына байланысты түрлі

мағыналық қатынастарды жинақтап береді. Олар: меншіктілік қатынас (*колхоздың малы, оқушының кітабы, менің жолдасым, сенің балаң*); мүшелік қатынас (*қоянның құлағы, ағаштың жапырағы, үйдің қабырғасы*); бейнелік қатынас (*ауаның райы, күннің сәулесі, айдың жарығы, жердің жүзі, таудың көркі*); тектес қатынас (*бидайдың ұны, сұлының жармасы, тауықтың сорпасы*); туыстық қатынас (*Күңкенің үйі, Кенелдіктің шешесі*); мекендік қатынас (*жер асты, ауыл арасы, үйдің жаны, маңдайша үсті*) [3, 440-441 бб.]. Автордың ілік септік пен тәуелдік жалғаулы сөздердің тіркесімі арқылы берілетін жеке-жеке көрсеткен мағыналық қатынастары құптарлық, дегенмен осы барлық топты бір нәрсенің екінші нәрсеге қатысы негізіндегі анықталып тұрған қатыстық мағынаны тиесілік ұғымының аясына біріктіруге болатын сияқты. Бірақ Ы.Маманов жеке-жеке көрсеткен жағдайлардың әрқайсысында осы тиесілік мағынаның көріну деңгейі бірдей емес, бірінде айқын болса, екіншісінде солғындау болып келеді. Сондықтан да автор олардағы басым мағыналық қатынасты ескере отырып, осындай парадигманы ұсынған сияқты. Сонымен қатар, Ы.Маманов басқа сөз таптарының, сын есім, сан есім, есімдік, үстеу және етістіктің функциялы түрлерінің (есімше, қимыл есімі) мен етіс тұлғалы сөздердің заттық мән иеленіп, тәуелдік жалғауларымен қолданылғандағы семантика-функционалды ерекшеліктерін көрсетеді. Мәселен, сын есім субстантивтеніп тәуелдік жалғауымен келгенде тиесілік мағынадан гөрі, жанды және жансыз заттардың сапалық дәрежесінің артық/кемдігін көрсетеді: *қыздың сұлуы, қозының семізі, малдың пайдалысы, жәндіктің үлкені* [3, 440-441 бб.]. Әрине, бұл мысалдардан *сұлулықтың қызға, семіздіктің қойға* тән екендігін білдіретін тиесілік мағынаны жоқ деуге болмас, бірақ осы тіркестердегі потенциалды мағына актуалданып, бірінші кезекке сын дәрежесінің деңгейін көрсету мағынасын шығарып отыр. Тәуелдік жалғаулары зат есім сөз табының негізгі көрсеткіші болып табылады. Екі зат есім (ілік септік жалғаулы сөз бен тәуелдік тұлғадағы сөз), субстантивтенген басқа сөз таптарының ілік септікте келу мен тәуелдік жалғаулы сөздер анықтауыштық қатынаста тұрып, беретін мағынасы тиесілік (меншіктік) қатынасты білдіру болып табылады: *менің ұлым, баламның кітабы, сіздің мақалаңыз, қыздың бөлмесі*. Бірақ мұндай құрылымдағы тіркестерде тиесілік (меншіктілік) мағынаның көріну дәрежесі өзара тіркес құрайтын сөздердің ішкі семантикасына байланысты әр түрлі, айқын немесе көмескі болып келеді.

Қазақ тіліндегі тиесілік, меншіктіліктің көрінісін функционалды-семантикалық өріс теориясы тұрғысынан ұғымдық категория ретінде зерттеу алғашқыда З.К.Ахметжанова салғастырмалы сипатта болса [4], ал кейінірек қазақ тілі деректері бойынша қарастырылды [1].

Қазақ тілінде тәуелдік жалғаулары поссессивтілік семантикалық категориясының ядросын құрайды және осы тиесілік мағынаны айқын көрсете алатын тағы бір грамматикалық форма *-нікі, -дікі, -тікі* жұрнақтары. Бұл қосымша өзіндік ерекшеліктерге ие болып келеді: біріншіден, жуан нұсқасының болмауы және соған сәйкес үндестік заңына бағынбайды; екіншіден, өзі меншіктелетін сөзден кейін тұрады және сол сөздің грамматикалық предикаты болып табылады; үшіншіден, анықталатын сөз грамматикалық предикаттың субъектісі болатындықтан, меншіктелетін сөз бен меншіктейтін *-нікі, -дікі, -тікі* жұрнақты сөздің арасындағы синтаксистік қатынас анықтауыштық емес, субъектілі-предикаттық қатынас болып табылады; төртіншіден, мұндай құрылымда айтылатын сөздердің арасына көп жағдайда сөз салып айтуға болмайды. С.Исаев мұндай қосымшлы сөздің сөйлемде басқа да тұлғада қолданылып, предикат қызметінен ауысса, меншіктілікпен бірге тәуелділікті де білдіріп, екі сөздің де орнына жүретіндігін айтады [5, 119 б.]. Бұған мынадай мысал келтіреді: *Әсеттікіне келдік – Әсеттің үйіне келдік.*

Қазақ тілінде тиесілік мағынаны беруге бірқатар сөзжасамдық жұрнақтар да қатысады. Мысалы, сын есім тудыратын сөзжасам жұрнақтары: *-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті*. Сын есімдер табиғатында затқа қатысты айтылып, соның жетегінде айтылатын сөздер болып табылады. Жоғарыда аталған жұрнақтар арқылы сын есімдердің үлкен бір тобы қатыстық сын есімдер жасалады. Бұл *-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті* жұрнақтары адамға және нәрсеге тән болып келетін сындық белгіні білдіреді. Бірінші кезекте сындық мағына тұрғанымен, осы сынның біреуге не бір нәрсеге тәндігін көрсетуі аталған қосымшаны поссессивтік функционалды-семантикалық өрісінің периферия көрсеткіші деп санауға негіз болады. Мысалы: *бұл қамысты жер – бұл жердің қамысы бар; балалы әйел – әйелдің баласы бар; тымақты кісі – кісінің тымағы бар*. Тиесілік мағына синтаксистік құрылымдар арқылы да беріледі: *Айжанда қалада бір бөлмелі пәтер бар – бір бөлмелі пәтер Айжанға тиесілі.*


Ақиқат шындықтағы немесе болмыстағы заттар мен құбылыстарды танумен тікелей байланысты және соларға қатысты мәселенің бірі – шама, мөлшер. Бұл ұғымдарды Аристотель ажыратып қарайды және бірнеше, кемінде екі құрамдас бөлікке бөлінетін, анықталатын нәрсені мөлшер деп анықтайды да, ал осы мөлшер есептелетін, өлшенетін болса, шама деп аталады. Мөлшер мен шама ұғымдары жаратылыстану ғылымдарындағы негізгі терминдердің бірі болғанмен, ғылымның басқа салаларында, мәселен философия, лингвистика мен логикада кең қолданысқа ие болып келеді. Қазақ әдеби тілінің он бес томдық түсіндірме сөздігінде «мөлшер» сөзінің лексикалық мағынасына қатысты мынандай түсініктеме берілген: белгілі бір

нәрсенің, заттың жалпы аумағын көрсететін шама десе, ал «шама» сөзінің дефинициясы былай ашылған: болжалды көлем, мөлшер [6, 309 б.; 7, 232 б.]. бұл анықтамалардан шама мен мөлшер ғымдарының бір-біріне жақын түсініктер екендігін аңғару қиын емес.

Мөлшер затқа да, қимылға қатысты болып келеді. Сондықтан да қазақ тілінде мөлшер мәнді сөздерге қатысты қолданылатын терминдер қатары аз емес. Қазақ тілінде мөлшер категориясын семантикалық категория ретінде алып қарастырған Е.Маралбектің еңбегінде қазақ тілі мен түркологиядағы осы тілдік құбылыстың бірнеше атаумен ғылыми еңбектерде, мақалаларда мәселен «телімдік» (А.Байтұрсынұлы), «сан-мөлшер категориясы» (С.Исаев), «сан мағыналы сөздер» (Ә.Хасенов), «бейтарап фразеологизмдер» (Ә.Болғанбаев), «есептік сөздер» (Ж.Ахмедова), «мөлшер сөз, мөлшерлік» (Н.Сұлтаншәріп) және т.б.. көрініс тапқандығы айтылған. Қытайда 2002 жылы «Шыңжан» халық баспасынан Шыңжан Ұйғыр автономиялы райондық Тіл жазу комитеті басшылығымен қазақ тілінің грамматикасын біршама толықтай қамтитын «Қазіргі қазақ тілі» атты көлемі 525 бетті құрайтын еңбектің үшінші грамматика бөлімінде морфология мен синтаксис мәселелері қамтылған. Осы еңбекте сөз таптарының қатарында мөлшерлік сөз табы деген қазақ тілінің грамматикаларында кездеспейтін сөз табы енгізілген. Бұл Қытай жерінде жарық көрген «Қазіргі қазақ тілі» еңбегінде мөлшер мағыналы сөздерді сөз табы ретінде жеке алып қарастырудың уәжі былайша түсіндірілген: «Қазіргі кейбір зерттеушілер мөлшерлік деген сөз табын қосып, қазақ тілінде 10 сөз табы бар дейді. Бұл ойдан шығарылған нәрсе емес. Тек қазақ тіліндегі табиғи өмір сүрген құбылыстың аңысы ғана. Сондықтан бұған сөз табы бола алмайды деп дау айту мүмкін емес. Мұны тілімізде ата заманнан бар табиғи құбылыстың біртіндеп танылуы деуге болады. Бұған мысал: *бір тал оқ, бір рет оқу* деген сөз тіркестері тілде жиі жолығады. Мұнан *тал, рет* сөздерін алып тастаса, сөз ершімі белгілі бір дәрежеде бұзылады. Тіліміздегі *бір үйір жылқы, бір топ адам, бір қора қой* деген тіркестердегі *үйір, қора, топ* сөздерін алып тастаса, тіркестердің берген мағынасы бірақ бұзылып, басқа мағыналы тіркестерге айналып кетеді. Мұнда «мөлшерлік» деген құбылыс тілімізде бұрыннан болғанымен, бізге енді-енді байқалып, сөз табындағы тиесілі орны біртіндеп танылып келеді» [8, 158 б.]. бұл тұжырымға қатысты мынадай пікір білдіреміз: тілде мөлшер мағынаны беретін тіл бірліктерінің мол екендігі дау тудырмайды. Ал оларды сөз табы ретінде қарастыру үшін сөз табы ретінде танудың теориялық ұстанымдарын басшылыққа алу керек. Жалпы бұл өз алдына бөлек мәселе.

Болмыстағы зат пен құбылыстар және оларға қатысты қимыл-әрекет барлық халықта бірдей болғанымен, олардың тілдік көріністері әр ұлттық

тұрмыс-тіршілігі мен өмір сүрген ортасына, жер жағдайына байланысты әр қилы болады. Қазақ тілінде мөлшер мәнді тілдік бірліктер лексика-фразеологиялық деңгейде көп кездеседі және ол тілдік бірліктер көп жағдайда ұлттық дүниетанымға қатысты болып келеді. Сонда мұны сызба арқылы былай өрнектеуге болады:



Мөлшер мәнді білдіретін сөздер мөлшерліктер деп аталады. Е.Маралбек қазақ тіліндегі мөлшерліктерге тән мынандай грамматикалық ерекшеліктерді көрсетеді: 1) синтаксистік құрылымдарда сан есімдерден кейін тұрады: *Бір топ әйелдің алдында келе жатқан Шәрипаның өңі ақшыл, ажары тәуір еді; Екі жұма өтісімен Семей шаһарында ары жақ, бері жақта оба науқасы мүлде тамам болды; Ол менен екі-үш жас кіші* [1, 728 б.]. Осында арнайы қою бояумен берілген сөздерді Е.Маралбек мөлшерліктер деп алған. Біздіңше, бұл келтірілген сөйлемдерде мөлшерлік мағына аталған сөздер емес, осы сөздердің қатысуымен жасалған тіркестер арқылы берілген. Егер бұл сөздерді мөлшерліктер деп атайтын болсақ, онда бұл мән немесе мағына аталған сөздерді сөйлемнен тыс алып қарағанда да болуы керек. Бұл сөздердің бойындағы потенциалды сема болып табылады да, сөйлеуде осы мағына актуалданады. Ал келтірілген мысалдарда мұндай мағынаны тек «топ» сөзінен ғана кездестіруге болатын сияқты; 2) келесі грамматикалық ерекшелік ретінде мөлшерліктердің синтаксистік қатынасқа енгенде толық өзгеріске түспейтіндігі, яғни көптік, жіктік, тәуелдік жалғауларымен түрленбейтіндігі. Мұнда нысанға алынған мөлшерлік тағы да тіркес құрамында келген сөз: *бір бөлек жылқы*. Сонымен қатар, мөлшерлік сөздердің қайталанып келіп, сол мөлшерліктердің бірнешеу екендігін білдіреді деген тұжырым және берілген мысалдар: *Бестөбе қалашығына тұс-тұстан топ-топ атты адамдар құйыла бастады; Қабат-қабат*

қаттама, ақылың болса аттама. Біздіңше, мөлшерлік бұл келтірілген мысалдарда грамматикалық мағына ретінде көрінген. Сондықтан қосарланған тілдік бірліктерді мөлшерлік деп атаудан гөрі, мөлшерлік мағынаның берілу жолдары ретінде көрсеткен дұрыс сияқты.

Қазақ тілінде мөлшер ұғымын кеңістік пен уақытқа қатысты да бөліп көрсетуге болатын сияқты. Ал бұл тұрғыда олардың тілдік көрінісі көп жағдайда:

- лексикалық бірліктер және ұлттық дүниетанымға қатысты лексика-фразеологиялық бірліктер құрайды: *бие сауым уақыт, сүт қайнатым мезгіл, ет пісірім уақыт, қозы көш жер, ат шаптырым жер, бір қарыс, екі құлаш, сүйем; бір жапырақ ет;*

- грамматикалық (аналитикалық) тәсілмен беріледі: *тау-тау астық; қора-қора қой;*

- синтаксистік құрылымдар (түйдекті тіркестер, сөз тіркестері): *бір уыс топырақ; екі-үш шақырым; бір бума қағаз.*

- сөзжасамдық жұрнақтар арқылы: *таудай (үлкен); құрттай (кішкентай).*

Сонымен, мөлшер ұғымы қазақ тілінде түрлі тіл деңгейлері арқылы көрінеді, ал бұл семантикалық категорияның ФСӨ-сін лексикалық бірліктер, фразеологиялық бірліктер және синтаксистік құрылымдар арқылы берілетіндіктен көпнегізді болып келеді.

Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Сын-сапа категориясының әмбебап категория болу себебін түсіндіріңіз.

2. Қазақ тілінде тиесілік ФСӨ-і бірнегізді ме, көпнегізді ме?

3. Поссессиивтілік семантикалық категориясын тұрпат межесін құрайтын негізгі тіл құралдарын атаңыз.

4. Оларды ФСӨ-ге қалай орналастырар едіңіз?

5. Мөлшер, шама ұғымдарын қалай түсінесіз?

6. Мөлшер ұғымының қимылға қатысы дегенді қалай түсінесіз?

7. Қазақ тіліндегі мөлшерлік ФСӨ-нің мазмұн межесін қалай анықтайсыз?

8. Қазақ тіліндегі мөлшерлік ФСӨ-нің тұрпат межесін қалай анықтайсыз?

Әдебиеттер:

1. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. 2-кітап. –Алматы: Дайк-Пресс, 2011. – 116-136 бб.

2. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. А., 1998.

3. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, Арыс, 2007. - 488б.
4. Ахметжанова З.К. Функционально-семантические поля русского-казахского языков. – Алма-Ата: Наука, 1989. -108 б.
5. Исаев С. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Арыс, 2007. – 336 б.
6. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. XI том. – Алматы: Арыс, 2009. – 752 б.
7. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. XV том. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. – 824 б.
8. Қазіргі қазақ тілі. ҚХР. –Үрімжі: Шыңжан халық баспасы, 2002. – 525 б.

СӨЖ тақырыбы:

1. Қазақ тіліндегі поссессивтіліктің шағын өрістерінің сипаттамасы.
2. Мөлшер ұғымының лексика-фразеологиялық деңгейде көрінуі.
3. Мөлшер мәнінің синтаксистік бірліктермен берілуі.
4. Мөлшер мәнді тіл бірліктерінің концептуалдық мәні.

СӨЖ тапсырмасын орындауға қажетті әдебиеттер:

1. Ахметжанова З.К. Поссессивтілік функционалды-семантикалық категориясы // Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. – А.: Дайк-пресс, 2011. 2 т. -126-130 бб.;
2. Маралбек Е. Қазақ тіліндегі мөлшерліктер // Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. – А.: Дайк-пресс, 2011. 2 т. -752-768 бб.; -768-787 бб.

3.3 Сын-сапа – функционалды-семантикалық категория

Болмыстағы заттар мен құбылыстар бір-бірінен өздерінің ерекше белгілері арқылы ажыратылады және сол ерекше белгілері арқылы танылады. Затқа пен құбылысқа тән ортақ және жеке-дара белгілер мен қасиеттердің жиынтығы оларға тән сапаны құрайды. Сын пен сапаның тілдік көрсеткіштері, әдетте, сын есім сөздер мен сындық мәнді фразеологиялық бірліктер болып табылады. Ал сынның түрлі дәрежесі сын есімнің сапалық түріне тән шырай категориясы арқылы беріледі. Сонымен қатар, -шіл (көкшіл), -ғыш (сарғыш), -ғылт (қызғылт) жұрнақтары арқылы жасалған сын есімдерде сынның дәрежесі көрінеді.

Заттың тұрақты сындық белгісін басқа затқа қатыссыз тікелей білдіретін сөздер сапалық сын есімдер деп аталса, сын есімдердің келесі бір тобы затқа тән белгі мен сапаны басқа заттың, іс-әрекеттің қатысы арқылы білдіреді. Түрлі сындық мәнді білдіріп, сөйлемде өзі анықтайтын сөздің

алдында тұратын, өзі қатысты сөзбен өзара атрибутивтік қатынас құрайтын сын есім сөз табы мен оның шырай категориясы құрылымдық аспектіден А.Байтұрсынұлы, Ғ.Мұсабаев, Ж.Шакенов, М.Томанов, Ы.Маманов, Ә.Төлеуов, А.Ысқақов, Н.Оралбаева, С.Исаев, Ф.Оразбаева, М.Жолшаева, Г.Мамаева және т.б. еңбектерінде қарастырылды. Атап айтқанда, сын есімдердің лексика-грамматикалық сипаты, морфологикалық ерекшеліктері, сөзжасамдық қабілеті мен синтаксистік ерекшеліктері, валенттілік қасиеттеі туралы жан-жақты талданды. Болмыстағы зат пен құбылысқа тән сын мен сапа, белгінің белгілі бір дәрежесі болады және бұл дәреже салыстырмалы түрде және салыстырусыз болуы мүмкін.

Зат пен құбылыс, қимылға тән түрлі белгілер, сындар қазақ тілінде сын есем сөз табымен, шырай категориясымен ғана емес, тілдің басқа да деңгейлері арқылы беріледі. Сындық мағынан және оның түрлі дәрежедегі көріністерін функционалды аспектіден неміс тілі деректерімен салыстыра қарастырған Қ.Рысалды қазақ тіліндегі сын-сапа дәрежесін функционалды-коммуникативтік категория ретінде алып қарайды, сапа мен сипат терминдерін ажыратады. Сын мен сипаттың бір деңгейдегі белгі болғанымен, олардың заттың өзіндік болмысын айқындауында айырмашылықтың болатындығын айта келе, оларды былай ажыратады: сын зат болмысының тікелей табиғи бітіміне меңзесе, сипат сол белгінің заттардың арақатынасы арқылы айқындалатынын меңзейді [1, 138 б.]. Зат пен құбылысқа тән сын-сапа, сипат, қасиет белгілердің тілдегі көрінісі – сын есім сөздер. Сын есім деп заттың әр түрлі сыр-сипатын (түрі-түсін, сапасын, көлемін, салмағын т.б.) қасиеттерін тікелей не басқа заттың қатысуы арқылы білдіретін сөздер аталады [2, 133 б.]. Сын есім сөздердің семантикалық негізі процесуалдық емес сапалық белгі болып табылады. Сындық белгі тек статикалық қалыптағы затқа ғана тән емес, заттар мен құбылыстардың динамикалық қасиеттеріне де тән саналады. Сондықтан да Қ.Рысалды заттың динамикалық сын-белгілерінің тілде қимыл, амал етістіктердің негізгі семантикалық белгісі болып табылатындығын айта келе, мынандай мысалдар береді: *ілбу, аялдау, жүру, жүгіру, зымырау, зыту* [1, 142 б.]. Бұл тұста сындық белгі қимылға тән болса, кейде осы қимыл сындық белгінің қалыптасуына ықпал етеді. Сөйтіп, кейбір сын есімдер осы процесуалдық мағына негізінде пайда болған. Мысалы, бірқатар есімдерден және етістіктерден сын есім тудыратын сөзжасамдық қосымшалар белгілі дәрежеде іс-әрекеттің қайталануын білдіре алады. Бірақ олардың бойындағы қайталану мағынасы айқын көрінбейді. Олар жалғанған сөздер, ең алдымен, қандай да бір затқа тән сапалық белгі болғандықтан сын есімдер қатарына жатып, сындық белгіні білдіреді. Осы сындық белгінің астарында қайталану әрекеті жатады. Яғни белгілі бір әрекеттің үнемі қайталануы арқылы сындық белгі қалыптасады. Жалпы белгілі бір іс-әрекетке бейімдікті білдіретін сын есімдердің бойында бар қайталану мағынасына оларға компоненттік талдау жүргізу арқылы оңай көз

жеткізуге болады. Мәселен: *сөйлеуік* сын есімінің мағыналық құрамы мынадай болып келеді: 1) адамға тән қасиет; 2) көп сөйлейтін; 3) жағымсыз; 4) сөйлеу әрекеті дағдыға айналған. Осындағы екінші сема *сөйлеуік* сөзінің негізгі семасы болса, төртінші сема сөздің мағыналық құрамына енетін потенциалды сема болып табылады. Осындай талдауды басқа сын есімдерге де жүргізуге болады. *Тістеуік* сын есімінің бойында мынадай семалар бар: 1) адам, жан-жануарларға тән болып келетін сапалық белгі; 2) жағымсыз белгі; 3) көп тістейтін; 4) ылғи тістеу нәтижесінде дағдылы айналған әдет. *Сұраншақ* сөзінің семантикалық құрамы мынадай семалардан тұрады: 1) адамға тән қасиет; 2) жағымсыз; 3) адамның дағдысына айналған қасиет. Етістік негізді сын есімдер семантикасын зерттеген Б.Омарова сын есім тудыратын қосымшалардың көпшілігінде қимылдың қайталануын білдіретін мағынаның болуын қосымшалардың тарихымен байланыстырады. Сөйтіп, қимылдың қайталануын білдіретін мағынаның даму жолын былайша көрсетеді: *«Амал-әрекет + қосымша > амал-әрекеттің көп қайталанатындығы, созылыңқылығы > амал-әрекеттің тұрақтылығы > амал әрекеттің белгісі > тұрақты белгі > зат есім»*, - деп сызбасын бере келе, етістіктен сын есім жасайтын қосымшалардың да даму жолын көрсетеді. Ол былайша өрнектелген: *«Етістік - қимыл атауының қосымшасы → сын есім тудыратын қосымша → зат есім тудыратын қосымша немесе Етістік + қимылдың бірнеше қайталануын білдіретін қосымша → есімше жасайтын қосымша → сын есім тудыратын қосымша → зат есім тудыратын қосымша»* [3, 15 б.]. Сонымен, сын есім тудыратын - **паз** (ойын-паз, қыдырым-паз), **-уық/-уік** (сөйле-уік, қалтыра-уық), **-қой** (арыз-қой, заң-қой, әзіл-қой, сән-қой), **-шыл** (заң-шыл, сауық-шыл, қайын-шыл, сауық-шыл), **-сақ/-сек** (қайын-сақ), **-шақ/-шек** (ұрын-шақ, жаңыл-шақ, сүрін-шек, ерін-шек, ұмыт-шақ, мақтан-шақ), **-ақ/-ек, -к** (үрк-ек, осыр-ақ, қорқ-ақ), **-қақ/-кек, -ғақ/-гек** (ұрыс-қақ, тырыс-қақ, жабыс-қақ, тыш-қақ, каш-қақ, тоң-ғақ), **-шы/-ші** (әңгіме-ші, өтірік-ші), **-шаң/-шең** (ашушаң, сөзшең); **-ты/-ті** (желіс-ті), **-ғалақ/-гелек** (ұшқалақ, жаңғалақ) жұрнақтарының бойында қимылдың қайталануын білдіретін және процесуалды сапалық реңк бар. Мысалы: **-шыл** қосымшасы негізінен зат есімдерге жалғанып, адамға және жанды зат атауларына қатысты, олардың белгілі бір нәрсеге бейімдігін, сондай-ақ құмарлығын білдіретін сын есімдер жасайды. Осы динамикалық қасиеттердің жүзеге асу қарқыны төмен, орта және жоғары болуы мүмкін: *Бұлар аяңшыл аттардың екпінімен тастақ жолды тықырлатып, таудың сала-саласын бір – құлап, бір – өрлеп, жолды қуалап келе жатыр еді* (М.Әуезов); *Қоршау шегіне түсіп кеткен допқа да ренжітін, балаларды қуырып жіберетін тәртіпшіл Тастан ағайдың өзі ештеңе айтпады* (М.Мағауин); *Бүгін ел жата тағы да балық артқан жиырма – отыз түйелі кіреші кеп терезе қақты. Дыбысшыл Темірке төсектен атып тұрды* (Ә.Нұрпейісов); *Ат арқасына ер батса, аяңшыл*

болады, ерге жаттың тізесі батса, ағайыншыл болады («Мақал»). Тіл білімінде осы процесуалды сапа дәрежесін орта деңгейді меже деп алсақ, осы межеден төмен болғанда «деминутивтік», ал орта межеден жоғары болса, «аугментативтік» деп атау қалыптасқан. Бұл атаулар сәйкесінше «азаю», «төмендеу» және «арту», «өсу» деген мағынаны білдіретін сөздерінің негізінде пайда болған.

Аугментативті (үдемелі)/дими́нүтивті (бәсең) сипаттағы жасалу үстіндегі әрекет *-п бара жат*, *-п келе жат*, *-п барады*, *-е түс* аналитикалық форманттары арқылы беріледі. Тілдік деректерге сүйенсек, бұл форманттар сапа етістіктері және қозғалыс етістіктерімен жиі тіркеседі. Сапа етістіктеріне тіркесіп келгенде ғана аугментативті/дими́нүтивті сипаттағы қимылдың сапалық өзгерістерге ұшырауын көрсетеді. Мысалы: *Қамшысы мен тымағын қысып ұстады да, жылан көзі жалт етіп Қаратазға қарады. Кеждікке ғана біткендей кішкентай құлағының ұшы дуылдап қызарып бара жатты* (Ә.Нұрпейісов); *Таңдайы кеуіп қалды. Тілі аузына сыймай ісініп бара жатты* (Ә.Нұрпейісов). *-п барады* аналитикалық форманты сапаға қатысты немесе сапалық өзгерістермен байланысты әрекеттерді білдіретін етістіктермен тіркесіп келіп, аугментативті/дими́нүтивті сипаттағы жасалу үстіндегі әрекеттерді көрсетеді: *Тамағы құрғап, кеуіп қалды, демі жетпей, тынысы тарылып барады* (Ә.Кекілбаев). *-е түс* аналитикалық форманты арқылы да жасалу үстіндегі үдемелі әрекет беріледі. Бұл туралы *түс* етістігінің тіркесімділігі айтылған тақырыпшада баяндалғандықтан арнайы тоқталмай, мысал берумен шектелеміз: *Ендігі сәтте жаншошырлық гүрілмен күн күркіреген. Жел күшейе түсті* (О.Бөкей); *Сырқаты жанына батқан сайын Құлағудың мінезі ауырлай түскен* (І.Есенберлин). *-п кел* табиғат құбылыстарына қатысты етістіктерге тіркескенде біртіндеп дамып, артып келе жатқан процесті, яғни аугментативті қимылды білдіреді: *Жел азынап келеді* («Қазақ әңгімелері»).

Сын, сапа, белгінің семантикалық ауқымы кең болып келеді. Оларды дұрыс әрі тереңірек тану үшін жүйелі түрде қарастыру қажеттігі туындайды. Қ.Рысалды белгі дәрежесінің таным үдерісінде айқындалатын екі жолын көрсетеді: бірінші жолы – заттың сындық дәрежесін осы сындас екінші затпен салыстыру арқылы анықтау: *«А»-«В-дан» биігірек*; екінші жолы – затқа тән сынның дәрежесі сол сынның ортақ өлшем дәрежесі тұрғысынан анықталады: *«А» өте биік* [1, 149 б.]. Бұл екі дәрежені сызба арқылы былайша өрнектеуге болады:



Диаграмма 1. Сынның салыстырмалы дәрежесі

Бірдей екі баған, бірінші баған өзара салыстырғанда екінші бағанға карағанда аласа. Қ.Рысалды сынның мұндай дәрежесін *салыстырмалы дәреже* деп атайды, ал оның мөлшерлік ауқымын *сатылық (градациялық) дәреже* деп көрсетеді. Мысалы: *Әл-Фараби даңғылында орналасқан «Есентай Тауэр» ғимараты Алматы қаласындағы ең биік ғимарат олып табылады. Ол 36 қабаттан тұрады және ғимараттың биіктігі – 168 метр.*




Диаграмма 2. Сынның салыстырмалы дәрежесі

Мұнда сын салыстырылмайды, бірақ бастапқы деңгейден жоғары не төмен дәрежеде болуы мүмкін. Сын дәрежесі бірыңғай тұтастықты *үдемелі* мөлшерлік ауқымда, яғни біртіндеп арту немесе төмендеу деңгейіне қарай ерекшеленеді. Егер бәсең бағытқа қарай жылжитын болса, ол *диминутивтік* деп аталады. Керісінше, жоғары қарай артқанда, онда ол *аугментативтік* сипатта болады. Мысалы: *ақшылтым, ақшыл, ақ; аяңдап келеді, жүріп келеді, жүгіріп келеді, зытып келеді.*

Белгінің салыстырмалы дәрежесі іштей екі субкатегорияға ажыратылады: *теңдік дәреже* және *теңсіздік дәреже*. Бұл субкатегориялардың аты айтып тұрғандай, белгінің теңдік дәрежесінде екі немесе бірнеше нысанның сыны өзара тең қалыпта екендігін көрсетеді.

Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Процесуалдық сапа және процесуалдық емес сапа дегенді қалай түсінесіз?
2. Етістік негізді сын есімдердің белгі дәрежесіне қатысы қандай?

3. Аугментативтік деген не? Мысал келтіріңіз.

4. Деминутивтік деген не? Мысал келтіріңіз.

Әдебиеттер:

1. Рысалды Қ. Белгі дәрежесі – функционалды коммуникативтік категория // Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. 2-кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2011. – 137- 264 бб.

2 Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. –А., 2007. – 390 б.

3 Омарова Б. Етістік негізді туынды сын есім семантикасы: филолог. ғылым. канд. ... автореф. – Алматы, 2001. – 28 б.

СӨЖ тақырыбы:

1. Белгінің салыстырмалы дәрежесінің мазмұн межесі.

2. Белгінің салыстырмалы дәрежесінің тұрпат межесі.

3. Белгінің салыстырмалы дәрежесінің субкатегорияларына сипаттама.

СӨЖ тапсырмасын орындауға қажетті әдебиеттер:

1. Рысалды Қ. Белгі дәрежесі – функционалды коммуникативтік категория // Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. 2-кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2011. – 142-149 бб.; 149-166 бб.; 173-184 бб.; 184 – 196 бб.; 150-151 бб.


4 АСПЕКТУАЛДЫҚ – СЕМАНТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯ


4.1 Аспектуалдық категориясының жалпы мәселелері

Жалпы тілдің семантикалық жағын қарастырмай тұрып, оның қызметі мен ішкі заңдылықтарын, дамуын түсіну қиын. Сөйлеу мәдениетінің жоғары деңгейде болуы да тілдің семантикалық жүйесін жақсы білумен тікелей байланысты. Бұл орайда етістіктің семантикасы ерекше орын алады. Өйткені сөйлеудің құрылымдық негізін қалыптастыруда етістік-предикаттардың орны айырықша. Түркітанымда етістіктерді семантикалық тұрғыдан қарастырудың алғашқы сатысы оларды лексика-семантикалық топтарға топтастырудан басталады (Н.К.Дмитриев; Э.Р.Тенишев).

Қазақ тіл білімінде семасиологиялық зерттеулер тарихы өткен ғасырдың бірінші жартысынан басталады. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде етістің түрлерге бөлінуі олардың мағынасына негізделген. Ы.Маманов қазақ тіліндегі етістіктерді морфологиялық жағынан зерттей отырып, оның құрылымдық ерекшеліктерін, мағынасы мен қызметін терең қарастырады. Сөйтіп, қазақ тіліндегі лексика-грамматикалық мағынаға бай, грамматикалық категориялары ең көп және күрделі етістік сөз табының морфологиялық құрылымын жасап шықты. Етістік семантикасына қатысты М.Оразов бірнеше еңбек жазып, сөздің лексикалық мағынасы мен оның құрылымы, лексикалық мағынаның басқа тілдік құбылыстармен қарым-қатынасы секілді мәселелерге көңіл бөлді. Сөз бойындағы ортақ семалар арқылы қазақ тіліндегі етістіктердің лексика-семантикалық топтарға жіктеу принциптерін көрсетіп, жіктемесін жасап берді.

Қазақ тіл біліміндегі етістік семантикасына қатысты еңбектерге жасалған талдаулар негізінде етістік семантикасының зерттелу бағыттары айқындалды: *сөздердің лексика-семантикалық топтарына жасалған мағыналық талдаулар; көмекші етістіктер семантикасына қатысты зерттеулер (Қ.Жұбанов, Ы.Маманов, М.Оразов, И.Ұйықбаев); етістіктің грамматикалық категорияларына қатысты зерттеулер*: а) грамматикалық мағына құрылымы таза формальді түрде тіл жүйесінде қарастыру; ә) грамматикалық категорияны функционалды-семантикалық аспектіде қарау. Қазақ тіліндегі етістік семантикасы қатысты зерттеулерді жинақтап, төмендегіше көрсетуге беруге болады.





Сурет 1 – Етістік семантикасына қатысты зерттеулердің сипаты

Қимылдың өту сипаты категориясы – белгілі бір уақыт шегінде қимылдың ішкі өту ағымын сипаттайтын етістік категориясы. Мазмұны негізінен жетекші етістік пен көмекші етістіктің тіркесі арқылы аналитикалық тәсілмен беріледі. М.Д.Насилов бұл жөнінде: «Лексикалық мағына мен грамматикалық мағынаның өзара тіркесімі қарапайым механикалық процесс ретінде бағаланбауы тиіс, өйткені ол әрбір морфемаға бекітілген ақпараттармен байланысты. Бұл процесте негіздің мағынасын, морфологиялық көрсеткіштің мағынасын, сондай-ақ, екі мағынаның өзара әрекеттестігінен туындайтын нәтижені, яғни түбірдегі нақтылық (лексикалық мағына) пен аффикстегі жалпыдан (грамматикалық мағына) пайда болған синтезделген *жаңа бүтіннің* мағыналарын білу қажет. Әрине, мұның артында коммуникативтік салада күрделі тілдік таңба түрінде көрінетін ойлаудың белсенді танымдық-интерпретациялық қызметі тұр», – деп жазады [1, 47 б.]. Кейінгі жылдары лингвистикалық зерттеулердің басым бөлігі тілді функционалды тұрғыдан қарастыруға бет бұрды. Мұны М.М.Гухман тілдік бірліктің екі жақты сипатымен байланысты түсіндіреді. «Морфологиялық бірліктер тұрпат меже тұрғысынан қаралса, синтаксистік бірліктер мазмұн меже жағынан қаралады. Мұндай грамматикалар морфологиялық жүйенің ішкі ұйымдасуын ашып бере алмайды. Жүйелі байланысты функционалды талдаусыз ашып көрсету мүмкін емес. Грамматикалық бірліктер үшін функционалды талдау олардың мағынасымен тығыз байланысты» [2, 122 б.]. Бұл, тілдік тұлғалардың сөйлеудегі жұмсалымын қарастыру, тілдің коммуникативтік мәнімен байланысты болып келеді. Осы тұрғыда аспектуалды семантика «формадан → мағынаға қарай», сондай-ақ, «мағынадан → формаға қарай» екі бағытта қарастырылады.

Қимылдың өту сипаты категориясының зерттелу жайы. Тіл білімінде қимылдың өту сипаты категориясы алғаш етістіктің семантикалық ерекшелігі ретінде қаралды, вид категориясына қатысты зерттелген. Сыпат категориясы жөнінде екі түрлі көзқарас бар: бірі – түркі тілдеріне грамматикалық сыпат категориясы тән, екіншісі – ол қимылдың өту сипаты

аясындағы құбылыс. Сыпат санының екіден он екіге дейін болуы және олардың түрлі берілу жолдарының (аналитикалық, синтетикалық тәсіл) көрсетілуі аталған терминнің кең/тар мағынада түсінілуімен байланысты. Түркі тілдері, қазақ тілінде етістік түбір қалпында қимылдың аяқталмаған /аяқталған мағынасын бере алмайды. Қазақ төңкерісіне дейін жарық көрген еңбектерде түркі тілдеріндегі сыпат категориясы деген мәселе қозғалған жоқ, бірақ жекелеген қимылдың жасалу тәсілдері сипатталады. Кеңестік түркітануда етістік сыпатының қарқынды зерттелуі өткен ғасырдың отызыншы жылдарынан басталады. Оған В.А.Богородицкийдің «түркі тілдеріндегі етістіктің семантикалық (мағыналық) категориялары белгілі дәрежеде орыс тіліндегі етістіктермен (етіс, сыпат, рай, шақ, жақ/сан) сәйкес, бірақ бұл тілдердің агглютинативті-постпозициялық негізгі сипатына қарай олардың жасалуы өзгеше, атап айтқанда суффикс және ішінара көмекші етістіктер арқылы беріледі» [3, 710 б.] деген пікірінің әсері болды. Осыдан кейін жарық көрген еңбектерде А.А.Боровков, Н.К.Дмитриев, И.А.Батманов, Н.Сауранбаев, А.И.Харисов, Ы.Маманов, Н.А.Баскаков, А.А.Юлдашев, И.Қ.Ұйықбаев, Л.Н.Харитонов т.б. ғалымдар түркі тілдеріне грамматикалық сыпат категориясы тән деген көзқарасты қуаттады. Мәселен, А.А.Боровков сыпатты етістік арқылы берілетін қимылдың, қалыптың, іс-әрекеттің сипаты туралы ұғыммен байланыстырып, ұйғыр тіліндегі сыпат түрлерін былайша ажыратады: дүркінді, бір рет жасалған қимыл, аяқталған және аяқталмаған қимыл. Н.К.Дмитриев құмық тіліндегі көмекші етістіктердің көсемше тұлғалы етістікке тіркескенде оларға ерекше реңк беретіндігін, бұл реңктерді сыпат деп атауға болатындығын айтады. Ол құмық тіліндегі әрбір етістіктің орыс тіліндегі аяқталмаған және аяқталған сыпатқа сәйкес екенін көрсетеді. Н.Т.Сауранбаев қазақ тілі етістіктер өз алдына сыпат реңктерін білдіре алмайтынды, күрделі етістіктердің жасалуы сыпат болып табылатындығын айтады және қазақ тіліндегі сыпатты күрделі етістік құрамындағы көсемше тұлғасына қарай үшке бөледі: аяқталған сыпат; созылыңқы сыпат; белгісіз сыпат. Аяқталған сыпатта негізгі етістік -ып/-іп, -п; созылыңқы сыпатта -а/-е, -й; белгісіз сыпатта -ғалы/-гелі тұлғасында тұрады деп көрсетеді [4, 46-50 бб.]. Түркітануда башқұрт тілі материалдары негізінде сыпат категориясын арнайы зерттеген А.И.Харисов «Башқұрт тіліндегі сыпат категориясы қимылдың өту тәсілдері мен формаларын білдіреді және бір жағынан, қимылдың даму сатысын – басталуын, созылыңқылығын (қимылдың үздік-үздік немесе үздіксіз өтуін, аяқталуын) немесе екінші жағынан, қимылдың сандық сипатын – бір дүркінді немесе дүркінді, қалыпты немесе күтпеген жерден болуын көрсетеді» деген анықтама беріп, сыпатты үшке бөледі: бастамалы, созылыңқы және аяқталған. Мынадай жасалу жолдарын көрсетеді: 1) аналитикалық тәсіл – негізгі етістік пен функционалды көмекші етістіктің тіркесі; 2) синтетикалық тәсіл – белгілі бір аффикстердің түбірге тікелей жалғануы арқылы жасалады. Сондай-ақ етістіктерде сыпат мағынасы

өткен шақ тұлғалары арқылы беріледі [5, 11–12 бб.]. Бұдан, А.И.Харисов: сыпатты кең мағынада түсініп, қимылдың даму сатысы мен қимылдың жасалу тәсілдерін сыпат аясында қарастырады; сыпат түрлерін қимылдың даму сатысымен байланыстырады; автор қимылдың сандық сипатын, қимылдың күтпеген жерден жасалуын, қимылдың басқа да сипатын білдіретін модификаторлар деп жеке-жеке топта қарастырған көмекші етістіктер қимылдың түрліше жасалу тәсілдері мағынасын беруге қатысатын аналитикалық форманттар құрамына кіреді; бірден жасалған, өту сипатын фазаларға бөліп көрсету мүмкін емес қимылды жасалуын фазаларға бөліп көрсетуге болатын қимылмен бірге алып қараған. В.Н.Насилов керісінше, сыпатты «бастамалы, созылыңқы, нәтижелі» деп бөлгенге қарсы. Себебін былайша түсіндіреді: етістіктің сыпаты біріншіден, қимылды не қалыпты білдіруде етістіктің сапалық-сандық сипатының семантикалық категориясы; екіншіден, қимылдың дамуы мен жасалуының кеңістік бойындағы емес, уақыт бойындағы өту сипаты болып табылады [6, 33 б.]. Ғалымның пікірінше, «бастамалы, созылыңқы және нәтижелі сыпаттар» қимылдың уақыт бойындағы емес, қайсыбір объектінің кеңістіктегі өту сипатына қатысты ұғым. Ол түркі тілдерінде қимылдың өтуін басынан аяғына дейін сипаттайтын етістік категориясын сыпаттан басқа құбылыс деп есептейді және ол категорияның көрсеткіштерін етістікті тіркестермен (етістік пен көмекші етістік) байланыстырады.

Ы.Е.Маманов көмекші етістіктерге қатысты еңбегінде (1949) және «Қазіргі қазақ тілі» (1966) оқулығында етістіктің сыпат категориясына мынадай анықтама береді: «Қимылдың ішкі өту шегін, ағымын білдіретін етістіктің формасын сыпат категориясы дейміз. Ол екіге бөлінеді: созылыңқы сыпат; аяқталған сыпат» [7, 74 б.]. Қазақ тілінде Ы.Е.Маманов, *біріншіден*, қазақ тілінде сыпат тек қана аналитикалық тәсіл арқылы жасалады деп, кейбір зерттеушілер (Н.К.Дмитриев, А.И.Харисов, И.Қ.Ұйықбаев, Л.Н.Харитонов т.б.) көрсеткен сыпаттың синтетикалық тәсіл арқылы берілуін жоққа шығарады. *Екіншіден*, қазақ тілінде қимылдың дүркіндігі немесе бір рет жасалған қимылдың етістік сипатына ешқандай қатысы жоқ деп есептейді. *Үшіншіден*, қимылдың дүркіндігін (А.А.Боровков, Н.К.Дмитриев, Л.Н.Харитонов сыпаттың бір түрі, И.Қ.Ұйықбаев аяқталмаған, аяқталған сыпат түрлері деп қарастырған), қимылдың бағытын (Н.К.Дмитриев аяқталған сыпат, И.Қ.Ұйықбаев аяқталған сыпаттың бір түрі деп көрсеткен) және қимылдың даму сатыларын (А.И.Харисов, Л.Н.Харитонов сыпат түрлері, ал И.Қ.Ұйықбаев қимылдың басталуы мен аяқталуын аяқталған сипаттың түрлері, қимылдың аяқталмауы аяқталмаған сыпаттың бір түрі деп қараған) сыпат категориясынан тыс қарайды. Яғни автор көптеген зерттеушілер сыпат деп таныған қимылдың жасалу тәсілдері мен қимылдың даму сатысын сыпатқа қоспайды.

Түркі тілдеріндегі сыпат (вид) категориясына байланысты талас пікір 1956 жылы 24–27 қыркүйекте Алматыда үйлестіру кеңесінің өтуіне себеп болды. Осы кеңесте Ы.Е.Маманов, А.И.Харисов, Л.Н.Хаританов түркі тілдерінде сыпат бар десе, арнайы баяндама жасаған Б.А.Серебренников түркі тілдерінде орыс тілдеріндегідей етістіктің сыпат категориясы жоқ деп дәлелдейді. Үйлестіру кеңесінен кейін кейбір ғалымдар түркі тілдерінде сыпат категориясы деп аталып жүрген тілдік құбылысқа басқаша қарайды. Түркітануда бұрын сыпат категориясы деп танылып келген қимылдың жасалуындағы түрлі ерекшеліктерді А.Н.Кононов алғаш рет *қимылдың өту сипаты* деп атап, оның екі түрлі жолмен берілетіндігіне тоқталады: аналитикалық және синтетикалық. Сонымен, сыпат категориясына қатысты түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде де бірізді пікір жоқ. Келтірілген пікірлерді жинақтап, былайша түйіндеуге болады: – *бірінші*, түркі тілдерінде грамматикалық сыпат категориясы жоқ (Б.А.Серебренников, В.М.Насилов, С.А.Аманжолов, С.Кеңесбаев, М.Балақаев, Ш.Кибиrow т.б.); *екінші*, түркі тілдерінде грамматикалық сыпат категориясы бар (А.А.Боровков, Н.К.Дмитриев, Н.А.Баскаков, А.И.Харисов, Ы.Е.Маманов, А.А.Юлдашев, И.Қ.Ұйықбаев, Л.Н.Харитонов т.б.). Екінші көзқарастағы ғалымдардың пікірінде айырмашылықтар бар. Олардың кейбіреулері сыпатты кең мағынада қимылдың өту сипаты деп түсінген. Ал бұл сыпат түрлерінің саны (екіден он екіге дейін) және сыпаттың жасалу жолдарының (аналитикалық тәсіл; аналитикалық және синтетикалық тәсіл) түрліше көрсетілуіне себеп болды. Жалпы алғанда түркі тілдерінде грамматикалық сыпат категориясы жоқ және оны қимылдың өту сипаты категориясы аясында қарауды жөн санайтын пікір басым. Жоғарыдағы зерттеулерде сыпат категориясының тілдік жүйедегі орны былайша анықталған: а) грамматикалық категория; ә) лексика-грамматикалық категория; б) семантика-синтаксистік категория; в) сөзжасамдық категория.

Жоғарыда зерттеу жұмыстары мен оқулықтарға жасалған шолу мынадай басы ашылмаған мәселелердің бар екендігін көрсетті: *біріншіден*, сыпат категориясы мен қимылдың өту сипаты категориясы бір ме, жоқ екі басқа тілдік құбылыс па? Олардың арақатынасы қандай?; *екіншіден*, кейбір еңбектерде қимылдың өту сипатын шақ категориясымен байланыстырады. Сонда қимылдың өту сипаты мен шақ категориясының байланысы неде? деген сауал туындайды; *үшіншіден*, кейбір еңбектерде қимылдың өту сипатын сөзжасам аясында қарайды. Бұл тұста қимылдың өту сипаты мен сөзжасам арасында қандай байланыс бар? деген сауал туады. Біздің ойымызша, мұны аспектуалды семантика жасайтын бірқатар қосымшалардың табиғатымен байланысты түсіндіруге болады. Бұл сауалдардың барлығына қимылдың өту сипаты категориясының табиғатын толық танып білгенде жауап алуға болады.

Қазақ тілінде және түркітанымда аталған категорияны теориялық тұрғыдан зерттеген Н.Оралбаева болды. Қимылдың өту сипаты категориясын ішкі мағыналық ерекшеліктеріне қарай екіге бөледі: қимылдың тәсілдері және қимылдың даму сатысы. Қимыл тәсілінің үш түрлі жасалу жолын көрсетеді: жұрнақ арқылы: қуала, күлімсіре; көсемше тұлғасындағы түбір етістіктің қосарлануы арқылы: жұлқып-жұлқып жіберу, айтып-айтып салу; аналитикалық форманттар арқылы. Еңбекте тек аналитикалық форманттар арқылы жасалатын қимылдың 14 түрі көрсетілген. Қаза тілтанымындағы қимылдың өту сипаты категориясына қатысты пікірлерді жинақтап, кесте арқылы былай көрсетуге болады:

Кесте 1 – Қимылдың өту сипаты категориясының ғылыми еңбектер мен оқулықтарда берілуі

Еңбектің аты	Авторы	Қимылдың өту сипаты категориясы	Сипаттама
Қазіргі қазақ тілі (лексика, фонетика, грамматика). 1954.	Академиялық грамматика (авторлық бірлестікте)	Категория ретінде көрсетілмейді	Қимылдың өту сипатына қатысты мағыналық ерекшеліктер күрделі етістіктер бөлімінде айтылады
«Қазақ тілі. Лексика, фонетика және морфология мен синтаксис» 1960	Ғ.Әбуханов	Етістік категориясы ретінде аталмайды	Көмекші етістіктерге лексика-семантикалық сипаттама беруде ішінара айтылады
Қазақ тілінің грамматикасы. 1 том, 1967.	Академиялық грамматика (Ы. Маманов)	Грамматикалық сыпат категориясы көрсетілген	Сыпат категориясының аналитикалық жолмен берілуі, мағынасы көрсетіледі (қимылдың өту сипаты емес)
Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формалары. 1975.	Н.Оралбаева	Грамматикалық категория	Аналитикалық тәсілмен берілуі мен мағыналарына тоқталады
Қазіргі қазақ тілі. Морфо-логия. 1991 ж.	А.Ысқақов	Морфологиялық категория деп көрсетілген.	Мағынасы, аналитикалық, синтетикалық формалармен берілу жолдары көрсетіледі
Етістік. 2001 ж.	М.Оразов	Етістік категориясы деп берумен шектеледі	Синтетикалық және аналитикалық тәсілмен жасалатын амал-әрекеттің орындалу тәсілін беретін грамматикалық формалар (17) мағынасын талдайды
Қазақ грамматикасы. 2002	авторлық бірлестік		Қысқаша түсініктеме беріледі, «Аналитикалық форманттар» бөлімінде қаралады.

Қимылдың өту сипаты категориясының жекелеген мәселелері қазақ тіл білімінде функционалды грамматика принциптері тұрғысынан біршама зерттеу жұмысына негіз болды. З.К.Ахметжанова қазақ тіліндегі

аспектуалдық категориясының функционалды-семантикалық өрісін орыс тілімен салғастыра отырып, әр тілдік өзіндік ерекшеліктеріне сай тілдік көрінісін анықтаған. Аспектуалдылық категориясының аясында қаралатын жекелеген мәселелер Қ.Бибекөв, С.Маралбаева, Қ.Мұқамади, А.Шарапиденова, Г.Алтынбекова зерттеулерінде қарастырылған. Түркі тілдерінің ішінде қимылдың өту сипаты көлемді түрде қазақ тілінде қарастырылған десек, одан кейін өзбек тілі деректері негізінде Д.М.Насилов жалпы аспектуалдылықтың аясына кіретін қимыл тәсілдерінің мағыналық өрісін (акциональность) екіге бөліп қарастырады: етістіктің лексикалық мағынасы арқылы берілетін лексикалық акциональдік және грамматикалық (морфологиялық) акциональдік. Ал бұларға етістіктен тыс тұратын басқа тілдік бірліктер арқылы берілетін етістік емес акциональдік қарсы қойылады. Сөйтіп, өзбек тіліндегі қимылдың түрлі жасалу тәсілдерін беретін тілдік бірліктер негізінде оның семантикалық өрісін анықтайды. Ғалымның түсінігінде, қимылдың тәсілдерін білдіретін грамматикалық көрсеткіштер негізгі етістіктің лексикалық мағынасына қосымша мағыналық реңктер үстей отырып, процесс семантикасын нақтылауға қызмет етеді. Ғалым қайсы бір түркі тілдерінде көмекші етістіктерді қандай да бір семантиканы беретін формальді құрал ретінде сипаттағанда олардың ішкі байланыстары мен байланысу заңдылықтары тасада қалып қоятындығын, сол себепті де категорияларды талдауда функционалды және жүйелі-құрылымдық принципті қатар алу керектігін айтады. Оның пайымдауынша түркі тілдеріндегі категорияларды талдаудың функционалды және жүйелі принциптері түрлі тіл деңгейі элементтері арасындағы, бірінші кезекте сөздің лексикалық мағынасы мен морфологиялық тұлға арасындағы ішкі байланыстар жүйесінің мүмкіндіктерін ашуға көмектеседі [8, 194 б.]. Бұл айтылған пікірге біз де қосыламыз.

Қимылдың өту сипаты категориясы және оған қатысты мәселелер туралы еңбектерге жасалған шолу негізінде аспектуалды семантиканы зерттеуді бірнеше кезеңдерге бөлуге және оларды жинақтап кесте түрінде былайша беруге болады. Бұл кесте арқылы әр кезеңдегі мәселенің қойылысы мен оның шешілу дәрежесі әр қилы болғандығын және уақыт озған сайын аспектуалды семантика терең де жан-жақты қарастырыла бастағанын көруге болады.

Кесте 2 – Қимылдың өту сипатына қатысты мәселелердің зерттелу жайының кезеңдері

Кезең		Мерзімі	Қаралған мәселе	Сипаттама
1		2	3	4
1 – кезең 1956	1.1	Қазан төңкерісіне (1917 ж.) дейін	Қимылдың өту сипаты арнайы қаралған жоқ	Кейбір қимылдың жасалу тәсілдеріне сипаттама береді (екі етістіктің біріншісі -п тұлғасында).

жылға дейінгі кезең	1.2	Кеңестік дәуір 1920 – 1940 жж	сыпат категориясына арнайы көңіл бөлу (оқулық жазумен туын)	Қазақ тілінің агглютина-тивті-постпозициялық ерекшелігін ескеру
	1.3	1940 – 1956 жж.	грамматикалық сыпат категориясы қазақ (түркі) тіліне тән бе? деген мәселе мақсатты түрде қаралды	қимыл тәсілдерін сыпат деп тану; жасалу жолдары; сыпат түрлері; грам. тұлға. (шак) сипаттама; <i>қимылдың өту сипатының жүйеленуі</i> : а) даму фазасы; ә) сандық сипаты; б) сапалық сипаты; в) басқа да сипат; <i>сыпат пен қимыл-дың өту сипа-тын ажыр.</i> ; <i>жүйе. орны</i>
2 – кезең 1956 жылдан кейінгі кезең 1990 жылға дейін	2.1	1960 – 1980 жж.	категорияның оқулықтарда берілуі	- грамматикалық сыпат категориясының көрсетілуі; - қимылдың өту сипаты категория ретінде мүлде қаралмауы; - күрделі етістік, етістік сөзжасамында қаралуы; - етістіктің басқа грамм. категориясының аясында қаралуы (өзбек тілі).
	2.2	1980 – 1990 жж.	қимылдың өту сипаты - морфологиялық катег.	- мағынасы; - жасалу жолдары.
3 – кезең		1990 ж. – қазіргі күнге дейін	Қимылдың өту сипатын функционалды-семантикалық аспектіден қарастыру	қимыл тәсілдері, кезеңдері функционалды грамматика принциптері тұрғысынан қаралуы; тұрпат межесінің лексика-грамматикалық көрсеткішінің анықталуы.

Бірінші кезең 1956 жылғы түркологиялық деңгейдегі үйлестіру кеңесінде түркі тілдеріндегі сыпат категориясы деген мәселенің нақты қойылысына дейінгі аралықты қамтиды. *Алғашқы сатыда* түркі тілдеріндегі қимылдың жасалуындағы түрлі ерекшеліктер орыс тіліндегі грамматикалық вид категориясы беретін мағына мен предлогтар мағынасының осы тілдердегі көрінісі ретінде түсіндірілді. *Екінші сатыда* ұлт мектептеріне оқулықтар жазу барысында орыс тіліндегі вид категориясының ұлт тілдеріндегі көрінісін түсіндірумен байланысты туындады. *Үшінші сатыда* түркітанушылар жаппай түркі тілдерінде грамматикалық вид категориясы бар ма? деген сауалға жауап іздеді және оның нәтижесі әр қилы болды. Бірақ осы кезеңге тән мынадай жетістіктерді атап өту керек: 1) грамматикалық сыпат категориясы жоқ (Б.А.Серебренников; В.Н.Насилов); 2) грамматикалық сыпат пен қимылдың өту сипаты категорияларын ажыратып қарау (Ы.Маманов); 3) қимылдың өту сипаты категориясын (вид терминін қолданғанмен) субкатегорияларға жіктеу (А.И.Харисов). Әрине, бұл тұста ғалымдардың көпшілігі вид терминін қолданғанымен, мазмұны жағынан қимылдың өту сипаты категориясын түсіндіреді; 4) қимылдың өту сипаты

немесе осы түсінікте қолданылған вид категориясының тілдік жүйедегі орнының айқындалуы (М.Балақаев; Ы.Маманов).

Екінші кезеңде 1956 жылғы үйлестіру кеңесінен кейінгі уақыт мен **1990 жылдың** аралығын қамтиды. Бұл кезеңнің *бірінші сатысында* грамматикаға қатысты көптеген еңбектер жазылды: 1) көптеген еңбектерде («Грамматика азербайджанского языка», «Грамматика современного якутского языка» т.б.) сыпат категориясы бар деп көрсетілгенімен, іс жүзінде қимылдың өту сипаты сөз болды; 2) етістік категориясы ретінде мүлде аталмайды (Ғ.Әбуханов); 3) етістік сөзжасамына қатысты баяндалады («Грамматика киргизского языка»). *Екінші сатыда* қимылдың өту сипаты етістіктің грамматикалық категориясы ретінде негізделіп, оның аналитикалық және синтетикалық тәсілдермен берілетіндігі көрсетілді (Н.Оралбаева; М.Оразов; А.Ысқақов).

Үшінші кезең 1990 жылдан кейінгі уақыт пен бүгінгі күнге дейінгі аралықты қамтиды, бұл кезеңде қимылдың өту сипаты категориясының құрамдас бөлігі болып табылатын оның кейбір жасалу тәсілдері (тездік) мен қимылдың кезеңдері (басталуы, аяқталуы, процестілік) функционалды-семантикалық өріс теориясы тұрғысынан қаралды (Қ.Бибекөв; Қ.Мұқамади; А.Шарапиденова). Сонымен, түйіндесек: *біріншіден*, қазақ тіл білімінде қимылдың өту сипаты етістіктің дербес категориясы (морфологиялық категория) ретінде танылған; *екіншіден*, қимылдың жасалу тәсілдері мен даму сатыларының жалпы мағынасы мен ішкі мағыналық реңктерін беретін грамматикалық формалар айқындалған: аналитикалық форманттар және синтетикалық формалар (морфемалар); *үшіншіден*, қимылдың өту сипатына қатысты мәселелер аналитикалық форманттардың табиғаты тұрғысынан қарастырылған; *төртіншіден*, қимылдың өту сипаты категориясының аясында қаралатын кейбір қимылдың жасалу тәсілдері мен кезеңдеріне қатысты мәселелер (тездік, қимылдың басталуы, қимылдың аяқталуы) функционалды-семантикалық өріс теориясы тұрғысынан қаралып, өріс түзуге грамматикалық тұлғалармен бірге, лексикалық көрсеткіштердің де қатысатындығы айқындалған. Қазақ тілінде, түркітанымда қимылдың өту сипаты категориясы әр қилы танылып жүр: **1) грамматикалық категория** (А.Ысқақов; Н.Оралбаева). Грамматика термині тар ұғымда қолданылып, морфологиялық категория деген ұғымды береді; **2) семантика-синтаксистік категория** (М.Б.Балақаев). Ғалым түркі тілдеріндегі грамматикалық вид категориясына қатысты үлкен жиында сөйлеген сөзінде қазақ тіліндегі етістіктердің әр түрлі сыпаты морфологиялық емес, семантика-синтаксистік сипатқа ие болғандықтан оны жай сөйлем синтаксисінде қарастыру туралы ұсыныс айтқан болатын; **3) семантикалық категория** (В.Н.Насилов). Оның түсіндіруінде бұл категория біріншіден, қимылды не қалыпты білдіруде етістіктің сапалық-сандық сипатын көрсететін семантикалық категория; екіншіден, қимылдың дамуы мен жасалуының кеңістік бойындағы емес,

уақыт бойындағы өту сипаты болып табылады; **4) синтаксистік категория** (Б.Қапалбеков). Оның мұндай тұжырым жасауына қимылдың өту сипаты категориясының қазақ тілінде морфология деңгейінде жүйеге түскен түрлену парадигмасының болмауы негіз болған. Сондықтан сөздердің тіркесімі (аналитикалық формалар) арқылы берілетін бұл категорияны ол синтаксистік категория деп таниды. Бұл мәселенің өзектілігі қазақ тіліне қатысты іргелі грамматикалық еңбектерде, оқулықтар мен оқу құралдарында қимылдың өту сипаты категориясының берілуінен де көрінеді. Қимылдың өту сипаты категориясының мәртебесінің түрліше айқындалу себебі оның күрделі семантикасы мен құрылымына байланысты болса керек.

Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Етістік семантикасының түркітанымда, қазақ тіл біліміндегі алғашқы зерттелу жайы туралы айтып беріңіз.
2. Қимылдың өту сипаты категориясы нені сипаттайды?
3. Қазақ тілінде сыпат категориясы бар деп санайтын кімдер және қандай ұстанымды басшылыққа алады?
4. «Қимылдың өту сипаты» терминін алғаш ұсынған ғалым?
5. Қазақ тілінде қимылдың өту сипаты категориясының категориялық мәртебесіне қатысты қандай тұжырымдар бар?

Әдебиеттер:

1. Насилов Д.М. Проблемы тюркской аспектологии. Акциональность. – Л.: Наука, 1989. –208 с.
2. Гухман М.М. Грамматические категории и структура парадигм // В кн.: Исследование общей теории грамматики. – М.: Наука, 1968. – 174 с.
3. Богородицкий В.А. Введение в татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками. – Казань: Татгосиздат., 1934. – 167 с.
4. Сауранбаев Н.Т. Семантика и функции деепричастия в казахском языке. – Алматы, 1942. – 69 с.
5. Харисов А. И. Категория глагольных видов в башкирском языке. – Уфа, 1944.
6. Насилов В.М. К вопросу о грамматической категории вида в тюркских языках // Труды Московского института востоковедения. – М., 1947. – №4. – С. 31-52.
7. Маманов И.Е. Глагольные виды и их выражение в казахском языке // Вопросы грамматики тюркских языков. – Алма-Ата: АН КазССР, 1958. – С.31- 45.
8. Насилов Д.М. Проблемы тюркской аспектологии. Акциональность. – Л.: Наука, 1989. – 208 с.

СӨЖ тақырыптары:

1. Қазақ төңкерісіне дейін жарық көрген еңбектердегі қимылдың өту сипатына қатысты мәселелердің қамтылуы (И.Гиганов; «Грамматика

алтайского языка»; Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казак-киргизского языка. Фонетика и этимология. –Ч. I. –Спб., 1894. –72 с.; Синтаксис. –Спб., 1897. –Ч. II. – 92 с.; Қ.Кемеңгерұлының «Грамматика казахского языка» еңбектері негізінде);

2. Қимылдың өту сипаты және сыпат категориясының арақатынасы.

3. Қимылдың өту сипаты категориясының мазмұн межесі (Н.Оралбаева, М.Оразов еңбектері бойынша).

СӨЖ тапсырмаларын орындауға қажетті қосымша әдебиеттер:

1. Жолшаева М.С. Қазақ тіліндегі етістіктер және аспектуалды семантика. – Алматы, 2011. -35-55 бб.;

2. Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. – Алматы: Кие, 2007. – 482 б. // қажетті беттер: -365-368 бб.

3. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары. – Алматы: Мектеп, 1975. – 136 б.

4. Оралбаева Н. Категория характера протекания действия в современном казахском языке // Советская тюркология. –1971. –№ 5. – С. 95-100.

4. 2 Аспектуалды семантика және аспектуалдық категориясы

Диалектика заңы бойынша ортада пайда болған зат қозғалу, өзгеру, ауысу, өсу, кему, бір күйден не қалыптан екінші күйге, қалыпқа ауысу үстінде болады. Болмыста қимыл түрліше жасалады. Бір заттың қозғалысын екіншісі қайталамайды, олардың арасында аз болса да міндетті түрде айырмашылық болады. Іс-әрекеттің өзі және оған тән мүмкін деген барлық реңктер тілдік элементтер көмегімен сөйлеу арқылы бір адамнан екінші адамға жеткізіледі. Қимылға тән түрлі мағыналық реңктер тілде сөздің лексикалық мағынасы (қаш, жүгір, жаз), грамматикалық формалар (соққыла, атқыла), сөздердің тіркесімі (ұстап ала жаздады, лақтырып жіберді, қойып қалды) және т.б. тәсілдер арқылы беріледі. Мұндай қимылдың түрліше жасалуымен байланысты категория (қимылдың өту сипаты) етістік сөз табының аясында қаралады. Қозғалыстағы нәрсенің үнемі өзгеріп, бір күйден екінші күйге, бір қалыптан екінші қалыпқа ауысып отыру процесі уақытпен өлшеніп, уақыт арқылы сипатталады. Сондықтан қимыл-қозғалыс уақыт ұғымымен тығыз байланысты. Амал-әрекет үшін уақыт ұғымы қандай да бір өзгеріс өтетін уақыт өлшемін сипаттайтын созылықтылық ұғымымен синонимдес деуге болады. Іс-қимылдың күтпеген жерден, аяқ астынан бірден жасалуы немесе баяу түрде өтуі, созылықтылығы, үдемелігі, дүркіндігі, интенсивтілігі, жетімсіздігі, немқұрайлы жасалуы, бар ынтасымен істелуі, әдейі жасалуы және т.б. болуы мүмкін. Тұтастай алғанда, қимылдың қалай

өткені, басталуы мен аяқталғанға дейінгі кезеңі, аяқталуы белгілі бір уақытта, ұзақ не қысқа мерзім ішінде орындалады.

Қимылға тән жоғарыда аталған семантикалық белгілердің жиынтығы үшін *аспектуалдылық* термині де қолданылады. Оның шығу тарихы *aspect* сөзімен байланысты. ХІХ ғасырдың 30-жылдары пайда болған *aspect* сөзін алғаш қолданған Рейф оны орыс тіліндегі «вид» (лат. *aspektus*) терминіне балама ретінде алады. Семантикалық категорияның белгілі бір грамматикалық категорияға (бірақ міндетті емес) негізделетіндігін ескерсек, орыс тілінде қимылдың өтуін сипаттайтын категория етістіктің грамматикалық вид категориясын тірек етеді. Семантикалық категорияның *аспектуалдылық* аталуы осымен байланысты.

Қазақ тілінде, жалпы түркітанымда етістіктің грамматикалық сыпат (вид) категориясы даулы мәселе саналады. Түркі тілдерінде қимылдың ішкі өту ағымын сипаттайтын негізінен қимылдың жасалу тәсілін білдіретін тұлғалар болып табылатындықтан Д.М.Насилов *акциональность* терминін қолдануды жөн санайды. Қазақ тіл білімінде деңгейлік грамматика шеңберінде бұл категория түрлі терминмен аталып жүр. Мәселен, осы категорияны теориялық тұрғыдан алғаш зерттеп, негіздеген Н.Оралбаева *қимылдың өту сипаты*, А.Ысқақов пен М.Оразов *амалдың өту сипаты* деген терминдерді қолданады. Сондай-ақ бұл категорияға қатысты қолданылатын *қалып* (қалып категориясы) термині де бар. Терминді ұсынған А.Алтаева көмекші етістіктердің қатысуы арқылы қимылдың іске асу дәрежелері мен қалпы көрінетіндігін негізге алғанын айтады. Біздің ойымызша, *қалып* термині қимылдың өту ағымына тән барлық сипаттарды қамтымайды, ол тек іс-әрекеттің бір ғана қырын – қалпын көрсете алады. Ал қимылдың қалпы мен қозғалыстағы сипаты бір емес, өзара қарама-қарсы әр түрлі әрекеттер болып табылады. Жалпы тілтанымда іс-әрекеттің уақыт бойындағы ішкі өту ағымын сипаттайтын категорияны деңгейлік грамматикада *қимылдың өту сипаты*, ал функционалды грамматикада *аспектуалдылық* (семантикалық категория) деп атау қалыптасқан.

Аспектуалдық категориясы уақытқа қатысты қимылдың ішкі өту шегін, ағымын сипаттайды. Қимылдың ағымы уақытпен өлшегенде әртүрлі көлемде өтеді. Уақыт идеясымен тығыз байланысты үлкен функционалды аяда аспектуалдықтан басқа қимылдың өту мерзімі (шақ), қимылдың ішкі және сыртқы өту мерзімінің арақатынасын көрсететін (шақтық локалділік), екі және бірнеше қимыл арасындағы мезгілдің қатынасын білдіретін (таксис) категориялар да қарастырады. Аспектуалдылық категориясының өзіндік категориялық ерекшелігі оны басқа етістік категорияларымен, басқа тіл деңгейлерімен байланысын ашып көрсеткенде ғана айқындалмақ. Бұл орайда аспектуалдылық, шақ, таксис, сөзжасам сияқты іргелі ұғымдарға қатысты төмендегідей сауалдар туындайды: аспектуалдылықтың шақ категориясымен байланысы неде? етістіктің бұл категорияларының ұқсастығы мен

айырмашылығы неде? шақ көрсеткіштері аспектуалды семантиканы бере ала ма және қандай дәрежеде? аспектуалдылық пен сөзжасам арасындағы байланыс қандай және ол неден көрінеді? және т.т. осы іспеттес сауалдарды көбейте беруге болады. Өйткені қимылдың өту сипаты категориясына қатысты мәселелер шақ категориясы мен сөзжасам аясында да қарастырылады. Енді осы мәселелерге тоқталамыз.

Аспектуалдылық пен темпоралдылық категорияларының арасындағы байланыс шаққа қатысты мағынаны беретін тілдік көрсеткіштердің қимылдың өту сипаты семантикасын білдіруге қабілетті болып келетіндігінен көрінеді. Зерттеушілер сыпат категориясына қатысты пікірлерінде кейбір өткен шақ көрсеткіштерінің қимылдың өту сипатын білдіру мағынасын жеткізе алатындығын жоққа шығармайды. Аспектуалдық пе темпоралдық категориясының арасындағы өзара тығыз әрекеттестікті шақ көрсеткіштерінің функциясымен байланысты қарау керек сияқты. Өткен шақ тұлғаларының ішінде **-атын/-етін, -йтын/-йтін** қосымшалары, **-ушы/-уші + еді** тіркесімі арқылы берілетін шақ мағыналарымен қоса, аспектуалды семантиканы білдіруге қатысады. Олар сөйлеу сәтіне дейін болған қимылдың бірнеше рет қайталану нәтижесінде дағдыға, әдетке айналғандығын да білдіре алады. Мысалы: *Әнуар күнде кешке қарай тот басқан ескі мылтығын алып, күзетке кететін* (Ә.Нұрпейісов). **-атын/-етін, -йтын/-йтін** тұлғасының жүйелі түрде қайталанып тұратын, соның нәтижесінде дағдыға айналған қимылды білдіру мағынасын сөйленім бойында осы семантиканың нақтылайтын пысықтауыш сөздердің (сөз тіркестері, шылаулар) қабат келуі айқындай түседі: *Жылдағы әдеті бойынша ол қыс түсе бар әскерін елді-еліне таратып, жаз шыға қайта жинайтын* (І.Есенберлин); *Алтыншашты қызметші етіп үйіне алған генерал-майор Фондерсон орыстың ақсүйектерінен болатын. Олар үй іштері болып, көбінесе французша сөйлесетін* (І.Есенберлин); *Кішкентай күнінде Абай өзі де кеш сайын осы жырдың тербеуімен ұйықтайтын* (М.Әуезов); *Көктем болса тау-тасты шарлап көк жуа іздеп, жаз болса қара бүлдірген теретінбіз* (Ә.Әлімжанов). **-ушы/-уші+еді** тіркесімі өткен шақ мағынасымен қоса, қайталану нәтижесінде дағдыға, әдетке айналған қимылды білдіреді. Шақ көрсеткіші арқылы берілетін бұл аспектуалды мағына сөйленімде нақтылаушы сөздермен күшейтіліп, айқындалады: *Жылда ел қыстауға кіргесін бір соғып кететін қадірлі қонақ. Оған бір жағынан сылтауы да бар: райдың қолындағы қарт әжесі - бұның көзкөрген, бастас жеңгесі. Соған жылда сыбаға әкелуші еді* (Ә.Нұрпейісов); *Тіпті біздің қазақтар да бір жаңасынан туған айды көргенде: «Ай көрдік, аман көрдік; бұрынғыдай заман көрдік, ескі ай, есірке, жаңа ай жарылқа!» - деп бас иіп, тізе бүгіп, жалбарынып жатпаушы ма еді* (Ә.Кекілбаев); *Түлкі шойын жолдың бойына тым сирек, әбден аштық титығына жеткенде ғана келуші еді . . .* (Ш.Айтматов). Осы

шақтың семантикасы іс-әрекеттің сөйлеу сәтінде жүзеге асып жатқандығын, яғни басталып, әлі аяқтау шегіне жетпегенін білдіреді.

Етістіктің жасалуы сөйлеу сәтімен сәйкес келетін нақ осы шақ мағынасын беретін көрсеткіштер қалып етістіктері және олардың көсемше тұлғалы негізгі етістікпен тіркесімі арқылы беріледі. **Отыр, тұр, жатыр, жүр** етістіктері жасалу үстіндегі қимыл, яғни процестілікті білдіреді. Уақытқа қатысты алғанда кез келген жасалу үстіндегі қимыл жүзеге асу барысында ұзақ не қысқа мерзімге созылатын созылыңқылығымен сипатталады. Бұл қимылдың басталғанын, бірақ аяқталу шегіне жетпегендігін білдіреді. Қимылдың басталуы, жасалу үстіндегі кезеңі және аяқталуы – қимылдың фазаларын құрайды. Қимылдың фазалары – аспектуалдылық категориясының құрамдас бөлігі. Қалып етістіктерінің құрамындағы **-ұр/-үр** қосымшасын зерттеушілер тарихи тұрғыдан процесуалдық мәнді білдіретін аффикс деп түсіндіреді. Сонда, керісінше, нақ осы шақтың мағынасы қимылдың өту сипатын білдіретін грамматикалық көрсеткіш арқылы берілетіндігі анық көрінеді. Мысалы: *Тақтай тас сарт-сұрт сынып жатыр* (Ә.Кекілбаев); *Өңі өрт сөндіргендей, екі иінінен дем алып, ентігіп тұр* (Қ.Жұмаділов); *Жұрт әлі қымыз ішіп отыр* (Қ.Жұмаділов); *Света екеуіміз кенеп қапшықты сілкіп-сілкіп, дастарқан қылып жайып, соның үстіне ас дайындап жүрміз* (Т.Ахтанов). Сонымен, нақ осы шақта өтіп жатқан қимылға тән мынадай аспектуалды белгілерді көрсетуге болады: жасалу үстіндегі қимыл; қандай да бір уақытты қажет ететін созылыңқы қимыл.

Ауыспалы осы шаққа **-а, -е, -й** қосымшалары арқылы жасалады және тілдегі осы шақ көрсеткіштері ақиқат болмыстағы өткен мерзім мен алдағы болатын мерзім арасындағы «қысқа бір орталық» кезеңді қамтиды. Ауыспалы осы шақ көрсеткіштерінің созылыңқы қимылды білдіруге қабілеттілігі олардың бір сөйленім бойында осы семантиканы нақтылауға, күшейтіп, баса көрсетуге негіз болатын созылыңқы мағынаны беретін тілдік элементтермен өзара байланыста келуінен де айқын көрінеді. Олардың қатарына семантикалық құрылымында созылыңқылық семасы бар лексемалар (ұзақ, күні-түні), түйдекті тіркестер (күні бойы, түні бойы, түске дейін т.б.) мен синтаксистік тіркестер (түннің бір уағына дейін, таңертеңнен қара кешке дейін т.б.) жатады. Мысалы: *Мәңке ауға кетіп, оңаша үйде жалғыз қалса болғаны, Әлиза жетіп кеп, қасына отырып, көзкөрген қайнысымен ұзақ-ұзақ сөйлеседі* (Ә.Нұршайықов); *Үндемей иіндері тиісіп, көздерін алмай ұзақ-ұзақ отырысады* (М.Әуезов); *Атты жасақ он екі орданы күні-түнімен міз бақпай күзетеді* (Ә.Кекілбаев); *Жөнейіт қақ төрде төсекті қалыңырақ салғызып ап жатады да қояды, не күні бойы біз бақпай шанышылып отырады* (Ә.Кекілбаев); *Түннің бір уағына дейін ұршық созып отырады да, әбден ұйқы меңдеген соң құлай кетеді* (Ә.Кекілбаев). Сонымен, қазақ тілінде шақ көрсеткіштері арқылы берілетін қимылдың жасалуы мен уақыт бойындағы өту сипаты мағынасында абстрактылық басым болып

келеді. Әрине, бұл шақ көрсеткіштерінің мағыналық ерекшелігі қимылдың өту сипатын көрсететін тілдік бірліктер мағынасымен салыстырғанда анық көрінеді. Сондықтан да сөйленім бойында шақ көрсеткіштері арқылы берілетін аспектуалды мағына – қимылдың дүркіндігі (өткен шақ арқылы беріледі) мен созылыңқылығы (осы шақ көрсеткіші арқылы беріледі) – оны нақтылайтын басқа тілдік бірліктер, көбінесе, лексикалық бірліктермен қабат келеді.

Аспектуалды семантика және сөзжасам. Сөзжасам саласы тілде жаңа сөздердің жасалу механизмдерін қарастырады. Лексикалық құрамның жаңа сөздер арқылы толығуы тілде бірнеше жолмен жүзеге асады. Солардың бірі – сөз тудырушы аффикстер арқылы жаңа сөздердің жасалуы. Аспектуалдылық категориясы мен сөзжасам арасындағы байланыс осы қосымшалар сипатына байланысты. Сөзжасамдық қосымшалар жалғанған сөздің лексикалық мағынасын өзгертіп, олардан жаңа мағыналы сөз жасайды; сөзжасамдық қосымшалар талғампаз болып келеді, сөздерге талғап, таңдап жалғанады. Мәселен, қимылдың дүркінді мағынасын жасайтын -ла/-ле (-да, -де, -та, -те) қосымшасының тілдік табиғатын айқындауда ғалымдар арасында бірізді пікір жоқ. Зерттеушілердің бір тобы оны грамматикалық көрсеткіш [1, 289 б.] деп санаса, енді бірі сөз тудырушы қосымша [2, 25-26 бб.] деп таниды. Кейбір зерттеушілердің аспектуалдылықты сөзжасаммен байланысты қарайтындығын осымен түсіндіруге болады. Қимылдың өту сипаты категориясының мазмұны тек грамматикалық көрсеткіштермен ғана емес, түрлі тіл деңгейі құралдарымен берілетін, олардың инвариант мағынасының негізінде ұйысатын бірлестік (единство) болып табылады. Адам санасында танылған қимылдың түрлі өту сипатына қатысты ұғым тілдік құралдар арқылы тілдік ақиқатқа айналады. Тіл өзінің барлық құралдарының жиынтығы арқылы ғана адам таныған әлемнің бейнесін бере алады. Бұл туралы Б.А.Серебренников: “... логикалық ойлау мен тілдік құралдардың жалпы жиынтығы ауқымды болып келсе, ал грамматика әрқашан шектеулі” [3, 73 б.] деп жазады.

Аспектуалдылық категориясы “мазмұннан → формаға қарайғы” ұстаным тұрғысынан қарастырылғанда оның берілу жолдары, семантикалық құрылымы анықталады, мұндай ұстанымға негізделетін зерттеу дәстүрлі грамматикадағы белгілі бір деңгейге жататын тілдік құралдар шеңберінен шығып, күрделі түрлі тіл деңгейі құралдарын тұтастықта алып қарауға мүмкіндік береді. Аспектуалдылық категориясының сөзжасаммен байланысы осы тұста көрінеді. Сонда аспектуалдылықтың функционалды-семантикалық өрісі әр деңгейге жататын, бірақ атқаратын семантикалық функциясының немесе білдіретін мағынасының ортақтығы негізінде бірігетін тілдік құралдардың кешені болып табылады. Мұнда аспектуалды семантика

жасауға қатысатын әр деңгей элементтері жеке дара емес, мағыналық тұтастықта алып талданады.

Белгілі бір сөйленім құрылымында ФСӨ-нің өзге де тілдік категориялармен астастықта көрінуі ол (ФСӨ) жүйеге тән белгі саналады. Мәселен, аспектуалдылықтың басқа өрістер – модалдылықпен, шақ (темпоралдылық), жақ (персоналдылық) және таксиспен өзара астастықта келеді. Ал бұл ФСӨ-нің астас келуі кешенді жағдаяттар құрамындағы астас келетін КЖ-мен сәйкестенеді. *Аспектуалды жағдаят дегеніміз* – сөйленіммен берілетін қимылдың ішкі өту ағымымен байланысты мазмұндық құрылым. Сөйленімнің аспектуалды сипаты басқалай аспектуалды жағдаят деп аталады. Аспектуалдылықпен өзара астас келуге бейім ФСӨ қатарына темпоралдылық, таксис, модалдылық, жақ, етіс т.б. жатады. В.Г.Гузев түркі тілдерінде аспектуалды семантиканың темпоральды және модалды мағынамен бірге келетіндігін және мұны аспектуалды семантиканың кейбір етістіктің шақ формаларының мағынасынан көрінуімен байланыстырады [4, 3 б.] Қазақ тілінде аспектуалдылық модалдылық категориясының кез келген өрісімен (мүмкінділік, қажеттілік, бұйрықтық т.б.) астас келе алады.

Модалдылық – сөйленімде айтылған хабардың ақиқат шындыққа қатынасын (объективті) және сөйлеушінің қатынасын (субъективті) көрсететін категория. Мысалы: *-Тіпті, түспей-ақ сонда тұра берсе қайтеді, - деді жалпы бөлімнің бастығы. –Үйіне түнде-түнде барып кеп тұрар* (Д.Исабеков) деген сөйленімде *-п тұр* аналитикалық форманты мүмкіндік мағынасымен қоса, қимылдың қайталануын, сөйлеушінің көзқарасын да білдіріп тұр. Қимылдың қайталану мағынасы сөйленімдегі *түнде-түнде* нақтылауышы арқылы айқындала түскен. *Ол тамаша күлдіргіш еді, байсалды кейіппен тұрып-ақ жұртты қалай күлдірудің есебін табады* (Ш.Хұсайынов) деген сөйленім –дүркінді іс-әрекеттің орындалуын білдіретін аспектуалды-модалды жағдаят. Модалдылықтың субкатегориясы мүмкіндіктің аспектуалдықпен астас келетін тұстарына қатысты С.Құлманов төмендегідей түрлерін көрсетеді: субъектінің дағдылы әрекетті орындауға қабілеттілігін немесе шеберлігін білдіретін аспектуалды-модалды жағдаят; субъектінің дағдылы әрекетті орындауға қабілетсіздігін білдіретін аспектуалды- модалды жағдаят; шектеусіз қайталамалы іс-әрекеттің әдеттегі (узуалды) орындалуын білдіретін аспектуалды-модалды жағдаят; тез басталып тез аяқталатын әрекеттің орындалуын білдіретін аспектуалды-модалды жағдаят; іс-әрекеттің созылыңқы орындалуын білдіретін аспектуалды- модалды жағдаят [5, 26-27 бб.].

Қазақ тіліндегі аспектуалдылық категориясының функционалды-семантикалық өрісі басқа предикаттық негіздегі өрістермен астас келе беруі – заңды құбылыс. Өйткені аспектуалдылық қимылдың уақыт ағымындағы ішкі өту ерекшеліктері мен түрлі жасалу тәсілдерін сипаттаса, предикативтілікпен тікелей байланысты жақ, шақ, модалдылық та тікелей қимылға қатысты және қимылды әр қырынан сипаттайтын ұғымдар болып табылады. Сондықтан да

бұл категориялар предикаттық негіздегі семантикалық категориялардың топтамасын құрайды.

Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Аспектуалды семантикаы беруге шақ көрсеткішінің қайсысы қатысады?
2. Шақ формалары арқылы қандай аспектуалды семантика беріледі?
3. Сөзжасам мен аспектуалдықтың байланысын сипаттап беріңіз.
4. Аспектуалды жағдаят дегенді қалай түсінесіз?
5. Предикаттық негіздегі ФСК-ларға ортақ нәрсе не?
6. Предикаттық негіздегі семантикалық категориялардың астас келуі деген не?

Әдебиеттер:

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
2. Маманов Ы. Қазақ тіл білімі мәселелері. –А.: Арыс, 2007.– 490 б.
3. Серебренников Б.А. К проблеме типов лексической и грамматической абстракции // Вопросы грамматического строя. – М., 1955. – 481 с.
4. Гузев В.Г. О категории аспектуальности // Советская тюркология. – 988. –№ 1. –С. 3-11.
5. Құлманов С. Қазақ тіліндегі мүмкіндік модалділігінің функционалды-семантикалық өрісі: филолог. ғылым. канд.... автореф. – Алматы, 2004. – 35 б.

СӨЖ тақырыбы:

1. Аспектуалды семантика беруге қабілетті сөзжасамдық қосымшалар.
2. Шақ тұлғалары арқылы берілетін аспектуалды семантиканың түрлері.

СӨЖ тапсырмасын орындауға қажетті әдебиеттер:

- 1 Жолшаева М. Аспектуалдық категориясы // Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері. – Алматы, Кие, 2007. – 362-374 бб.
- 2 Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. - Алматы: ЖШС «Ануар-КЗ», 2010. 1 том. – 720 б. / қажетті беттер -147-194 бб.

4.3 Аспектуалдықтың функционалды-семантикалық өрісі

Қимылдың өту сипаты категориясын өріс теориясы негізінде зерделегенде грамматикалық формалардың мағынасы мен қызметі морфология деңгейінде ғана сипатталмай, олардың сөйлеу жағдаяттарындағы қызметтері және басқа тіл деңгейі (лексика, сөзжасам, синтаксис) бірліктерімен тығыз қарым-қатынасқа түсе отырып, қолданылуы басты назарда болады. Бұл орайда ортақ мағына негізінде байланысқан барлық тіл деңгейі бірліктері қимылдың өту сипаты категориясының тұрпат межесі

ретінде қаралады да, категорияның өзі семантикалық категория мәртебесін алады. Семантикалық категория ұғымдық категориялар теориясына негізделіп, тілдің болмыс шындықты, ақиқатты бейнелей алу қабілеті тілдік танымының семантикалық кеңістігін қалыптастырады. Ол объективті дүниедегі құбылыстар мен заттардың арасындағы байланыстарды, оларға тән маңызды деген жалпы белгілер мен қасиеттерді білдіретін азамзат тарихында танылған түрлі ұғымдардың жиынтығынан, категориялардан тұрады.

Қимылдың ішкі өту сипаты семантикасының шеңберінде әр қилы өткен - тез немесе баяу, кенеттен, шұғыл жасалған қимыл, араға уақыт салып қайталанған немесе жалғасатын созылыңқы қимыл, шекті/шексіз қимыл, қимылдың басталуы мен аяқталуы, жасалу үстіндегі қимыл т.б. қамтылады да, бұл созылыңқылық, шектілік, шексіздік, дүркіндік, созылыңқылық, қимылдың даму фазалары т.б. аспектуалдылық категориясының семантикалық құрылымын түзеді. Бұл сипаттамалар қимылдың «ішкі өту ағымының» құрылымын ашады. Қимылдың уақыт бойындағы ағымы сандық және сапалық жағынан сипатталады. Сандық аспектуалдылық қимылдың сандық мөлшерін білдіреді. Өзара оппозиция құрайтын қимылдың бір рет жасалуы және бірнеше қайталануы тілде түрлі тәсілдер арқылы беріледі.

Аспектуалдылық категориясының мазмұны – уақытқа қатысты қимылдың ішкі өту шегін, ағымын сипаттау. Мазмұн – тілдік құралдар көмегімен берілетін сана жұмысының нәтижесі. Іс-әрекеттің ішкі өту шегін, ағымын білдіретін түрлі тіл деңгейіне жататын құралдардың топтамасы ***аспектуалдылықтың функционалды-семантикалық өрісін*** құрайды. Бұл категорияның семантика-лық негізі етістік-предикат болып табылады. Дегенмен предикат аясынан шығып, сөйленімнің басқа элементтерін де қамтиды. Мысалы: *Екі аттың біресе қарға сүйретіліп, біресе қарға тимей, екі аттың бүйіріне кезек соғылып, теңдеп алған өлік келе жатыр еді* (Ғ.Мүсірепов); *Боран үшінші тәулікте барып сап-сап саябырлады да, кенет пышақ кескендей тыйылды* (Ш.Мұртаза). Осы сөйленімдерде қимылдың өту сипатына тікелей қатысты тілдік құралдар (жалғаулық, пысықтаушы құралдар) етістік-предикаттың маңына шоғырланған. Жалпы грамматикалық формалар сөйлеу деңгейіндегі белгілі бір мағынаны білдірудің бір ғана элементі болып табылады. Ол мағына басқа тілдік құралдар арқылы да берілуі және нақтылануы мүмкін. Мысалы: *Артынан келген адамдарға осы араға үй тіккізуге, сусын әкелуге бұйрық берді де, суы жылы сор көлге күні – түні шомыла берді, шомыла берді* (Ғ.Мүсірепов) деген сөйленімде созылыңқы қимыл *-а бер* аналитикалық формантымен білдіріліп, қосымша *күні-түні* лексемасы мен *шомыла берді* аналитикалық формалы етістіктің қайталануы арқылы нақтылана түскен. Мұндай “мазмұннан → формаға қарайғы” ұстанымға негізделетін зерттеу құрылымдық грамматикадағы белгілі бір деңгейге жататын тілдік құралдар шеңберінен шығып, одан күрделі әр деңгейге жататын тілдік құралдарды тұтастықта алып қарауға мүмкіндік береді. Семантикалық категорияның мазмұны, сонымен қатар сөйлеу ортасымен, сөйлеу жағдаятымен байланыста қаралады: *-Ана, шұлғау!*

– деп жұлығы сөгіліп кеткен етігін сыпыра бастады (Ғ.Мүсірепов) деген сөйленімде бұйыру, әрекетке барғызу нақтылы сөйлеу жағдаяты арқылы айқындалған. Аспектуалды семантика әмбебап, яғни кез келген сөйленімге тән бе? деген сұрақтың туындайтындығы сөзсіз. Етістік-предикатты сөйленімдерде оның міндетті түрде көрінетіндігі түсінікті. Ал басқа сөйленімдер сөйлеу жағдаятына қарай аспектуалды сипат алуы мүмкін.

Өрістің өзегін құрайтын негізгі тілдік құралға байланысты ФСӨ құрылымына қарай бірнегізді және көпнегізді болып бөлінетіндігін ескерсек, қазақ тілінде аспектуалдылықтың ФСӨ-сі көпнегізді болып келеді. Оны қимылдың жасалуының әр түрлі реңктерін беретін аналитикалық форманттар, сөзжасамдық қосымшалар, лексикалық бірліктер құрайды. Мысалы: *Тұра келген екпінімен Жұман жүгіріп келіп, күміс самауырды бәйбішеге қарай теуіп жіберді* (Ғ.Мүсірепов); *Қонақтар төрт тараптың бәрінен қырық-елуден, жиырма-отыздан лек-лек болып, аттарын жай-жай бастырып, жылжып келе жатыр* (М.Әуезов); *Иванов 10 минут сөйледі* (Ә.Нұрпейісов); *Зерені қойып қайтқан күні кешке, әжесінің төсегіне отырып алып, құран аударуға кірісті* (М.Әуезов); *Арзы апамды құшақтап тұрып, арқасынан қаққылады* (Ш.Мұртаза); *Сол ойы есіне қайта оралған Еңсеп табанының астынан шыққан тақтай тасты ұрғыштады* (Ә.Кекілбаев); *Сары жотаға қарап-қарап қойып, әрлі-берлі жүріп үіскелейді* (М.Әуезов).

Д.М.Насилов түркі тілдерінде аспектуалдылықтың ФСӨ-сінің негізін қимылдың жасалу тәсілдері беретін арнайы тұлғалар құрайтындығын және оның ерекше қабатын лексикалық көрсеткіштердің жасайтындығын айтады [1, 4 б.]. Жалпы тіл білімінде қимылдың даму сатысына қатысты түрлі мағыналық реңктер жеке-жеке қимылдың тәсілдері ретінде қаралып, аспектологияның аясына енеді. Сонымен бірге, аспектологияда қимылдың даму сатысы өз алдына дербес категория ретінде алынып, қимылдың басталу кезеңі, жасалу үстіндегі кезеңі, аяқталу кезеңі оның құрамды бөліктері түрінде зерттеледі. Қазақ тілі білімінде қимылдың жасалу тәсілі мен қимылдың даму сатысы өзара тығыз байланысты деп танылып, қимылдың өту сипаты категориясының мазмұнын жасайтын құрамдас бөліктер ретінде қаралып жүр.

Қазақ тілінде қимылдың өту сипатын білдіретін синтетикалық формалардың саны айтарлықтай көп емес. М.Оразов тарихи тұрғыда олардың қазіргі кезбен салыстырғанда көп болғандығын айта келе, олардың сан жағынан кемуіне әсер еткен бірнеше факторды көрсетеді. Олардың ең негізгісі ретінде екі себепті атайды: - а тұр, - ып тұр, - а жатыр, - ып жатыр, - а отыр, - ып отыр, - а жүр, - ып жүр аналитикалық форманттарының актив қолданыла бастауы; шақ жалғауларының саралануы [2, 65 б.]. Аспектуалды семантиканы беретін синтетикалық формаларды жүйелі түрде көрсету үшін беретін мағынасына қарай былайша топтастырылды: қайталанатын қимылды

беретін қосымшалар; толымсыз (жетімсіз) жасалған қимылды білдіретін қосымшалар; күшейтпелі қимылды білдіретін қосымшалар. Сондай-ақ, олар жалғанған сөздің лексикалық мағынасына өзгеріс енгізу/енгізбеу сипатына қарай сөзжасамдық формалар мен модификациялаушы формаларға ажыратып қаралды.

Сөзжасамдық формалар. Қазақ тіліндегі қимылдың қайталану семантикасын берудің бір жолы –синтетикалық тәсіл болса, синтетикалық формалар негізінен сандық аспектуалдылықты білдірудің басты көрсеткіші саналады. Бірақ қайталану, дүркінді мағынаны білдіретін қосымшалар жеке грамматикалық категория көрсеткіштері ретінде кездеспейді. Дегенмен етістікке қатысты еңбектерде түрлі деңгейде қарастырылатын бұл қосымшалар (М.Оразов дуративті деп атайды) қазақ тіл білімі, түркітанымда сыпат категориясының көрсеткіштері ретінде көрсетіледі. А.Ысқақов – *ла* (-*ле*, -*да*, -*де*, -*та*, -*те*), -*қыла* (-*кіле*, -*ғыла*, -*гіле*), - *мала* (- *меле*, -*бала*, -*беле*, - *пала*, -*пеле*), -*ғышта* (-*гіште*, -*қышта*, -*кіште*) қосымшаларын амалдың өту сипаты категориясының көрсеткіштері деп қарайды [3, 289 – 290 бб.]. Ы.Маманов қимылдың дүркіндік семантикасын беретін –*қыла* (-*кіле*, -*ғыла*, -*гіле*); -*ыңқыра* (-*іңкіре*) қосымшаларын сыпаттан тыс алғанымен, қандай категорияның шеңберінде қаралатындығын көрсетпейді [4, 75 б.]. Біздіңше, мұндағы -*ыңқыра*/-*іңкіре* қосымшасының дүркіндік семантикаға қатысы жоқ, ол жетімсіз жасалған қимылды білдіреді. Енді бір еңбектер дүркіндікті беретін қосымшаларға жеке-жеке мағыналық жағынан сипаттама берумен шектеледі. Сонымен, аспектуалды семантика жасауға қатысатын сөзжасамдық формалар:

-**ла/ -ле (-да/-де, -та/-те)** қосымшасы сөз таптарының белгілі бір лексика-семантикалық топтарына жалғанғанда ғана дүркіндік мағынаны беретін туынды түбір етістіктер жасайды және семантикасына ғалымдар тарапынан түрлі ғылыми сипаттамалар берілген. Бұл қосымшаның дүркінді мағына жасауы **зат есімдерге, етістіктерге, еліктеуіш сөздерге** жалғанғанда көрінеді. Зат есімдерге жалғануын үшке бөліп көрсетеміз:

– **құрал-сайман атауларына** жалғанғанда. Оларға мына етістіктер жатады: *қамшы-ла*, *кетпен-де*, *пышақ-та*, *таяқ-та*, *тоқпақ-та*, *балта-ла*, *бұрғы-ла*, *сүргі-ле*, *шеге-ле*; *жұдырық-та*.

– **туыстық атауларға** жалғану арқылы сөйлеу әрекетін білдіретін дүркінді етістіктер жасайды. Мұнда қайталау мағынасы біреуге қарата айтылған процеспен байланысты болып келеді: *Көшелі кісі. Ағалап отыр* (М.Мағауин);

– **іс-әрекеттің орындалуына объект** болып табылатын **сөздерге** жалғанып, туынды етістіктер жасайды. Мұндай етістіктердің бойында дүркіндік мағына айқын көрінбейді. Бірақ іс-әрекет жасалу сипатына қарай бірнеше рет жасалуды қажет етеді: *сабында*, *сула*, *тұзда*, *бұрышта*, *майла*.

– **еліктеуіш сөз негізді зат есімдерге** жалғанып, бірнеше рет қайталанған қимылды білдіреді. Негізінен туынды етістіктер еліктеуіш сөздерге -*ыл/-іл* жұрнағын қосып зат есім тудыру (*солқ+ыл*, *қиқ+ыл*, *гүрс+іл*, *дiр+іл*, *селк+іл*,

баж+ыл, гүр+іл, дүрс+іл, қыңқ+ыл, борп+ыл, тарс+ыл, қалш+ыл, дыз+ыл, сақ+ыл, қалт+ыл, тық+ыл, желп+іл), содан кейін сол туынды зат есімге -ла/-ле жалғануы арқылы дүркінді мағына жасалады: *Жұрт тағы да күркірей жөнелді. Зеңбіректер тағы да гүрсілден қоя берді* (Ә.Кекілбаев). Кейбір еліктеуіш сөздердің семантикасына дүркіндік мағына тән болып келеді. Бұл бейнеленетін қимылдың немесе еліктеуге негіз болатын дыбыстың табиғатында бір емес, бірнеше рет қайталанатындығымен байланысты сияқты. Мұндай еліктеуіш сөздер көп емес және ол ілкі түбір еліктеуіштер негізгі етістіктермен тіркескенде, көбінесе, қосарланып келеді. Осы сөздерге жалғанған -ла/-ле (-да/-де, -та/-те) қосымшалары дүркіндік мағынаны күшейте түседі: *Екі шекем солқылдап, басым ауырып жатып қаламын* (Б.Соқпақбаев).

Етістіктерге -ла/-ле (-да/-де, -та/-те) қосымшасы талғап жалғанады. Бұл қосымшаны қабылдайтын туынды етістіктер қазақ тілінде көп емес және олардың бәрі дүркіндік мағынаны білдіретін сөздер болып табылады: *тістеле, сипала, жұлқыла, тырнала, шұқыла, үңгіле, сабала, шымшыла, иіскеле, үйкеле, сүйкеле, сүйреле, қамала, төпеле, сілкіле*. Бұл қосымша жалғанған етістіктер мынадай ерекшеліктерімен сипатталады: сабақты етістіктер; белгілі бір нысанға бағытталған әрекет; құралдың көмегімен жүзеге асатын қимыл. Мысалы: *Ақ інген болса шекпенге орап тастаған ботақанды иіскелеп, ауық-ауық баяу гана боздап қояды* (С.Сматаев);

Еліктеуіш сөздердің ішінде -ла /-ле (-да/-де, -та/-те) қосымшасы табиғат құбылыстарын көзбен көру нәтижесінде туған бейнелеуіш сөздерге тікелей жалғанып, қимылдың бірнеше қайталану мағынасын беретін туынды етістіктер жасайды. Бұл қосымша арқылы жасалған туынды етістіктердің мағынасы қосарланған бейнелеуіш сөздер беретін дүркіндік мағынамен барабар: *жыпық-жыпық (ету) – жыпықта; көлбең-көлбең (ету) – көлбеңде. Ахмет бай тойға киген сәнді шапанын шешкісі келмегендей үйіне бір кіріп, бір шығып көлбеңдеп жүр* (Ә.Кекілбаев). Тілдік деректерді талдау негізінде жасалған **түйін**: -ла/-ле тұлғасы арқылы келген етістіктер жүйелі және біртектес дүркіндікті білдіреді; қайталанатын біртектес әр қимылдың аралық интервалы белгісіз болып келеді.

-қыла/-кіле, -ғыла/-гіле қазақ тілінде амал-әрекетті білдіретін етістік тобына жалғанып, қимылдың дүркін-дүркін, араға уақыт салмай еселеніп жасалғандығын білдіреді: *Кеш батысымен иен жұртқа аш қасқырлар келіп, емін-еркін тіміскілейді* (Қ.Жұмаділов). Бұл қосымшаен келген етістіктерге қатысты мынадай мәселелерді айтуға болады: *біріншіден*, бұл қосымша арқылы жасалған амал-әрекет етістіктері көп емес, олар: **тартқыла, сорғыла, қаққыла, піскіле, шапқыла, тілгіле, мыжғыла, түрткіле, тепкіле, жұлғыла, сүрткіле, ысқыла, соққыла, атқыла, қазғыла, түйгіле, ұрғыла, кескіле, тініткіле, шерткіле, сүзгіле, ысқыла, тіміскіле, жанышқыла; екіншіден**, қосымшаны құранды деп алсақ, -қы/-кі етістік сөзден есім тудыратын сөзжасамдық қосымша болып табылады да, жалғанған сөздің лексикалық мағынасымен байланысты зат есімдер жасайды: *соққы, тепкі, ұрғы, сүзгі, піскі, ысқы, қаққы, шапқы, тартқы,*

тілгі, кескі, сұрткі т.б.; үшіншіден, кейбір бұл қосымша арқылы жасалған етістіктерді етістік негізді зат есім және етістік тудыратын қосымша деп ажыратуға келмейді: *мыжғыла, жұлқыла, түйгіле, мініткіле, шерткіле* т.б. ; төртіншіден, етістік негізді туынды зат есімдерге -ла/-ле қосымшасы жалғану арқылы жасалған туынды етістіктерде дүркіндік мағына болса, құранды қосымшаға ажыратпай, тұтас алып қарайтын етістіктерде дүркіндіктен гөрі амал-әрекеттің күшейтпелі түрде жасалу мағынасы басым болады. Мысалы: **ніскіле:** *Піспекті ала салып күс-күс төкпектете н і с к і л е д і* (Ә.Кекілбаев). **Түйін:** -қыла/-кіле, -ғыла/-гіле аффикстері арқылы мынадай аспектуалды семантика жасалады: үсті-үстіне жасалатын біртектес қимыл; қарқынмен тез істелетін қимыл; әр қайталанатын қимылдың арасындағы интервал өте жақын, бірақ белгісіз; күшейтпелі әрекетті білдіреді.

-мала/-меле, - бала/-беле, -пала/-пеле дүркіндік мағынаны білдіретін күрделі қосымша етістіктердің санаулы тобына ғана жалғанады. Негізінен нысанды қажет ететін сабақты амал-әрекет етістіктеріне жалғанады: *тықпалау, санамалау, бастырмалау, қақпалау, жұлмалау, итермелеу. Бір жаманы жел ұйытқып, шұңқырға қар тықпалай береді* (Ш.Мұртаза).

Грамматикалық формалар. Қазақ тілінде аспектуалды семантика беруге қабілетті грамматикалық тұлғалар қатарына шақ формалары жатады. **-атын/-етін** қосымшасы, негізгі парадигмалық мағынасы сөйлеу сәтіне дейін болған іс-әрекетті білдіру; ал синтагмалық (контекстегі) мағынасы осы шақты, келер шақты білдіру. Қазақ тіліндегі қимылдың қайталануын беретін негізгі грамматикалық форманың бірі: *Ол кезде Садық өрімдей жас еді. Өз қадірін білгендіктен шашын дудырата, кепкасын бір шекесіне ғана киіп жүретін* (Қ.Жұмаділов).

-ушы/-уші аффиксі. Бұл тұлға жеке тұрып дағдылы әрекетті білдіруде қолданылмайды, *еді* көмекші етістігімен тіркесіп келіп, өткен шақтық және қайталанатын қимылды береді. Синтетика-аналитикалық тәсіл болып табылады және өткен уақытта амал-әрекеттің бірнеше рет қайталанып, дағдыға айналып кеткендігін білдіреді: *Түлкі шойын жолдың бойына тым сирек, әбден аштық титығына жеткенде ғана келуші еді ...* (Ш.Айтматов).

-а/-е,-й аффикстері қимылдың өту ағымына қатысты мынадай мағыналарды бере алады: қайталанатын қимыл; созылыңқы қимыл; жасалу үстіндегі қимыл немесе аяқталмаған қимыл (процестілік). -а/-е, -й тұлғалары қайталану мағынасын беру үшін қолданылғанда шақтық мағынадан алыс кетеді. *Дәл аяғының астында жүреді* (М.Мағауин); *Насыбайды атып алып, мүлгіп тыңдайды да отырады* (Қ.Жұмаділов). Екіншісі – зат пен адамға тән қимылдық қасиетті және белгілі бір кәсіп иелерінің айналысатын істерін нақты көрсету арқылы, сондай-ақ хайуанаттар мен жан-жануарларға тән қасиет арқылы қайталану мағынасының астарлы түрде берілуі: *Арғы аталарының бірі саятшылықпен мықтап айналысқан деседі. Содан болар,*

бала кезімнен аң аулаймын, бүркіт саламын («Жас Алаш»); *Анда-санда сиыр мөңірейді* (М.Әуезов). Осы сөйлемдерде белгілі бір нәрсеге тән жалпы қасиеттер мен іс-әрекеттерді берілген. Осы белгілер олардың қайталанатын әрекеттер екендігін көрсетеді.

Аспектуалды семантиканың аналитикалық тәсілмен берілуі. Қазақ тілінде аспектуалды семантиканың түрлі мағыналық реңктерінің аналитикалық жолмен берілуі – өнімді тәсіл. Олар негізінен: а) көсемше тұлғаларының қайталанып қосарлануы; ә) аналитикалық формалы етістіктің қайталануы; б) аналитикалық форманттар.

-ып/-іп, -п тұлғалы көсемшенің қайталануы арқылы бірден, созымсыз жасалған нәтижелі әрекеттің қайталануы беріледі. Бір сөйленім бойында бұл форма арқылы берілетін аспектуалды мағынаның басқа тілдік құралдармен қосымша нақтылануы немесе жүйелік сипатының көрсетілуі мүмкін: ... *қос айыр қамшыны білемдей ұстаған аламан арқыра айғайлап, шірене көтерілді де, найзағай ойнатып, от суырғандай ысқырта сілтеп, Еснейді жон арқадан қатарынан екі рет осып-осып жіберді* (М.Мағауин).

Негізгі етістік пен көмекші етістіктің тіркесі арқылы жасалатын аналитикалық формалы етістіктердің бір сөйлем бойында қайталанып келу арқылы екі түрлі аспектуалды семантика беріледі. Біріншісі – қимылдың қайталануы: *Сен сияқты періштені ұмытуға бола ма екен, - дейтін жігіт ойланбастан және сол сөзін дәлелдеген адамша бүлдіргендей уылжыған ернінен тоймай сүйе беретін, сүйе беретін* (Қ.Жұмаділов). Екіншісі – қимылдың созылыңқылығы: *Саусақтарым сырқырап сынып барады, мен шыңғырып жылай бердім, жылай бердім* (Т.Ахтанов). Қ.Рысалды мұндай аналитикалық форма етістіктердің қайталануы арқылы берілетін семантикаға қимылға тән сындық белгі тұрғысынан келіп, өзінің зерттеу нысанына сай оны (қимыл сынның) үдемелі жоғары дәрежесін көрсетудің бір жолы деп есептейді.

Қазақ тілінде қимылдың түрлі жасалу тәсілдерін көрсетуде аналитикалық форманттар белсенді сипатқа ие болып келеді. Қимылдың **басталу** кезеңімен байланысты аналитикалық форманттар – *-а баста; -а жәнел; -п қоя бер, -а ұмтыл, -п сала бер, -п кет, -а бер* көрсеткіштері мағыналық жағынан қимылдың басталу сипатына қарай өзара ерекшеленеді. *Кенжекей келе сала түйені құдық жанына шөгерді де, ыдыстарын суға толтыра бастады* (Ә.Нұрпейісов);

Қимылдың кенеттен, күтпеген жерден басталуы. Бұл тәсілдің тілдік көрсеткіштері саналатын аналитикалық форманттар амалдың кенеттен, аяқ астынан басталуын білдіргенімен, олардың жасалу қарқынына қатысын көрсетпейді. - **п қоя бер** форманты арқылы аяқ астынан субъект еркінен тыс жасалатын қимылдың басталуын З.К.Ахметжанова **спонтанды** тәсіл деп атайды. Мұндай әрекет субъект тарапынан саналы түрде қадағаланбауымен ерекшеленеді. -*п қоя бер* формантының адамның көңіл-күйімен байланысты психикалық процестерді білдіретін етістіктермен тіркесімділігі жоғары. Бұл топтағы етістіктер –ып/-іп, -п көсемше тұлғасында келеді және осы топқа

енетін көптеген етістіктердің (еңіре-, өкір-) семантикалық құрамында 'бірден жасалатын әрекет' семасы болады. Бұл сема арқылы *-п қоя бер* форматымен тіркеседі: *Ақбала алақанымен бетін басып, бүк түсіп отыра қап еңіреп қоя берді* (Ә.Нұрпейісов).

-п сала бер форманты қимылдың тез, бірден басталғандығын білдіреді және мұндай әрекеттің өзіндік ерекшелігі қимылдың басталуының белгілі бір себепке байланысты болуында. Қимылдың бірден басталу ерекшелігі себеп-салдарлық байланыс бойынша айқындалады. Мұндай сөйленімдерде қимылдың бірден жасалуына түрткі болған себеп көрсетіледі де, ал оның тез басталуы салдар ретінде қаралады: *Қатты бораннан оның тұла бойы қалшылдап, дірілдеп, селкілдеп сала берді* (М.Дүйсенов).

Қимылдың баяу басталуы - *а бер* форманты арқылы беріледі. Сондай-ақ, бұл аналитикалық формант сапалық өзгерістің басталуын қоса көрсетеді. *Тұтқындар ... алға таман сәл ұмсынды да, келесі сәтте тіркестері бүгіліп, шалқалап құлай берді* (Қ.Жұмаділов). Қимылдың кенеттен, қарқынмен және тез басталуы *-а жөнел* форманты арқылы беріледі. *«Сен кімсің?» деуге үлгірмеді, мойнына қыл тұзақ орала кетті де, мұны аттан жұлып түсіріп, сүйрей жөнелді* (Қ.Жұмаділов).

Қимылдың **жасалу** кезеңімен байланысты аналитикалық форманттарға мыналар жатады: *-п тұр, -п жүр, -п жатыр, -п отыр, -п бара жатыр, -п келе жатыр, -а тұс, -а бер, -п кел, -п барады*. Бұл грамматикалық көрсеткіштер өздері жалғанатын жетекші етістіктің мағынасына қарай жасалу кезеңіндегі әрекеттерді түрлі қосымша реңктермен қоса көрсетуі жағынан бір-бірінен ерекшеленеді. Қимылдың жасалу үстіндегі кезеңінің қосымша мағыналық реңксіз жалпы берілуі – *п жатыр, -п тұр, -п жүр, -п отыр, -п бара жат, -п келе жат, -п барады* форманттары арқылы жүзеге асады. Сондай-ақ, жасалу үстіндегі әрекетті қосымша мағыналық реңксіз көрсететін аналитикалық форманттардың қатарына *-п кел* көрсеткішін де жатқызуға болады. Бұл форманттың етістіктердің лексика-семантикалық топтарына тіркесімділігі белсенді: сөйлеу етістіктерімен тіркесіп, процесс үстіндегі әрекетті көрсетеді: *Ауыр денесімен шайқала басып, әлдекіммен сөйлесіп келеді* (Қ.Жұмаділов).

Қимылдың **аяқталу** кезеңімен байланысты аналитикалық форманттарға мыналар жатады: *-п біт, -п қал, -п бол, -п шық, -п ал, -п қой, -п кет, -ып тұс, -п бер, -ып таста, -п өт*. Жалпы қазақ тілінің деректері негізінде қимылдың соңғы кезеңі Қ.Бибекөв тарапынан арнайы кандидаттық диссертация деңгейінде зерттелген. Бұл көрсетілген қимылдың аяқталуына қатысты көрсеткіштерді екіге бөлуге болады: бірі – белгілі бір уақыт аралығында жүзеге асып, аяқталған қимылды білдіретін форманттар: *-п біт, -п бол, -п шық, -п қой, -п өт, -п қал, -п ал, -п кет* (соңғы үш форманттың бұл мағынаны білдіруі жетекші етістіктің лексикалық мағынасына байланысты). Екіншісі – бірден, тез жасалған нәтижелі қимылды білдіретін аналитикалық форманттар: *-п қал, -п ал, -п кет, -п бер*.

Қимылдың түрлі жасалу тәсілдеріне қатысты аналитикалық форманттарды беретін мағынасына қарай топтастырылуы. **Қимылдың немқұрайлы** жасалу тәсілі **-а сал** аналитикалық форманты арқылы беріледі: *Басына қап сияқты бірдеңені жаба салды* (М.Әуезов). Қимылдың **ойламаған жерден жеңіл** жасалу тәсілі **-а кет, -а қал** аналитикалық форманттары арқылы беріледі: *Еламан ауылдағы күй талғамайтын әдетпен мол күнінің бір шалғайын астына төсеп, киімшең бойымен қисая кетті* (Ә.Нұрпейісов); **-а қал** аналитикалық форманты негізінен амал-әрекет, қозғалыс және қалып етістіктеріне тіркесіп, қимылдың ойламаған жерден жүзеге асуын білдіреді: *Жүгіріп барып, темір жолдың таса бетіне жата қалды* (Ә.Нұрпейісов). Қимылдың **бірден, тез** жасалу тәсілі **-й ал, -п сал, -а қой, -п жібер** аналитикалық форманттары арқылы беріледі: *Айганиша жүгіріп барып ағасының өлігін құшақтай алды* (Ә.Нұрпейісов). Қимылдың **толық жүзеге аспау тәсілі -а жазда** аналитикалық форманты арқылы беріледі. Бұл формант амал-әрекет, эмоционалды етістіктер мен қозғалыс етістіктеріне жалғанып, жүзеге толық аспай қалған қимылды білдіреді: *Қамқада үн жоқ. Бір гана ыңыранды да, сылқ етіп, аттан құлап барады. Қамысбай өзі де аттан жығыла жаздады* (М.Әуезов).

Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Аспектуалды семантика дегенді қалай түсінесіз?
2. Етістік-предикатсыз сөйлемдерде аспектуалды семантика қалай көрінеді?
3. Қандай грамматикалық формалар аспектуалды семантика жасайды?
4. Аспектуалды семантиканың синтетикалық тәсілмен берілуі деген не?
5. Аспектуалды семантика жасауға қатысатын сөзжасамдық формаларды атаңыз.
6. Аспектуалды семантиканың аналитикалық тәсілмен берілу жолдарын көрстеіңіз.

Әдебиеттер:

1. Насилов Д.М. Проблемы тюркской аспектологии. Акциональность. – Л.: Наука, 1989. – 208 с.
2. Оразов М. Етістік. – Алматы: Ы.Алтынсарин ат. Білім акад. Рес.баспа кабинеті, 2001. – 2 б.
3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
4. Маманов И.Е. Вспомогательные глаголы в казахском языке. – Алматы, 1949. – 97 с.
5. Жолшаева М. Қазақ тіліндегі етістіктер және аспектуалды семантика. – Алматы, СДУ, 2011. – 290 б.

СӨЖ тақырыбы:

1. Аспектуалды семантика жасайтын –ла/-ле қосымшаларының лексика-грамматикалық сипаты (Ә.В.Севортян, А.Ысқақов, Ы.Маманов, М.Оразов, Ж.Тектіғұл және т.б. еңбектері бойынша);

2. –атын/-етін, -йтін /-йтын грамматикалық формаларының аспектуалды семантика беруге қатысы;

3. -атын/-етін тұлғасымен берілетін қайталану мағынасының мазмұндық типтері: узуалды қайталану (*жалпы қайталану; жүйелі қайталану*);

4. Аналитикалық форманттар арқылы берілетін аспектуалды семантика түрлері (жеке-жеке аналитикалық формант бойынша сипаттама жасау).

СӨЖ тапсырмасын орындауға қажетті әдебиеттер:

1. Жолшаева М. Қазақ тіліндегі етістіктер және аспектуалды семантика. – Алматы, СДУ, 2011. –192-245 бб.

2. Маманов И.Е. Вспомогательные глаголы в казахском языке. – Алматы, 1949. – 97 с.

3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.

4. Бибекөв Қ.Т. Қимылдың соңғы кезеңінің көрсеткіштері мен қолданыстағы мағыналық ерекшеліктері: филол. ғылым. канд. ... авторефер. –Астана, 2003. – 30 б.

5. Маралбаева С. М. Семантика процессности действия и способы ее выражения в казахском языке: автореф. ... канд. филолог. наук. – Алма-Ата, 1991. – 19 с.

6. Мұқамади Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі қимылдың тездік тәсілінің мағыналық құрамы мен берілу жолдары: филолог. ғылым. канд. ... автореф. – Алматы, 1997. – 27 б.

7. Шарапиденова А.Т. Начинательность в системе аспектуальности казахского и русского языков: автореф. канд. ... филолог. наук. – Алма-Ата, 1993. – 22 с.

Семинар сабақтарының тапсырмалары

(дәріс мазмұны және дәріске қосымша материалдар негізінде дайындалды)

Дәрістер мазмұнын құрайтын төрт тараудың тақырыпшалары бойынша сұрақтар

Грамматика теориясы мен грамматиканың жалпы мәселелері бойынша сұрақтар:

Грамматиканың зерттеу нысаны не?

Грамматиканың қандай түрлері бар?

Дәстүрлі грамматиканың зерттеу нысаны не?

Тіл бірліктерін функционалды аспектіден қарастыру не үшін қажет?

Тіл бірліктерінің жұмсалымы дегенді қалай түсінесіз?

Грамматиканың түрлеріне қарай қолданылатын қандай зерттеу тәсілдерін білесіз?

Мағына деген не?

Семантикалық инвариант деген не?

Жаратылыстану ғылымындағы өріс термині қандай ұғымда қолданылады?

Лингвистикада өріс термині алғаш қай салаға қатысты қолданылды?

Лексика-грамматикалық өріс ұғымын тілтанымға енгізген кім?

Реляциялық өріс пен ассоциативтік өрістің ұқсастығы неде, айырмашылығы неде?

Функционалды грамматиканың негізгі ұғымдары бойынша сұрақтар:

Функция терминін қалай түсінесіз?

Лингвистикадағы функция ұғымына түсініктеме беріңіз?

Мағына мен семантикалық функцияның арақатынасы қандай?

Потенциалды функция дегеніміз не?

Нәтижелі функция дегенді қалай түсінесіз?

Жағдаят және категориялық жағдаят деген не?

Категория деген не?

Лингвистикада категорияның қандай түрлері бар?

Грамматикалық категория мен семантикалық категорияның салыстырып, ортақ белгілерін табыңыз?

Ұғымдық категория мен тілдік категорияның байланысы қайдан көрінеді?

Функционалды-семантикалық категориялар сипаттамасы бойынша сұрақтар:

ФСӨ дегеніміз не? Оны енгізген ғалым кім?

ФСӨ-нің ғалымдар неше топтамасын көрсетіп жүр?

ФСӨ топтамасы неге негізделеді?

ФСӨ неге деңгейаралық құбылыс ретінде түсініледі?

Тілдік бірліктердің семантикалық үйлесімі дегенді қалай түсінесіз?

Модалдылық деген не?

Модалдылық категориясы мен ДГ-дағы рай категориясының арақатынасы қандай?

Таксис дегенді қалай түсінесіз?

Мезгілдес әрекет деген не?

Іліктес әрекет және таксис ұғымдарын қалай байланыстырасыз?

Шақ грамматикалық категориясы мен темпоралдық категориясының арақатынасы қандай? Ұқсастығы мен айырмашылығы неде?

Аспектуалдық – семантикалық категория материалдары бойынша сұрақтар:

Аспектуалдық категориясы деген қандай категория?

Аспектуалды жағдаят деген не?

Аспектуалды жағдаят пен аспектуалдық ФСӨ-нің арақатынасы қандай?

Акционцарт деген не? Бұл терминді енгізген кім?

Д.Насиловтың аспектуалдық терминін қолданбау себебі неде?

Аспектуалдықтың мазмұн межесіне берілген анықтама қандай?

Сыпат пен аспектуалдықтың арақатынасын қалай сипаттайсыз?

Созылыңқылық қандай категория? Анықтама беріңіз.

Созылыңқылық мағынаның имплицитті / эксплицитті берілуі дегеніміз не?

Созылыңқылықтың тұрпат межесін қандай тіл бірліктері құрайды?

Қимылдың ішкі созылыңқылығы деген не? Сыртқы созылыңқылық деген не?

Созылыңқылық қандай өлшемдер бойынша жіктеледі?

Бейдискретті/дискретті созылыңқылық деп бөлу неге негізделеді?

Дүркіндік пен қимылдың қайталануы ұғымдарының арасындағы айырмашылық неде?

Қазақ тілінде дүркіндік қандай грамматикалық формалар арқылы беріледі?

Дүркіндік қандай лексикалық көрсеткіштерін білесіз?

Дүркіндік мағынаны жасауға синтаксистік деңгей бірліктері қатыса ма?

Дүркінді жасалатын қимылдың қандай түрлерін білесіз?

Процестілік дегенді қалай түсінесіз?

Қандай дүркіндік кваликативті/бейкваликативті дүркіндік деп аталады?

Интенсивті қимыл дегеніміз не?

Интенсивтілік категориясының негізгі көрсеткіштеріне нелер жатады?

Интенсивтілік категориясының перифериялық көрсеткіштерін атаңыз.

Интенсивтілік категориясының мазмұн межесі неден тұрады?

Интенситі әрекеттің шартпен, каузациямен байланысы қандай?

Теориялық тақырыптарды практикалық тұрғыдан негіздеуге бағытталған тапсырмалар

- Құрылымдық грамматиканың қарастыратын мәселелерін санамалап көрсетіңіз және оны функционалды грамматиканың зерттеу нысаналарымен салыстырыңыз.

- Лингвистикадағы жағдаят терминіне қатысты ғалымдардың тұжырымдарын тауып, оны талдаңыздар.

- ФСӨ мен ЛГӨ ұқсастығы мен айырмашылығын салыстырмалы кесте арқылы көрсетіңіз.

- Предикаттық негіздегі өрістер – аспектуалдық, темпоралдық, таксисті өзара салыстырыңыз. Олардың ортақ тұстары мен өзіндік ерекшеліктерін айқындаңыз. Салыстырмалы кесте жасаңыз.

- Модалдылық субкатегориясының ішкі мағыналық түрлеріне сипаттама беріңіздер.

- Модалдылық категориясының басқа семантикалық категориялармен (аспектуалдық, темпоралдық, персоналдық) астас келуін нақыт мысалдар арқылы түсіндіріп беріңіз.

- Созылыңқылық субкатегориясының тұрпат межесін құрайтын тіл бірліктерінің ФСӨ-сін нақты мысалдар негізінде көрсетіп, ядро мен периферия көрсеткіштеріне ажыратыңыз.

- Созылыңқылық субкатегориясының мазмұн межесінің түрлерін нақты мысалдар негізінде көрсетіп, талдаңыздар.

- Көркем шығармадан дүркіндіктің тұрпат межесін құрайтын тіл бірліктерінің (лексикалық, грамматикалық: морфологиялық, сөзжасадық, синтаксистік) әрқайсысына бес мысалдан жазыңыз.

- Дүркіндік субкатегориясының тұрпат межесін құрайтын тіл бірліктерінің ФСӨ-сін нақты мысалдар негізінде көрсетіп, ядро мен периферия көрсеткіштеріне ажыратыңыз.

- Көркем шығармадан дүркіндіктің мазмұн межесін құрайтын түрлерінің әрқайсысына бес мысалдан жазыңыз.

- Интенсивтілік субкатегориясының тұрпат межесін құрайтын тіл бірліктерінің ФСӨ-сін нақты мысалдар негізінде көрсетіп, ядро мен периферия көрсеткіштеріне ажыратыңыз.

- Қимылдың үш (басталу, жасалу, аяқталу) кезеңінің ішкі мағыналық ерекшеліктерін көркем туындылардан жиналған нақты тілдік деректермен, мысалдар арқылы, сипаттап, көрсетіңіз.

Топтық жұмыстар

➤ А.Байтұрсынұлының «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәрін жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды» деген тұжырымын қалай түсінесіз, топ болып талқылаңыздар.

➤ Г.Г.Сильницкийдің: «На референтном уровне ситуации соответствует некоторый отрезок реальной действительности, вычлняемый говорящим из континуума объективных явлений путем наложения на него данной ситуации. Соотношения между перечисленными единицами

синтаксического, семантического и референтного уровней не являются одно-однозначными: один и тот же ситуативный референт может отображаться несколькими ситуациями, одна и та же ситуация может выражаться несколькими предложениями» деген тұжырымын қалай түсінесіз, топ болып талқылаңыздар.

➤ О.Есперсеннің «Ұғым мен оның тілдегі көрінісін бейнелейтін таңбаның байланысы синтаксистік категория арқылы жүзеге асады. Сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы ақпарат алмасудың сөйлеуші үшін ұғым (В) \Rightarrow функция (Б) \Rightarrow тұлға (А), ал тыңдаушы үшін тұлға (А) \Rightarrow функция (Б) \Rightarrow ұғым (В) түрінде өтеді» деген тұжырымын топ болып талқылаңыздар.

➤ А.В. Бондарконың ФСӨ-ге берген мына анықтамасын топ болып талқылаңыздар: «ФСП – это базирующаяся на определенной семантической категории группировка грамматических и «строєвых» лексических единиц, а также различных комбинированных (лексико-синтаксических и т.п.) средств данного языка, взаимодействующих на основе общности их семантических функций».

➤ Түркі тілдерінде грамматикалық сыпат бар / жоқ деп санайтын ғалымдарды атаңыз және олардың тұжырымдамаларын топ болып талқылаңыздар

Тілдік материалдармен жұмыс

Сөйлемдерден қимылды аументативті және диминутивті сипатына қарай ажыратыңыз.

Шылдыраған кісен үні бірте-бірте алыстап, үзілер тірлік белгісіндей өшіп бара жатты (Қ.Жұмаділов); Шөңшік биыл үйіне аппақ үзік жауып алыпты: жылдан-жылға дүрілдеп байып барады (Қ.Жұмаділов); Аласа үйдің ауасы ауырлап, балық шырышы мен тер сіңген киімінің күлімсі исі қол қатып бара жатты (Ә.Нұрпейісов). Шөп басында ызылдаған шілде айының есірік желі күшейіп барады (Ә.Кекілбаев); Сонан қанша уақыт өткені белгісіз, көзін ашса ... басы қорғасын құйғандай көтертпейді. Қамшы тиген денесі алаулап жанып, өртеніп барады (Ә.Нұрпейісов).

Аспектуалды семантиканы берілу тәсіліне және түріне қарай ажыратыңыз.

Ақыры, міне, Запарожье казағын басқа жұртқа гибрат болсын деп қазыққа керіп байлап тастады. Оқтын-оқтын санамалап дүре соққан (М.Мағауин); Бір өлімнен қалғансың-ау, жаным? Қазір қалайсың? – деп Естай сұрақты үсті-үстіне бастырмалатты (Қ.Жұмаділов); Сүйек қажалап, тері-терсек, жүн-жұрқаны жұлмалайды (Қ.Жұмаділов). ... Мені оқыс құшақтап алды да, сүйекті ірі кеудесіне қатты қысып, самайымнан жабыса сүйіп, кенет өксіп-өксіп жылап қоя берді (Т.Ахтанов); Ол кенет

босағада, отын үстінде жатқан бір түлкі, бір қоянды көріп, тұла бойын аяз қарығандай мұздап қоя берді (Ә.Нұрпейісов); Кенет мына кісінің ат құлағын қаққандай қос тізесіне көзі түскенде, құман ұстаған қолы қалтырап қоя берді (Ә.Нұрпейісов). Ол келте сүйменмен аумағы жарты кездей жерді тез-тез түйгілеп шықты (Д.Исабеков); Қызыл алманы жіп-жіңішке етіп тілгілеп отыра берді (Д.Исабеков); Мылтықтың дүмімен төбедегі көкіреу мұзды бар пәрменімен ұрғылады (О.Бөкей); Талтайып тұрып тақтай тасты тағы ұрғылады (Ә.Кекілбаев);

Сөйлемдерден персоналдық, темпоралдық және аспектуалдық семантиканы тауып, берілу жолдарына тоқталыңыз.

Ақ тайға ес жигызбастан қайта қарғып мініп алды да, борбайлай қамшылап, құйғыта жөнелді (М.Әуезов); Қазанғап алдына түсіп түйелерді езулеп тартады, ал Едіге болса сүйретпеді тұрып, арттан қамшылайды (Ш.Айтматов); Ибрай орағының жүзінің майысқан тұстарын балғалап түзетті (Ж.Нәжімеденов); Жұмағұл атын қамшылап, асыға шауып келеді (М.Әуезов); Жақып Ғазизаны жұдырықтап, тепкілей бастады (М.Әуезов); Бір-екі жігіт үстеріндегі киімдерін шешіп тастап, қара суға қарғып түскенше қолдары ербеңдеп, апалап кете барған (О.Сәрсенбаев); Хасан балаларының қасына барып қалпақты шешкенде, екі баласы әкелеп қоя берді (Ертегілер); Бала үйге кіріп барды аталап, Бақыт деген шөлдеп кепті қаталап (С.Мәуленов); Отыр бергенде диуананың «хақ!» деген даусы саңқ ете түсті. Ақбілек шошып қалды. Қатын: «көтек!» - деді. Бір бала шыр етіп жылап қоя берді, ересектеуі «апалап» апасына ұмтылды (Ж.Аймауытов); Зейнептің 8-9 жасар ұл баласы бар екен. Аталап Тасболатты шырғалап, соның қасынан шықпай отырды (Б.Майлин); Аталап, алма, өріктей мойын иіп, Тыңдадың ықыласпен үнімді ұйып (К.Әзірбаев). Киімнің май тиген жеріне тұз жағып қойып, содан кейін сабындап жуып тастау керек («Қазақстан әйелдері»). Басын көкірегіне салып, екі иығы бүлк-бүлк етіп, қапелінде жұбана алмай, ұзақ солқылдады (Ә.Кекілбаев); Әсіресе, әне біреу инеліктей қатқан қара қыз алты айырығынан тер ағып, жанталаса селкілдейді (Қ.Жұмаділов); Башпайларым тоқылдап қатып қалған секілді дызылдай бастады (О.Бөкей); Уық солқылдап, кереге шайқалды, шаңырақ сықырлайды (Қ.Сәрсекеев). ... кенет қазір мәңгүрт ұлымен көрісетіні есіне түсіп, есі шығып, тұла бойы қалшылдап, үрей-үркек болды да қалды (Ш.Айтматов); Қатты бораннан оның тұла бойы қалшылдап, дірілдеп, селкілдеп сала берді (М.Дүйсенов); Дір-дір еткен еріндері де жуыспай, тіс тісіне тиіп сақылдап кетті (Ә.Нұрпейісов).

Тұжырым. келісу/келіспеу. дәлелдеу

1 «Функционалды грамматиканың» зерттеу нысаны - тілдің қолданыстық сипаты

А) иә В) жоқ

2 *Функционалды грамматикадағы зерттеу тұлғадан мазмұнға қарайғы ұстанымға негізделеді*

А) иә В) жоқ

3 *«Мазмұннан тұлғаға қарай» зерттеу бағыты:*

А) ономаσιологиялық В) семасиологиялық

4 *ФСӨ-нің құрылымы - өріс негізгі мағынаның арқалайтын тілдік бірліктен және осы мағынаны қосымша беретін тілдік бірліктерден тұрады.*

А) жоқ В) иә

5 *Нәтижелі функция категориялық жағдаят ұғымымен сәйкестенеді.*

А) Иә В) жоқ

6 *Белгілі бір тілдік құралдармен ашық берілген және сөйленім мазмұнынан айқын көрінетін созылыңқылық имплицитті созылыңқылық деп аталады.*

А) Иә В) жоқ

7 *Эксплицитті/имплицитті ұғымдары тек мазмұнды беруші формалды құралдарға ғана емес, тілдік мазмұнға да қатысты болып келеді.*

А) Жоқ; В) Иә

8 *Имплицитті созылыңқылық қимылдың жасалу үстіндегі кезеңі - процестілікпен байланысты.*

А) Иә В) Жоқ

Қажетті әдебиеттер тізімі

- 1 Есперсен О. Философия грамматики. –М.: Изд-во инстранный литературы, 1958. – 404 с.
- 2 Мещанинов И.И. Члены предложения и части речи. – Л.: Наука, 1978. – 387 с.
- 3 Мещанинов И.И. Понятийные категории в языке // Труды ВИИЯ. 1945. – №1.– С. 5-15.
- 4 Колшанский Г.В. Логика и структура языка. – М.: Высшая школа, 1965. – 240 с.
- 5 Кошевой К.К. Суждение и предложение и павловское учение об условных рефлексах. – Пермь: Пермское кни. изд-во, 1959. – 101 с.
- 6 Серебенников Б.А. Язык отражает действительность или выражает ее знаковым способом? // Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира. – М.: Наука, 1988. – 216 с.
- 7 Панфилов В.З. К вопросу о соотношении языка и мышления // Мышление и язык. – М.: Политиздат, 1957. – 407 с.
- 8 Комаров А.П. О внутренних противоречиях языка. –Алма-Ата: Мектеп, 1988. –152 с.
- 9 Талми Л. Отношение грамматики к познанию // Вестник МГУ, Филология. – 1999. –№ 1. – С. 4-6.
- 10 Мухин А.М. Морфологические категории и функциональный синтаксис. – СПб.: Наука, 2002. – 178 с.
- 11 Типология грамматических категорий. Мещаниновские чтения.– М.: Наука, 1975. – 220 с.
- 12 Щур Г.С. Теории поля в лингвистике. – М.: Наука, 1974. – 255 с.
- 13 Гулыга Е.В., Шендельс Е.И. Грамматика-лексические поля в современном немецком языке. – М., 1969. –184 с.
- 14 Шелякин М.А. Функциональная грамматика русского языка. Москва: Русский язык, 2001. – 287.
- 15 Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімі мәселелері. – Алматы, 2013.
- 16 Солтанбекова А. Функционалды грамматикадағы шақтық локалдылық категориясы. - Алматы, 2012.
- 17 Жұбанұлы Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. -Алматы, 2013
- 18 Оразов М. Қазақ тіліндегі дуративті қосымшалар. Ташкент: Наурыз, 1997.
- 19 Маралбаева С. М. Семантика процессности действия и способы ее выражения в казахском языке: автореф. ... канд. филолог. наук. – Алма-Ата, 1991. – 19 с.
- 20 Әбдіғалиева Т. Қазіргі қазақ тіліндегі болымдылық-болымсыздықтың мағынасы мен қызметі. – Алматы, 1996.
- 21 Кунанбаева С.С. Темпоральные отношения в казахском художественном тексте. – Алмат-Ата, 1991.
- 22 Маманов М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. -Алматы, 2007.

- 23 Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары. – Алматы: Мектеп, 1975. – 136 б.
- 24 Гухман М.М. Грамматические категории и структура парадигм // В кн.: Исследование общей теории грамматики. – М.: Наука, 1968. – 174 с.
- 25 Дешериева Т.И. Лингвистический аспект категории времени в его отношении к физическому и философскому аспекту // Вопросы языкознания. – 1975. – № 2. – С. 111-118.
- 26 Бондарко А.В. Теория значения в системе функциональной грамматики: на материале русского языка // РАН Институт лингвистических исследований. – М.: Языки славянской культуры, 2002. – 736 с.
- 27 Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – 784 б.
- 28 Ахметжанова З.К. Функционально-семантические поля русского и казахского языков. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 108 с.
- 29 Бибекөв Қ.Т. Қимылдың соңғы кезеңінің көрсеткіштері мен қолданыстағы мағыналық ерекшеліктері: филол. ғылым. канд. ... авторефер. – Астана, 2003. – 30 б.
- 30 Маралбаева С. М. Семантика процессности действия и способы ее выражения в казахском языке: автореф. ... канд. филолог. наук. – Алма-Ата, 1991. – 19 с.
- 31 Мұқамади Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі қимылдың тездік тәсілінің мағыналық құрамы мен берілу жолдары: филолог. ғылым. канд. ... автореф. – Алматы, 1997. – 27 б.
- 32 Шарапиденова А.Т. Начинательность в системе аспектуальности казахского и русского языков: автореф. канд. ... филолог. наук. – Алма-Ата, 1993. – 22 с.
- 33 Алтынбекова Г. Инхоатив в русском и казахском языках: автореф. ... канд. филолог. наук. – Алматы, 2006. – 30 с.
- 34 Маслов Ю.С. К основаниям сопоставительной аспектологии // Вопросы сопоставительной аспектологии. Вып. I. – Л.: Изд-во ЛГУ, 1978. – 196 с.
- 35 Бондарко В.А. Принципы функциональной грамматики и вопросы аспектологии. – Л.: Наука, 1983. – 208 с.
- 36 Ломов А.М. Очерки по русской аспектологии. – Воронеж: Из-во Воронежского университета, 1977. – 140 с.
- 37 Боргоякова Т.Н. Способы выражения временных отношений между двумя событиями в современном хакасском языке: автореф.... канд. филолог. наук. – Алма-Ата, 1987. – 20 с.
- 38 Зализняк А., Шмелев А.Д. Введение в русскую аспектологию. – М.: Языки русской культуры, 2000. – 224 с.
- 39 Храковский В.С. Некоторые проблемы универсально-типологической характеристики аспектуальных значений // Аспектуальность и средства ее выражения. Вопросы русской аспектологии. Ученые записки Тартуского государственного университета. Выпуск, 537. – Тарту, 1980. – С. 3- 25.
- 40 Козырев В.И. Аспектуальная характеристика безглагольных побудительных высказываний в современном русском языке // Семантика

- аспектуальности в русском языке. Ученые записи Тартуского государственного университета. Выпуск, 625. – Тарту, 1982. – С. 67-83.
- 41 Жаңабекова А. Темпоралдық категориясының бастау ұғымдары // Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. Ғылыми жинақ. – Алматы: Кіе, 2007. – 291-316 бб.
- 42 Панова Г.И. О содержательных типах повторяемости действия в русском языке // В сб.: Функциональный анализ грамматических единиц. – Л., 1980. – С. 41-52.
- 43 Всеволодова М.В. Теория функционально-коммуникативного синтаксиса. – М.: Изд. МГУ. – 2000. – 502 с.
- 44 Юлдашев А.А. Аналитические формы глагола в тюркских языках. – М.: Наука, 1965. – 275 с.
- 45 Ф. де Соссюр. Курсы общей лингвистики // Труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 1977. – 696 с.
- 46 Теория функциональной грамматики. Темпоральность. Модальность. – Л.: Наука, 1990. – 262 с.
- 47 Теория функциональной грамматики. Персональность. Залоговость. – СПб., 1991. – 270 с.
- 48 Теория функциональной грамматики. Субъектность. Объектность. Коммуникативная перспектива высказывания. Определенность. Неопределенность. – СПб., 1992. – 304 с.
- 49 Теория функциональной грамматики. Качественность. Количественность. – СПб., 1996. – 420 с.
- 50 Философская энциклопедия. – М.: Советская энциклопедия, 1970. – 5 т. – 470 с.
- 51 Лингвистический словарь пражской школы. – М.: Прогресс, 1964. – 350 с.
- 52 Бондарко А.В. Функциональная грамматика. – Л.: Наука, 1984. – 124 с.
- 53 Бондарко А.В. Функционирование языковых единиц и вопрос о взаимодействии системы и среды // Проблемы функциональной грамматики. – М., 1985. – С. 22-27.
- 54 Гак В.Г. Высказывание и ситуация // Проблемы структурной лингвистики 1972. – М., 1973. – С. 349-372.
- 55 Марков Ю.Г. Функциональный подход в современном научном познании. Новосибирск: Наука. Сиб. отд-ние, 1982. – 255 с.
- 56 Арутюнова Н.Д. Предложение и его смысл: Логико-семантические проблемы. – М.: Наука, 1976. – 384 с.
- 57 Рысалды Қ. Сын дәрежесі категориясы: функционалды-коммуникативтік табиғаты (қазақ және неміс тілдері негізінде): филолог. ғылым. докт. ... автореф. – Алматы, 2007. – 54 б.
- 58 Нуртазина Б.М. Из опыта функционально-коммуникативного описания семантики таксиса // Функциональная лингвистика: состояния и перспективы. – Алматы, 2003. – 129-137 бб.
- 59 Павлов В.М. Темпоральные и аспектуальные признаки в семантике «временных форм» немецкого глагола и некоторые вопросы теории

грамматического значения // Теория грамматического значения и аспектологические исследования. – Л., 1984. – С. 50-56.

60 Холод С.И. Предельность // неопределенность глаголов движения в современном русском языке: автореф. ... канд. филолог. наук. – Тюмень, 2004. – 28 с.

Тест тапсырмалары

1. «Функционалды грамматиканың» зерттеу нысаны:

- A) сөз құрамы
- B) тіл деңгейлері
- C) тілдің қолданысы
- D) грамматика заңдылықтары
- E) тілдің құрылымдық жүйесі

2. Функционалды грамматикадағы талдау әдісі -

- A) семдік
- B) кешенді
- C) бір жүйелі
- D) көп жүйелі
- E) морфемдік

3. Аспектуалдық категориясы:

- A) объектілік негіздегі ФСӨ
- B) субъектілік негіздегі ФСӨ
- C) предикаттық негіздегі ФСӨ
- D) сандық-сапалық негіздегі ФСӨ
- E) пысықтауыштық негіздегі ФСӨ

4. Қимылдың ішкі өту ағымын сипаттайтын категория:

- A) таксис
- B) модалдылық
- C) персоналдық
- D) аспектуалдық
- E) темпоралдылық

5. Функционалды грамматика сипатына қарай:

- A) саралаушы грамматика
- B) біріктіруші грамматика
- C) анықтаушы грамматика
- D) туындаушы грамматика
- E) толықтырушы грамматика

6. «Өріс» термині алғаш қолданылған тіл білімі саласы:

- A) сөзжасам
- B) фонетика
- C) синтаксис
- D) морфология
- E) лексикология

7. «Өріс» терминін лингвистикаға енгізген ғалым:

- A) И.Трип
- B) Г.Золотова
- C) М.Шелякин
- D) А.В.Бондарко
- E) Д.М.Насилов

8. Қызмет ортақтығы негізінде бірігетін түрлі тіл деңгейі бірліктері:

- A) реляциялық өріс құрайды
- B) ассоциативтік өріс деп аталады
- C) лингвистикалық өріс деп құрайды
- D) лексика-семантикалық өріс құрайды
- E) функционалды-семантикалық өріс түзеді

9. Функционалды грамматиканың негізгі ұғымдары:

- A) функция, категориялық жағдаят
- C) потенциалды функция, лексикалық өріс
- B) синтаксистік қызмет, категориялық жағдаят
- D) категория, грамматикалық категория, функция
- E) функционалды-семантикалық өріс, грамматикалық категория

10. Лексика-семантикалық өріс:

- A) синтаксистік қызметі негізінде бірігетін сөздер жиынтығы
- B) қызметінің ортақтығы негізінде бірігетін сөздер жиынтығы
- C) мағынасының ортақтығы негізінде бірігетін сөздер жиынтығы
- D) дыбысталуының ортақтығы негізінде бірігетін сөздер жиынтығы
- E) түрлену жүйесінің ортақтығы негізінде бірігетін сөздер жиынтығы

11. Қимылдың сыртқы уақытқа қатысын сипаттайтын семантикалық категория:

- A) таксис
- B) модалдылық
- C) аспектуалдық
- D) темпоралдылық
- E) персоналдылық

12. «Функционалды грамматика» терминіне балама:

- A) қызметтік грамматика
- B) деңгейлік грамматика
- C) когнитивті грамматика
- D) генеративті грамматика
- E) құрылымдық грамматика

13. Функционалды грамматикада қарастырылатын өріс түрі:

- A) реляциялық өріс
- B) ассоциативтік өріс
- C) лексика-семантикалық өріс
- D) лексика-грамматикалық өріс
- E) функционалды-семантикалық өріс

14. Функционалды грамматикаға нысан болатын категория түрі:

- A) семантикалық категория
- B) функционалды категория
- C) грамматикалық категория
- D) лексика-семантикалық категория
- E) лексика-грамматикалық категория

15. Көп жүйе талдау әдісі тән грамматиканың түрі:

- A) тарихи грамматика

- В) дәстүрлі грамматика
- С) когнитивті грамматика
- Д) құрылымдық грамматика
- Е) функционалды грамматика

16. Предикаттық негіздегі семантикалық категориялар:

- А) таксис, компаративтілік
- В) аспектуалдық, посессивтік
- С) модалдылық, сын дәрежесі
- Д) модалдылық, посессивтілік
- Е) аспектуалдық, темпоралдылық

17. Функционалды грамматикадағы функция түрі:

- А) нәтижелі функция
- В) потенциалды функция
- С) синтаксистік функция
- Д) тұлға өзгерткіштік функция
- Е) мағына ажыратқыштық функция

18. Лингвистикадағы жағдаят ұғымының анықтамасы:

- А) Жағдаят дегеніміз – сөйлеуші, субъект
- В) Жағдаят дегеніміз – сөйлеудегі объект
- С) Жағдаят дегеніміз – сөйлем мен сөз тіркесі
- Д) Лингвистикада бұл термин қолданылмайды
- Е) Жағдаят - ақиқат шындықтың тілдегі фрагменті

19. Лингвистикадағы өріс түрлері -

- А) реляциялық өріс, функциялық өріс,
- В) сөзжасамдық өріс, морфологиялық өріс, синтаксистік өріс
- С) морфологиялық өріс, лексика-семантикалық өріс, фонетикалық өріс
- Д) лексика-грамматикалық өріс; ассоциативтік өріс; синтаксистік өріс
- Е) рационалды өріс, синтаксистік өріс, функционалды-семантикалық өріс

20. Лексика-семантикалық өрістің ерекшелігі:

- А) лексемалар атқаратын қызметі жағынан бірігеді
- В) өріс түзетін сөздерге түрлену сипат тән болмайды
- С) өзіндік ерекшелігі жоқ, ФСӨ-мен бірдей сипатталады
- Д) өріс түзетін тілдік бірліктердің деңгейлік сипаты әр тектес
- Е) өріс түзетін тілдік бірліктердің деңгейлік сипаты бір текті

21. ФСӨ-ге тән белгілер:

- А) құрылымы көп негізді болып табылады
- В) құрылымы болады, әр тектес тілдік бірліктерден тұрады
- С) құрылымы болады, бір тектес тілдік бірліктерден тұрады
- Д) құрылымы болады, әр тектес тілдік бірліктерден тұрмайды
- Е) құрылымы болмайды, түрлі тектес бірліктердің ретсіз жиынтығы

22. Аспектуалдықтың функционалды-семантикалық өрісі дегеніміз -

- А) қимылдың ішкі өту ағымын білдіретін тек морфемалар
- В) қимылдың ішкі өту ағымын білдіретін тек лексикалық бірліктер
- С) қимылдың ішкі өту ағымын білдіретін тек аналитикалық форманттар
- Д) қимылдың ішкі өту ағымын білдіретін тек грамматикалық формалар

Е) қимылдың ішкі өту ағымын білдіретін түрлі тіл деңгейі құралдары жиынтығы

23. Аспектвалдықтың субкатегориялары:

- А) дүркіндік, етіс
- В) жақ, модалдылық
- С) таксис, персоналдылық
- Д) созылыңқылық, тездік
- Е) тездік, темпоралдылық

24. Лексика-семантикалық өріс тиесілі тіл деңгейі:

- А) сөзжасам
- В) синтаксис
- С) фонология
- Д) лексикология
- Е) семасиология

25. Семантикалық категория дегеніміз:

- А) логикалық категория
- В) әмбебап категория емес
- С) филолософиялық категория
- Д) ұғымдық әрі тілдік категория
- Е) таза лингвистикалық категория

26. Құрылымдық грамматика:

- А) грамматиканы ғана қарастырады
- В) тілдік материалдарды тарихи тұрғыдан қарастырады
- С) әрі саралап, әрі біріктеру принципін ұстанатын грамматика
- Д) түрлі тіл деңгейі бірліктерін жеке-жеке саралап қарастырады
- Е) тілдік бірліктерді топтап, түрлі деңгейді біріктіре қарастырады

27. Функционалды грамматика мен құрылымдық грамматика:

- А) тіл деңгейлері
- В) бірін-бірі толықтырады
- С) бірін-бір жоққа шығарады
- Д) екеуі де сөйлеу жүйесін нысан етеді
- Е) өзара байланысы жоқ грамматикалар

28. Функционалды грамматика лингвистикадағы:

- А) қызметтік бағытпен байланысты
- В) жүйелі-құрылымдық бағытпен байланысты
- С) синтаксистік зерттеу бағытымен байланысты
- Д) фонологиялық зерттеу бағытымен байланысты
- Е) морфологиялық зерттеу бағытымен байланысты

29. Тілдік жүйенің сөйлеу жүйесіне айналуын көрсететін:

- А) нәтижелі функция
- В) потенциалды функция
- С) семантикалық функция
- Д) құрылымдық функция
- Е) синтаксистік функция

30. «Семантикалық функция» тіркесінің ұғымы:

- A) мұндай тіркес жоқ
- B) сөйлем мүшелері дегенді білдіреді
- C) мағыналық тіркестер дегенді білдіреді
- D) мағына дегенге саяды, бірақ одан тарлау
- E) мағына дегенге саяды, бірақ одан кеңірек

31. Ақиқат шындыққа қатысты субъектінің көзқарасын білдіретін категория:

- A) етіс
- B) жақтық
- C) модалділік
- D) шақтылық
- E) аспектілік

32. Таксисті белгілеңіз:

- A) Оқта-текте күйісін қайта бастайды;
- B) Қысқа қатты жылдам оқып шықты;
- C) Бас-аяғы ширек сағаттың ішінде жиналып бітті;
- D) Өлер шағымда тілейтінім осы, - деп кәрі би сөзін шорт үзіп тастады.
- E) Екі аяқ-қолынан ары-бері салмақтап тұрып, көлге лақтырып кеп жіберді.

33. Имплицитті берілген жасалу үстіндегі әрекет:

- A) Тыста боран
- B) Сағат жүріп тұр;
- C) Кітап оқып отыр;
- D) Біреу есік қағып тұр;
- E) Сабаққа бара жатырмын.

34. Сөйленімдегі аспектуалды семантика түрі: «Едіге жезгулі түйеге «шу!» деді де, қамшы басты. Шана қайтадан разъезге қарай зырлады».

- A) әрекетті тежеу
- B) әрекетті аяқтау
- C) әрекетін жалғастыру
- D) әрекетті уақытша тоқтату
- E) аспектуалды семантика жоқ

35. Тар мағынадағы грамматиканың зерттеу нысаны:

- A) сөйлеу жүйесі
- B) морфология саласы
- C) тілдің таза грамматикалық жүйесі
- D) тілдік жүйе және оның қолданылу ортасы
- E) жеке-жеке алынған тіл деңгейлерінің қолданысы

36. Кең мағынадағы грамматиканың зерттеу нысаны -

- A) морфология мен синтаксистік жүйе
- B) тілдік жүйе және оның қолданылу ортасы
- C) жеке-жеке алынған барлық тіл деңгейлері
- D) морфология, сөзжасам, синтаксис деңгейлері
- E) кең мағынада қолданылмайды

37. Реляциялық өріс -

- A) ортақ мағына негізінде топтасатын сөздер жиынтығы

- В) ортақ қызметі негізінде топтасатын сөздер жиынтығы
- С) индивид санасында бір ұғымға қатысты туындайтын сөздер жиынтығы
- Д) ортақ грамматикалық мағына негізінде бірігетін грамматикалық формалар
- Е) бір сөзге қатысты ұғыммен байланысты туындайтын сөздер жиынтығы

38. Аспектуалды семантика түрі: «Үркімбайдың кішкене тұлымды қызы есіктен қашып кеп әкесінің қолтығына кіріп кетті де: Атиабар! Атиабар!– деді».

- А) узуалды
- В) қайталану
- С) интенсивті
- Д) созылыңқы
- Е) жасалу үстіндегі

39. Аспектуалды семантика түрі: *Жайбарақат қимылмен құдықты қазуға кірісті.*

- А) қимылдың шегі
- В) қимылдың нәтижесі
- С) қимылдың басталуы
- Д) қимылдың қайталануы
- Е) қимылдың жасалу тәсілі

40. Аналитикалық формант арқылы берілген қимылдың түрлі реңк үстеле басталуы:

- А) Машинаның соңынан жүгіре жөнелді.
- В) Қораның қиын бұрқыратып жүре бастады;
- С) Шүберекпен радионы тез-тез сүрте бастады;
- Д) Өзеннің қатты ағыны атты батыра бастады;
- Е) Қонақтарды жақсылап күтіп алу үшін дайындыққа кірісті.

ГЛОССАРИЙ

Аналитикалық тәсіл – сөздердің өзара тіркесуі, қосарлануы нәтижесінде пайда болатын грамматикалық мағынаның жасалу жолы.

Аналитикалық форма – грамматикалық мағына жасайтын негізгі сөз бен көмекші сөздің тіркесі.

Грамматикалық мағына – сөздің лексикалық мағынасының жалпылануынан және сөздің түрлі тұлғалар арқылы түрленуінің нәтижесінде немесе басқа сөздермен түрлі қарым-қатынасқа түсу салдарынан пайда болатын сөздерді бір грамматикалық топқа біріктіруге негіз болатын мағына.

Грамматикалық категория – түбір білдіретін жалпы грамматикалық мағынаға өзгеріс енгізбей, тек қосымша грамматикалық мағына үстейтін, парадигмалық сипатта түрленетін грамматикалық формалар жүйесінен тұратын категориялар.

Қимылдың өту сипаты категориясы - іс-әрекеттің уақыт бойындағы ішкі өту ағымын сипаттайтын категория.

Лексика-семантикалық өріс - ортақ мағына негізінде топтасатын лексемалар жиынтығы.

Потенциалды функция – тіл бірліктерінің тілдік жүйедегі белгілі бір семантикалық қызметті орындау қабілеті және соған сәйкес жұмсалымдық қоры.

Ұғым – болмыстағы заттар мен құбылыстардың маңызды белгілерінің адам санасындағы бейнесі.

Ұғымдық категория – жекелеген сөздер мен олардың тұлғалар (форма) жүйесіне емес, тілде әр түрлі құралдармен берілетін сөздердің тобына тән жалпы сипаттағы мағыналы компоненттер.

Ұғымдық категорияның тілдік семантикалық интерпретациясы - ұғымдық категорияның семантикалық функцияға өтуі.

Семантикалық тәсіл – лексикалық мағынаның абстракциялануы арқылы жалпы грамматикалық мағынаның пайда болуы.

Семантикалық функция – түрлі тілдік құралдар мағынасының жұмсалымы және сол жұмсалымның нәтижесі.

Синтетикалық тәсіл – қосымша рақылы грамматикалық мағынаның берілуі.

Семантикалық тәсіл – лексикалық мағынаның абстракциялануы арқылы жалпы грамматикалық мағынаның пайда болуы.

Синтетикалық тәсіл – қосымша рақылы грамматикалық мағынаның берілуі.

Синтаксистік өріс – объективті шындықтағы түрлі қатынастардың жалпы бейнесін білдіретін синтаксистік мағынасының жақындығы негізінде бірігетін синтаксистік модельдер топтамасы.

Тілдік құралдардың қызметі – олардың тіл жүйесінде белгілі мақсатта қызмет атқара алатын қабілетінде және қызмет пен қызметтің нәтижесі.

Функционалды грамматика – тіл бірліктерінің қызметін зерттейтін грамматика. Функционалды грамматика әр түрлі тілдік деңгейде болады, бірақ семантикалық қызметі бір құралдарды бірге қарастырады.

Функционалды лингвистика – қатынас құралдары ретінде тілдің қызметіне басты назар аударатын құрылымдық лингвистиканың бір тармағын құрайтын бағыттар мен мектептер.

Функционалды-семантикалық өріс – белгілі бір семантикалық категорияның негізінде өзара қатынаста болатын тілдің әр түрлі деңгейдегі құралдар жүйесі (морфологиялық, синтаксистік, сөзжасамдық, лексикалық және т.б.).